Локализация в «Джахāн-нāме» на крайнем западе «Счастливых островов» (Джазā'ир суадā) и «Вечных островов» (Джазā'ир хāлидāt) говорит о традиции восходящей к Птолемею, начало которому в арабской географической литературе положил Мухаммад ал-Хбрезмй.

Географический трактат Ибн Наджйб Бакрāна содержит интересные историко-географические подробности, которые касаются некоторых стран

и регионов, в том числе Казахстана и Средней Азии. Рисуя общую картину содержания своего труда, Ибн Наджйб Бакрāн констатирует: «Это собрание сведений, в котором описывается человечество». При этом, конечно, он имел в виду не собственно историю, а разнообразную информацию о географических представлениях ойкумены. Краткие сведения охватывали два континента: Евразию и Африку. Фактические данные обнимали обширную территорию от Италии и Испании на западе до Китая, Кореи (Шила, неверно Басила) и Японии (Ваквак) на востоке; от северных областей Тюрков и Саклаб до острова Цейлона (Сарандиб) и Явы (Джабе) на юге.

Большой интерес представляют сведения «Джахāн-нāме» по исторической географии Казахстана и Средней Азии. Пристальное внимание Ибн Наджйб Бакрāн уделяет Каспийскому бассейну и в целом, Арало-Каспийскому региону. Каспийское море предстает под тремя названиями – Абескун, море Хазар и Гурган. Дается описание фауны, в частности, говорится о крупных рыбах, которых вывозят в ряд городов, а также упоминается животное «водяная собака» [5, с. 140], чье внешнее описание совпадает с тюленем. На восточном побережье Каспия локализованы горы Сиях-Кух, где были источники воды и пастбища. Эти сведения были заимствованы у ал-Истахри. Вместе с тем Ибн Наджйб Бакрāн в этот контекст вводит информацию о Манкышлаке, о котором нет упоминаний в труде ал-Истахрй. Из исследовательской литературы известно, что Сиях-Кух более раннее название Мангышлака. Впервые горы Мангышлак упоминаются в географическом сочинении ал-Мукаддаси под термином «Бинкишлах» [11, с. 355]. Топоним Мангышлак затем появляется у ал-Бйрūнй (XI в.) в его «ал-Кāнūн ал- Мас'ūdй» (Кāнūн ал-Мас'ūdй), он упоминается также как гора, но в форме «Банхишлāг» [19, с. 47]. Затем географическое название Мангышлак показан на круглой тюркской карте мира Махмуда ал-Кашгари. К востоку от западной оконечности Каспийского моря локализован «Мāн қишлāг» (написанное в два слова), о котором в словаре говорится как «о местности в землях огузов» [12, с. 387; 20, с. 118]. Далее он фиксируется в документах XII в., как топоним Манқышлāг [21, с. 34, 44, 79]. Идентичное написание дает Ибн Наджйб Бакрāн в «Джахāн-нāме», где определяет Манқышлāг, как племенное название [5, с. 160-161], более не встречаемое в источниках. Наряду с этим он упоминается в значении топонима – «жители Манқышлāга». Как известно через Мангышлак шел важный торговый путь из Восточной Европы и Поволжья в Среднюю Азию.

Аральское море по данным Ибн Наджйб Бакрāна известно как Хорезмское озеро. Вместе с тем он называет это море как Джендское озеро [5, с. 141, 148-149, 160], что весьма любопытно, ибо до автора «Джахāн-нāме» озеро нигде не называлось «Джендским». Этим самым Ибн Наджйб Бакрāн подчеркнул большую значимость города Дженда, которую он обрел, очевидно, в эпоху кипчакского политического возвышения, когда нижнее течение Сырдарьи с ее городами и крепостями принадлежало кипчакским



ханам. Именно в правлении хорезмшаха Атсыза (1128-1156 гг.) усилилась борьба между этими государствами за важный стратегический регион. Атсыз всячески пытался завладеть в середине XII в. городом Джендом - наиболее крупным, укрепленным и торговым центром. Скорее всего, именно в этот период появилось название «Джендское озеро». В Аральское море впадали Сырдарья (река Чача и Ферганы) и Амударья (река Хорезма). Привлекает внимание мнение Ибн Наджйб Бакрāна о том, что в Джендском озере «где-то есть сток воды, где вода из него вытекает» [5, с. 141]. Средневековые авторы полагали, что между Аральским и Каспийским морем есть подземная связь. В современных условиях экологического кризиса на Аральском море данные Ибн Наджйб Бакрāна вселяют надежду на возрождение в перспективе Аральского моря.

В ряду разнообразной информации имеются любопытные сведения по этноисторической истории. Упоминание каракитаев (хита, кита) можно отнести к аутентичным сведениям Ибн Наджйб Бакрāна ввиду того, что в его время хорезмшахи находились с каракитаями в сложных взаимоотношениях. Вместе с тем у него содержатся данные о каракитаях, относящиеся к более раннему времени. В «Джахāн-нāме» приводится информация о каракитаях, якобы «дошедших с битвами по пути до пределов Баласагуна. Там никто им не препятствовал, и они там поселились» [5, с. 160]. Так обрисована картина прихода каракитаев в Жетысу. Видимо, стремление к краткости изложения сказалось на объективности этих фактов. Вот как описывает эти события арабский историк Ибн ал-Асйр (XIII в.), которому принадлежат наиболее подробное и достоверное их изложение. Около 1130 г. караханидский владетель города Баласагуна призвал каракитаев, расселявшихся на р. Эмиле, на помощь против тюркских племен канглы и карлуков. Каракитаи, оказав помощь караханиду и лишив его ханского титула, заняли Баласагун и основали собственное государство в Жетысу [22, с. 55-57; 23, с. 50]. Несомненно, все факты из источника должны быть подвергнуты сравнительно-историческому анализу в корпусе письменных памятников.

По материалам «Джахāн-нāме» «истоки р. Чача (Шаша) со стороны Туркестана поблизости от Чигиля... затем река впадает в озеро Дженда» [5, с. 149]. Сведения об истоках Сырдарьи, связанные с названием племени чигиль в Туркестане, носят оригинальный характер. В других источниках об истоках р. Чача, чигили, относящиеся к карлукским племенам, нигде не встречаются. Упоминание чигилей в данном контексте, как показывает опыт источниковедческих изысканий, должно быть связано со временем укрепления политических устоев чигилей. Так период политического возвышения чигилей отражен на круглой карте мира Абū Зайд ал-Балхй. На карте мира рукописи ал-Балхй «Зикр ал-масāфāt ва сувар акālйм» (Упоминание о расстояниях и изображения климатов) к востоку от карлуков были указаны чигили, что указывает на период усиления объединения чигилей в Жетысу, когда они оказались на гребне политической волны [24, с. 64]. Ни у ал-Истахрй, ни у Ибн Хаукаля, почти полностью использовавших

труд ал-Балхи, нет никакой информации о чигилях, которые не упоминаются ни в их сочинениях, ни на географических картах. На карте ал-Балхи отражены реалии, относящиеся к концу IX-нач. X в. Скорее всего этим же временем можно датировать сообщения Ибн Наджйб Бакрāна о чигилях. Сведения о тюркских племенах и их расселении в целом носят краткий и отрывочный характер. Однако они важны при сопоставлении их с информацией других источников.

К Арало-Каспийскому региону относятся важные сведения Ибн Наджйб Бакрāна о нефти и природном газе. В «Джахāн-нāме» заключена любопытная информация: «А нефть (нафт) представляет собой масло, и ее также добывают из колодцев в земле. И бывает она зеленая, белая и черная. Что касается зеленой, то она находится в Хазарском Дарбанде, белая – в Баку и Мукане, а черная – в пределах Балхана; и есть места, где добывают её с помощью подземных каналов<sup>2</sup> и везут в разные места. А черную нефть превращают в белую капельным путем. Этот процесс называют дистилляцией (тактйр)» [5, с. 175].

Город Дербент на западном побережье Капийского моря находился под властью хазар вплоть до X в., этим можно объяснить как появление топонима Хазарский Дербент, так и датировать этим временем сведения о нефти, приводимые в «Джахāн-нāме». В тексте достаточно информативно сказано о путях добычи, ее видах, регионах распространения и торговле нефтью. Как известно, цвет нефти это показатель степени очистки от смолистых примесей. Черная нефть является наиболее распространенной в природе. Из черной нефти путем перегонки получали белую нефть, которая впоследствии была известна как керосин. Но бывает и природная белая нефть. Эта нефть согласно Ибн Наджйб Бакрāну была в Баку и Мукане. О белой нефти в Баку знаменитый путешественник ал-Масуди отмечал, что такую нефть нигде в мире он не видел [26, с. 174]. В новейшее время в Баку на Апшероне добывается белая нефть, которая почти не содержит парафина. Черная нефть находилась в пределах Балхана. Большие и Малые Балханские горы находятся на востоке Каспийского моря в одном регионе с Мангышлаком. Зеленая нефть была связана с Хазарским Дербентом.

Наиболее ранние сведения о нефтяных источниках приводит ал-Мас'удй в своем труде «Мур'удж аз-захаб ва ма'āдин ал-джавāхир» (Промывальни золота и рудники самоцветов). Согласно данным ал-Мас'удй и в особенности более полным сведениям Йāк'ута (XIII в.) в Баку добывали белую, желтую, черную и синюю нефть из двух источников [25, с. 174; 26, р. 25; 27, с. 350]. Здесь не упоминается зеленая нефть. Вероятно, зеленая это смесь желтого и синего нефтяного источника. Нефть была прибыльной статьей торговли. Каждый источник нефти, по словам Йāк'ута, давал в день одну тысячу дирхемов. Добытую нефть в кожаных мешках на верблюдах вывозили в Персию, Индию, Сирию и другие страны. Современник Ибн

---

<sup>2</sup> Вероятно, имеется в виду сооружение типа *кариза* – подземного канала между колодцами, позволяющего выводить жидкость (воду, или, как в данном случае, нефть), самотеком на поверхность.

Наджйб Бакрāна анонимный автор сочинения «'Аджā'иб ад-дунйā» (Чудеса мира), конец XII-нач. XIII в., также отмечает, что товарами Баку были черная, белая и зеленая нефть. Наряду с этим Ибн Наджйб Бакрāн приводит данные, указывающие на наличие природного газа в Баку: «В пределах Ширвана и Баку на земле есть местность, где в двух местах горит огонь, в одном месте побольше, примерно тысяча гязов<sup>3</sup> на тысячу, в другом – поменьше, примерно сто гязов на сто. Днем идет дым, а ночью – огонь... высота огня летом – в рост человека, а зимой – на высоту копья». Аноним «'Аджā'иб ад-дунйā» в рамках этой тематики констатирует, что «земля Баку всю ночь горит как огонь» [28, с. 189]. Природные богатства Капийского региона были известны издавна и их использовали в практических целях и торговых сделках.

Во многих главах трактата большое внимание уделяется удивительным вещам и чудесам, популярным на всем Востоке еще со времен Сасанидов. Такова была потребность занимательного читателя того времени. Между тем включение неаутентичных сведений «'аджā'иб» в общую систему письменной историографии позволяет радикально пересмотреть ценность содержащейся информации – географической, этнографической и фольклорной.

Сочинение Ибн Наджйб Бакрāна интересно также с точки зрения понимания менталитета населения эпохи предмонгольского нашествия. Было бы полезно провести сравнительный исторический анализ с более поздними источниками для выяснения изменения представлений людей об окружающем мире.

Как показывает исследовательский опыт ученых, возможности источниковедческого анализа исторического факта, в известном смысле, неисчерпаемы, как благодаря множественности подходов, так и непрерывно меняющейся перспективы научных достижений.

В целом, «Джахāн-нāме» Ибн Наджйб Бакрāна, как важный своеобразный географический памятник содержит интересные историко-географические сведения, не столько об общих географических представлениях всей ойкумены, сколько об областях и регионах, в том числе о территории современных Казахстана и Центральной Азии.

### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:**

1. Об истории изучения арабской, персидской и тюркской средневековой историко-географической литературы и картографических памятников: Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. Соч. Т.IX. Москва, 1977; Крачковский И.Ю. Арабская географическая литература. Т.IV. Москва-Ленинград, 1957; Brockelmann C. Geschichte der arabischen Litteratur Bd. I. Weimar 1898; Bd. II. Berlin, 1902; Miller K. Mappae arabicae. Arabische Welt - und Länder karten des 9-13 Jahr. Bd. I-VI. Stuttgart, 1926-1931; Spuler B. Historiography in Muslim Persia // Journal of the Pakistan.

---

<sup>3</sup> Один гяз равен в разных странах от 91 до 97 см.

Historical Society. Karachi, 1958; Rosenthal F. History of the Muslim Historiography. Leiden, 1952; Fück J. Die Arabischen studien in Europa (bis in den Anfang des 20. Jahrhunderts). Leipzig, 1955; Гибб Х.А. Арабская литература. Классический период. Москва, 1960; Стори Ч.А. Персидская литература: Био-библиографический обзор. Ч. 1-3. Переработано и дополнено Ю.З. Брегелем. М., 1972; Tarif Khalidi. Arabic historical thought in the Classical period. Cambridge, 1994; Şeşen R. Müslümanlarda Tarih-Coğrafya Yazıcılığı. Istanbul, 1998; Idem. Islâm Coğrafyacilarına göre Türkler ve Türk Ülkeleri. Ankara, 2001; Göckenjan H., Zimonyi I. Orientalische Berichte über die Völker Osteuropas und Zentralasiens. Wiesbaden, 2001 (Veröffentlichungen der Societas Uralo-Altaic, Bd. 54); Sezgin F. Islam'da Bilim ve Teknik. C.I-V. Ankara, 2007; Кумеков Б.Е., Кумекова Р.Б. История Казахстана в арабских источниках. Извлечения из арабских географических сочинений IX-XII вв. Вступительная статья, перевод с арабского, комментарии, тексты и факсимиле. Т.2. Алматы, 2010.

2. Ал-Идриси. Нузхат ал-муштак фи ихтирак ал-афак. Т.1, Каир, 1994, с. 6-7.

3. Ал-Идриси. Сурат ал-ард. Багдад, 1951; Крачковский Ю.И. Избранные сочинения. Т. 4, Москва-Ленинград, 1957, с. 294.

4. Мухаммад ибн Наджиб Бакран. Джахан-наме (Книга о мире). Издание текста, введение и указатели Ю.Е. Борщевского. Москва, 1960, с. 10.

5. Мухаммад ибн Наджиб Бакран. Джахан-наме (XIII в.). Вступительная статья, переводы с персидского на казахский, русский и английский языки Б.Е. Кумеков и Н. Тобыш. Астана, 2021, с. 148.

6. Крачковский Ю.И. Избранные сочинения. Т. 4, Москва-Ленинград, 1957, с. 87.

7. Халидов А.Б. Арабские рукописи и арабские рукописные традиции. Москва, 1985, с. 75.

8. Ибн ал-Факих. Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия Мешхедской рукописи Института восточных рукописей, ФВ-202. Санкт-Петербург, л. 171б.

9. Ал-Истахри. Ал-Масалик ва-л-мамалик. Каир, 1961, с. 130.

10. Абу Зайд ал-Балхи. Китаб сувар ал-акалим ас-саб'а. Институт рукописей Лиги арабских стран. Каир, Л. 74а.

11. Ал-Мукаддаси. Ахсан ат-такасим фи маарифат ал-акалим. ВГА, III, с. 274-275.

12. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. Т. I. Стамбул, 1915, с. 56, 393.

13. Демидчик В. П. Описание Волги в «Книге изображения земли» арабского географа X в. Абу-л-Касима ибн Хаукаля // Изв. ООИ АН ТаджССР. № 2. Душанбе, 1962, с. 56.

14. Minorsky V. Hudud al-Alam. «The Region of the World». A Persian Geography 372 A. H. – 982 A. D. London, 1937, с. 216.

15. Ал-Мас'уди. Ат-танбих ва-л-ишраф. Бейрут, 1993, с. 71.

16. Гардизи. Зайн ал-ахбар (Бартольд В.В. Соч. Т. 8. Москва, 1973), с. 27 (текст), 44 (перевод).
17. Sharaf al-Zaman Tahir Marwazi of China, the Turks and India. Arabic text with an English translation and commentary by V. Minorsky, London, 1942, Arabic text, p. 22.
18. Ал-Мукаддаси. Ахсан ат-такасим фи маарифат ал-акалим. BGA, III, с. 355.
19. Al-Biruni's Picture of the World. (Sifat al-mamura ala l-Biruni). Ed. by A. Zeki Walidi Togan. MASI, № 53. New Delhi, 1941, p. 47.
20. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. Т. 3, Стамбул, 1917, с. 118.
21. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. 1. Тексты. Санкт-Петербург, 1898, с. 34, 44, 79.
22. Ibn-el-Athiri. Chronicon quod perfectissimum inscribitur, ed. C.J. Tornberg, vol. XI, 1875, p. 55-57;
23. Бартольд В.В. Сочинения, Т. I. Ч. I. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Москва, 1963, с. 50.
24. Кумекова Р.Б. Карта мира Абу Зайда ал-Балхи (X в.) как источник по истории Казахстана // Вестник КазНУ. Сер. истор. №3 (54). Алматы, 2009, с. 64.
25. Ал-Мас'уди. Мурудж аз-захаб ва ма'адин ал-джаухар. Бейрут, 2005, с. 174.
26. Macoudi. Les Prairies d'or. Texte et traduction par C. Barbier de Meynard, T. II. Paris, 1862, p. 25;
27. Бартольд В.В. Сочинения, Т. III. Москва, 1965, с. 350.
28. Аджа'иб ад-дунйā (Чудеса мира). Критический текст, перевод с персидского, введение, комментарий и указатели Л.П. Смирнова. Москва, 1993, с. 189.

*Мәсімханұлы Дүкен, Әбиденқызы Айнұр*

## **«ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ» ЖӘНЕ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТИ**

*Аннотация.* Бұл мақала ежелгі "Жібек жолына" және оның қытай мәдениеті мен өнерінің дамуына, елдің әлеуеті мен жалпыұлттық руханиятқа оң әсерін тигізеді. Тарихи және жаңа ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, мақалада ежелгі "Жібек жолы" аспан елінің дәстүрлі мәдениетін дамытуда, атап айтқанда, қытай өнерінің, әсіресе бейнелеу өнерінің тез дамуында кеңінен қолданылады деген болжамдар келтірілген, нәтижесінде ол білім мен жалпы ұлт санасында көрініс тапты.

*Түйін сөздер:* ежелгі Жібек жолы, қытай, қытай әдебиеті, Қытай өнері.

*Масимханулы Дукен, Абиденкызы Айнур*

## **«ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ» И КИТАЙСКАЯ КУЛЬТУРА**

*Аннотация.* Данная статья посвящена древнему «Шелковому пути» и его положительному влиянию на развитие культуры и искусства Китая, потенциал страны и общенациональную духовность. На основе исторических и новых научных данных в статье приведены гипотезы, что древний «Шелковый путь» широко используется в развитии традиционной культуры Небесной страны, в частности, в быстром развитии китайского искусства, особенно изобразительного искусства, что в итоге отразилось на образовании и в целом сознании нации.

*Ключевые слова:* древний шелковый путь, Китай, литература Китая, искусство Китая.

*Massimkhanuly Duken, Abidenkyzy Ainur*

## **«THE GREAT SILK ROAD» AND CHINESE CULTURE**

*Abstract.* This article is dedicated to the ancient "Silk Road" and its positive impact on the development of China's culture and art, the country's potential and national spirituality. Based on historical and new scientific data, the article cites the hypothesis that the ancient "Silk Road" is widely used in the development of the traditional culture of the Celestial country, in particular, in the rapid development of Chinese art, especially fine art, which ultimately affected education and the overall consciousness nation.

*Key words:* ancient silk road, China, literature of China, art of China.

### **1. Жібек жолы кезеңіндегі Қытай әдебиеті**

«Ұлы жібек жолының» тарихын, ауқымын таныстырып, оның адамзат мәдениетінің дамуындағы атқарған рөліне баға беру біздің бұл еңбегіміздің басты мақсұты емес. Алайда түпнүктесін, бастауын қытайдан алған, алғаш қытайда тапқырланып, сонда өнідірілген матаның атымен аталған «Ұлы жолдың» Аспан асты елі мәдениетінің дамуына тигізген ықпал-әсері де есте анау айтқандай осал болған жоқ. Шығыс пен Батыс әлемін сауда керуендері арқылы тоғыстырған «Ұлы жібек жолының» бойымен барған-келген адамдардың арасында кім болмады дейсің?! Сол адамдардың ақыл-парасаты, сана-сезімі, көрген-білгені, өнері мен білім-білігі арқылы ақыл ауысып, ырыс жұғысып жатты. Сол қатарда қытайдың дәстүрлі мәдениеті мен өнері де өзгеріп, жаңғырып, толысып, гүлденіп жатқаны жасырын емес. Бұған көз жеткізу үшін Қытай әдебиеті мен өнерінің «Ұлы жібек жолы» кезеңінде қандай даму баспалдақтарынан өткеніне шамалы назар аударсақ та жеткілікті.

Қытай елінің әдебиеті көне әлемнің басқа мемлекеттерінің әдебиеті сияқты таза эстетикалық құбылыс емес, практикалық қызметтің міндетті құрамдас бөлігі ретінде туындады. Қытай тілінде жазылған ең бірінші жазба мәтіндер «Балнама» («尚書») болып саналады, олар көбіне кез келген өткір құралмен тасбақа сауытына немесе малдың ауырын сүйегіне жазылатын еді[1.107]. Мысалға, билеуші аңшылыққа шығуы табысты болатынын білгісі келіп, өз сұрағын тасбақа сауытына жазылуын және сауытты отқа салуды бұйыратын. Арнайы жорушы құдайдың «жауабын» оттың әсерінен пайда болған жарықтар сипатына сәйкес жоритын. Уақыт өте жазбаларға арналған арнайы материал ретінде қола (көне патшайымдардың бұйрығы бойынша үлкен салттық құмыраларына сыйлық немесе басқа да жазбалар салынды) пайдаланатын болды. Б.з.д. I мыңжылдықтың басынан бастап қытайлар жазу үшін бамбук тақтайшаларын қолдана бастайды. Әрбір тақтайшаға шамамен қырық иероглиф (сөздер) сыятын. Содан кейін әрбір тақтайшаны жіпке өткізіп, топтап, бір байламға біріктіретін. Сол себепті ең алғашқы қытай кітаптарының қандай ауыр және үлкен болғанын елестету еш қиындық тудырмайды. Әрбір кітап бірнеше арбаны тұтасымен алды.

Б.з.д. VIII ғасырлардан бастап қытайлар жазу құралы ретінде жібекті қолдана бастады [2]. Бірақ та бұл материалдың қымбатшылығы біздің жыл санауымыздың басында қағазды ойлап табуға мәжбүр етті, осының нәтижесінде жазба сөздің кең таралу мүмкіндігі пайда болды.

Көне дәуірдегі қытайлар «әдеби шығарма» деген ұғымды «вэнь» (文 → 文) сөзімен белгілейтін, ол алғашында сурет, ою дегенді білдірді. Куң Фуцзы дәуіріне келгенде, яғни б.з.д. VI ғасырда «вэнь» сөзі жазба сөздің мәні ретінде және сәйкесінше көне даналардың шығармаларында қалдырылған мұра ретінде қабылдана бастады. Әдеби шығарманы барлық жазба ескерткіштердің жиынтығы ретінде түсіну қабілеті ең бірінші қытай тарихшысы мен библиографы Бань Гудан (班固 б.з. 32-92 жж.) байқалады. «Ханьнам а» (汉书) атты ресми шығармасын құрастырда ол арнайы «Өнер мен әдеби шығарманы сипаттау» бөліміне орын қалдырды. Бань Гу бұл

бөлімде бес жүз тоқсан алты шығарманы жинақтап алды да, оларды алты тарауға бөлді: канондық кітаптар, философтар шығармалары, чи өлеңдері мен фу поэмалары, әскери ғылым жайлы трактаттар, астрология шығармалары мен медициналық еңбектер. Әрбір тарауда құрастырушы автордың өзіне тиісті ұсақ мақалалары мен шығарма тобының ерекшелігін сипаттайтын қысқа ескертпелері болды [3,61 б.]. Бань Гу библиографиясы бізге көне Қытай елінде жазба әдебиеттің қандай типтері болғанын және сол уақытта өмір сүрген қытайлардың әдеби шығармаларының құрылымының қалай болғанын елестетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ аталған еңбек көне шығармалардың қанша пайызының бізге жетпей қалғанын мөлшерлеуге де көмектеседі.

Бань Гу кезінде Куң Фуцзылық ілім мемлекеттік идеология ретінде қабылданғасын, әрине,оның бірінші орынды Куң Фуцзылық канондарға беретіні түсінікті: «Өзгеріс кітабы» (易经- «Ицзин»), «Тарихнама» (史记- «Шицзи»), бұлардың ішіне тек тарихи деректер ғана емес, сол көне патшалықтың 305 өлеңі жинақталғаны белгілі. Сонымен қатар Бань Гу бұл еңбегіне салттарды реттейтін «Салттар кітабы» (礼记-«Лицзи»), «Жырнама»(诗经-«Шицзин»), «толғаулар» (乐记 - «Юэцзи»), Лу патшалығының әйгілі жазбалары «Көктем мен Күз» (春秋- «Чуньцю»), «Талқы мен тағылым» (论语- «Луныюй») сияқты шығармаларды қосты. Бұл шығармалар Куң Фуцзы мектебінің негізін құрады және Қытай елінде көптеген ғасырлар бойы әрбір салауатты адамның міндетті игеретін білімі ретінде қарастырылды[3,59 б.].

Куң ұстаз сол заманда-ақ рухани айналымға көркем әдебиеттің дамуы үшін аса маңызды үлес болып табылатын «Жырнаманы» (诗经- «Шицзин») қосты. Төрт тараудан тұратын («风», «大雅», «小雅», «颂» «салт жырлары», «Ұлы одалар» «Кіші одалар» және «мадақ жырлары») бұл поэтикалық жинақ біздің заманымызға дейінгі көне лирикалық және мадақ поэзияның алуан түрлі үлгілерін жеткізді. Әрине, тұтас еңбектен сол замандағы мешеу тірлік пен қораш ойлардың лебі еспей тұрмайды. Дегенмен ондағы өлеңдерден біз көне некелік салттар жайлы, қайтыс болған патша-патшайымдармен бірге тірі адамдарды жерлеу дәстүрі жайлы («Сары құстар самғап барады») біле аламыз. «Жырнамадағы» өлеңдер бойынша толық «Ай сөздері» өлеңінде сипатталған егінші қамын және патшаның жанындағы адамдардың тынышсыз өмірін («Шығыста түн жарымындағы қараңғылық», «Сарай қызметшісінің шағымы») көруге болады. Ол өлеңдерде сарай қызметшілері ұсақ қателіктер немесе кешігулер үшін қатаң жазалауға тартылғаны жайлы және сол кезеңдегі аңшылардың ерлігі жайлы («Шу аңшысы...»), сонымен қатар күйеуі алыс сапарға кеткен жалғыз қалған әйелдің қам-қайғысы жайлы сипатталады, яғни өлеңде сыйпатталуынша аңшылар батыл түрде жолбарыстармен жекпе-жектерге шығып жүрді [4, 13 б.]. Бір қызығы «Жырнамадағы» өлеңдерде қоғамның қарама-қарсы таптарға ажырауы онша білінбейді.



Ал сәл кештеу шыққан өлеңдерде мысалға, «Ай сөздері», «Тышқандар» (автор егіншілерден өнімді тартып алатын иелерді тышқанға теңеді) сияқты өлеңдерде егіншілердің өз қожайындарына қатысты наразушылықтарының алғашқы белгілері байқалады. Бірінші өлеңде қожайындар әрдайым аңшылықтан тапқан барлық жабайы шошқаларды тартып алатыны жайлы немесе екінші өлеңде қарапайым шаруалар қожайындарынан кетіп, жаңа бақытты жерді іздеуге бел бұғаны жайлы баяндалады.

«Жырнамадағы» өлеңдердің бізге жеткен жазба нұсқалары тұрақты ұйқасы бар төрт күрделі тақпақ жолдарынан тұратын өлең болып табылады. Бұл өлеңде көбіне би мен ойын салаларымен байланыс сезіледі. Өз заманында ондағы кейбір өлеңдерді еркектер немесе әйелдер әндетіп хормен айтқан болуы да мүмкін.

Еңбектерінің кей тұсында Бань Гу поэтикалық әдебиетті сипаттауға орын беріп отырды. Әдебиеттің бұл түріне ол өзінің уақыты кезінде жетекші екі жанрдағы шығармаларды жатқызды: поэмалар – юефу (乐府) және өлеңдер – гэши(歌诗). Егер де гэши өлең ретінде айтылса, онда юефу мәнерлеп айтылады, олар проза түрінде жазылса да, ұйқастырылып жазылады, демек ол поэзия мен проза арасындағы аралық құбылыс болып табылады.

Жазықсыз жала жабылып, қызметтен қуылған Чүй Юань атамекеніне деген сағыныш, патша туралы мадақ поэмалар жазды. Оның шығармалары негізінен осындай жан күйзелісін жеткізді. Осы кезеңнің қаламгерлері құрастырған юефу поэмаларының негізгі мәні көне өлең мағыналарына ұқсас болды. Олардан кейін Сяң Юй, Тан Лэ, ал Хань династиясының кезінде: Мэй Шэн, Сыма Шяң-жу және Хань династиясы кезеңінің соңында Юй Жи – барлығы да сөздердің алуан түрлілігінде және молшылығы тұрғысынан жарысты. Бань Гудың айтуы бойынша: олар юефу жанрының эволюциясы мен ерекшеліктеріне енді аллегориялық және ғибратты мән қоспады. Сонымен қатар юефу поэмалары көбіне үш бөлім формасында жазылып, кіріспеден (сюй), негізгі бөлімнен (фу) және қорытындыдан (луань және сюнь) тұрды. Кіріспе көбіне ақын мен сол уақыт билеушісі арасындағы әңгіме формасында жазылып, онда поэманың негізгі ойы көрсетіліп, ол соңыра екінші бөлім, яғни негізгі бөлімде толық ашылды, ал қорытындыда автор өз резюмесін тіркеп, сипатталған оқиғаларға өз көзқарасын берді.

Бань Гу өз библиографиясының бір тарауына фу-поэмаларын және гэши-өлеңдерін біріктірді. Бань Гудың жинап-құрастырған жиырма сегіз өлеңдер жинағынан біздің заманымызға ешқайсысы жетпеді, бірақ олардың аттары өлеңдердің көбіне жекеленген аймақ өлеңдері немесе салт өлеңдер жинағы болғанын көрсетеді, мысалға, «Құдайларға арнап өлең айту» немесе «Жанды қарсы алу немесе шығарып салу кезінде айтылатын мадақтар».

Көне Қытайда барлық өлеңдер, атап айтқанда, «Дала пікірлері» көбіне қызметшілердің және қарапайым адамдардың көңіл күйін анықтау мақсатында жинақталды. Б.з.д. 140-86 жылдарда билік басында болған Шяу-Уди император сол себепті арнайы ән-жыр сарайын – Юэ фу құрылуын

ұйымдастырды. «Шяу Уди императордың билік құрған кезеңінен бастап, императордың пәрменімен ән-жыр сарайы құрылғаннан кейін халық өлеңдері жинақтала бастады. Осылайша Дао және Чжао аймақтарының өлеңдері, Цинь және Чу әуендері барлық жұртқа мәлім болды, ол өлеңдерде бақыт пен қайғы сезімдері сезілді, олардың пайда болуы алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туындады және ол сезімдер негізінде халықтың дәстүрлері мен мінезі жайлы, олардың кемшіліктері мен артықшылықтары жайлы білуге болатын», - деп Бань Гу басында шамамен алты жүз шенеуніктерден тұрған Ән-жыр сарайының қоғамдағы ролін анықтады. Оның жинақтаған шығармалардан біздің заманымызға шамамен жүз елу туынды ғана жетті.

Жібек жолы кезеңінің басында Қытай әдебиеті, соның ішінде көркем әдебиет мәдениеттің өзген түрлерінен бөлініп шығып, онша анық айқындалмады және әдеби шығармалардың басқа түрлеріне қарсы қойып салыстырылмады, соның ішінде, тарих пен діни уағыздарды айтпағанның өзінде, медициналық және әскери трактаттар да қамтылып жатты. Сонымен қатар білімнің алуан түрлі салаларына қатысты көне трактаттар айқын, мәнерлі тіл негізінде жазылды, олар көбіне әдеби, стилистикалық өңдеуге және сирек түрде ырғақтылыққа тартылды.

Көне Қытай елінде біртіндеп орта ғасырларда көркем бірақ сюжетсіз проза секілді жаңа жанрлар туындай бастайды. Бань Гу өмір сүрген кезде бұл жанрлар әдебиет ортасына енді-енді ене бастайтын. Олардың көбісі өзінің пайда болуы кезінде жеке дара жанр ретінде қабылданбады. Бұндай жанрларға «Тарихнама» жинағына кірген көне жарлықтар немесе патшаларға арналған үндеулер жатады. Осылайша Сыма Цяннің «Тарихнама» атты шығармасының құрамында б.з.д. I мыңжылдықта жеке тұлғалардың өмір жолын сипаттайтын чжуань (傳) жанры пайда болды. Қытай елінде көне заманда мысалға, нақыл сөздер сияқты шығарма түрлері де болды, бірақ та олар XX ғасырға дейін жеке дара әдеби жанр деңгейіне шықпады.

Көне заманда, Жібек Жолы кезеңінде барлық жанрлар орта ғасырдағыдай жетекші стиль жасаушы категория деңгейінде болмады, сол себепті Бань Гудың жасаған классификациясы орта ғасыр зерттеушілердегідей таза жанрлық емес, утилитарлы-тақырыптық болып саналады. Осылайша, ицзоу жанрының шығармалары – патшаға жасалынатын есеп берулер – Бань Гу еңбегінің «Аңыздар» (列传) тарауы мен «Салттар» (志) тарауында, сонымен қатар «Шежіре» (表) тарауында да, сондай-ақ Куң Фуцзының «Талқы мен тағылым» еңбегінде де кездеседі. Бань Гу өз еңбегін б.з. I ғасырында жазды, бірақ та көне қытай әдебиетінің дамуы басқа да ғасырларда табиғи түрде жалғасты. Сол себепті біз тақырып қажетіне орай оның кең ауқымды библиографиялық еңбегінде қамтылмаған, бірақ та біздің заманымызға дейін жеткен басқа да шығармалары туралы баяндайтын боламыз. Бұл арада әңгіме қытай әдебиетінің дамуында маңызды рөл ойнайтын екі құбылыс жайлы болып отыр, оның бірі поэзияның кезеңдері, соңыра осыған орайластыра «Он тоғыз көне өлең» (古诗十九首) атын иеленген топтама жырлар мен шашпа жырлар.

«Он тоғыз көне өлең» туралы көптеген ғасырлар бойы қарама-қайшы пікірлер айтылды. Қазіргі қытай ғалымдарының пікірі бойынша, ең алғаш Лян дәуірінің Чжао Миң патшасының Шяо Тун есімді ханзадасы іріктеп оларды «Чжаумиң таңдамалы шығармаларына» («») енгізді. Бұл бұл өлеңдердің дені б.з. I-II ғасырларында жазылған. Авторлары Шяо Тун кезеңіне дейін-ақ ұмытылған. Бұл өлеңдер сол заман поэзиясының дәстүрлік тақырыптарына сәйкес жазылды: достардың айырылуы, тастап кеткендердің сағынышы немесе үйде қалған әйелдердің қайғысы, жолаушы мұңы, адамдардың өмір немесе өлім жайлы ойлары [4,42 б.].

Демек бұл жинақтағы өлеңдер жазба ақындікі бола тұра халық поэзиясымен өзара кірігіп, бүтін бітім болып кеткендіктен, олар сол уақыттың ән-жыр сарайының шенеуніктерімен жинақталған халық өлеңі әсерімен жазылған. Тіпті оларда халық өлеңдерінен кірме ретінде алынған жолдар да кездеседі, бірақ та поэзияның бұл түрінде ақындық бастау да білінеді. Бұл шындықты қытай ғалымдары «Жырнама», «Чу өлеңдері» және басқа да тарихи прозалық шығармалар арқылы дәлелдейді.

Өркениетке аяқ басқан кезеңдегі ақын, әдебиеттанушылардың пікірлері сонымен қатар өлең формасына да өз әсерін тигізгені жасырын мес. Егер де кейінгі замандардағы халық өлеңдерінің жолдары алуан түрлі ұзындықта болса, «Он тоғыз көне өлеңдердегі» дәстүрлі қытай поэзиясына тән бес күрделі өлеңнің өз бастауын сол замандардан алғаны байқалады. Атап айтқанда әрбір жол бес буыннан және сәйкес сөздерден тұратын өлеңдер соңғы ғасырлардағы өлеңдерде сирей бастаған. Бес күрделі өлең көп ғасырлар бойы қытай және қиыр шығыс поэзиясының жетекші өлшемі болып саналды. Бізге өлең авторларының аттары жетпегені кездейсоқ жағдай емес та шығар. Соңғы жылдардағы қытай ғалымдары зерттеулерінің көрсетіп отырғанындай, қытай елінде авторлық поэзиядан фольклорлық поэзияға өзгерген ауыспалы кезең үшін фольклордан жазбалық шығармашылыққа қозғалыс әрекеті ғана тән емес, бұл шарттар кезінде көне поэтикалық шығармалардан ауызша әдебиетке қарай кері ауысу әрекеті де оңай жүзеге асырылған. Ол кездері жеке дара және халық поэзиясы арасында еш тілдік, стилистикалық бөгделік байқалмаған және бұл екі поэзия түрі бір ортақ бейне жүйесін қолданды.

Шығармашылықтың авторсыздануы прозаның ең алғашқы үлгілерінде де айқын білінді. Б.з. I-II ғасырларда Қытай елінде беллектризирленген өмір сипаттаулары мен тарихи жазбалар пайда болды, оларды шартты түрде көлемді ескі әңгімелер деп атауға болады. Олардың барлығы да өзінің шығу тамырлары негізінде тарихи прозамен байланысты болды. Бұндай шығармалар қатарына «Янь мұрагері Дань» (燕太子丹) деген тарихи аңызды жатқызуға болады. «Янь мұрагері Дань» - Цзин Кэ(荆軻) батырдың б.з. III ғасырда Чин Шихуаң атты бірінші қытай империясын құрған катал билеуші Цинь мырзасына жасаған шабуылдары жайлы баяндайтын оқиға. Бұл оқиға Сыма Цяннің «Тарихнамасының» «Қаскөйлер баяны» (刺客列传) тарауында жазылған Цзин Кэ өмірі жайлы әңгімесіне ұқсайды. Ұзақ өмірбаян кәдімгі

әңгімеге өте жақын, филологтардың айтуы бойынша орта ғасырларда белгісіз автордың бұл ұзақ әңгімесі Сыма Цянға деректік қайнар көзі болған. Кейбір қытай ғалымдарының айтуы бойынша: белгісіз автор керісінше Сыма Цяннің мәтінін қолданды. Бірақ та XVI ғасырдың әйгілі библиографы Ху Инлиньнің айтуы бойынша: «Янь мұрагері Дань» оқиғасы - «көне және заманауи баяндау туындыларының арғы атасы. Шынымен де, бұл көлемді әңгіменің Цзин Кэ батырдың ресми өмірі жайлы әңгімесінен негізгі айырмашылығы – оның тым ұзақ баяндалуы болып табылады, ұзақ әңгімеге тым көп аңыздық типтегі эпизодтар енгізілген, мысалға, Дань мұрагерінің жалынуына жауап ретінде қарғаның басы ағарып кетеді, ал жылқыда мүйіз өсіп кетеді. Тіпті сабырлы Цзин Кэ батырдың алтын кесегін бақаларға лақтырғаны жайлы оқиға болсын, немесе мұрагердің Цзин Кэ батырға өз құрметін білдіру үшін жазған өлеңі болсын, Цзин Кэ батырға ұнаған сұлу музыкант қыздың қолын шауып, батырға сыйлық ретінде ұсынуды бұйырғаны жайлы баяндайтын қорқынышты оқиға болсын бәрі де өте әсерлі. Оқырманның қызығушылығын тудырған барлық осындай қызықты эпизодтар Сыма Цяннің басқа еңбектерінен кездеспейді.

Көзқарасы мен пікірі тұрғысынан Куң Фуцзылық деп саналатын бұл көлемді әңгіменің көнелігі біздің ғасырымыздың қытай сурет өнерімен жанама түрде дәлелдене алады. Дәл осы уақытта мазарлардың және басқа да рәсім құрылымдарының белгі тастарына үнемі Цзин Кэ батырдың шабуылы туралы эпизодтар бедерленді. Мұндай тастар Шаньдун өлкесінен, оңтүстік-батыс жақта орналасқан Сычуань аймағынан көптеп кездеседі. Рельефтердің біреуінде Цзин Кэ батырдың ержүрегінен қорыққан патшалардың өз аяқ киімін жоғалтып қашып бара жатқаны анық суреттелген.

«Чжао – қарлығаштың өмірбаяны» атты шығарма атақты жауынгер қыздың және болашақта Чэнь-ди император (билік еткен жылдары: б.з.д.33-37 жж.) әйелі болған кездегі ресми өмір суреттерімен жоғарыдағы туындылардан өзгешеленіп тұрады. Оның өмірін суреттеген әңгіме Бань Гудың «Хань тарихы» атты әйгілі еңбегіне енгізілген, оның мәтіні өте қысқа – тек он үш жол. Жеке өмір суреттеуі керісінше барынша нақтылыққа құрылған, тіпті сарай өмірінің жеке құпиялықтары жақтарын да суреттеген жерлері кездеседі. Деректер бұл шығарманың авторлығын біздің заманымыздың ірі шенеунігіне Лин Сюаньға (немесе Лин Юань) тіркейді, себебі халық арасында оның Фань Тун-дэ атты құл қызы «Чжао – қарлығаштың өмірбаяны» атты оқиғасын жақсы білді деген жорамал айтылып жүр. Лин Шюань бұл оқиғаны сол қыздан естіп, жазып алған деген де болжам бар. Лин Шюань авторлығы және мәтіннің дұрыстығы – әлі күнге дейін шешілмеген сұрақтар болып табылады. Ху Ин-линьнің байқауынша, бұл шығарманың стилі таза көркем дүниеге жатпайды және соңғы ғасырлардың туындыларына да ұқсамайды. Салыстырмалы түрде өте қомақты емес баяндау формасының көнеліктің соңғы кезеңіне қарай туындауы жайлы кейбір типологиялық пікірлер ертерек пайда болу қисынын

жақтайды, бірақ та ол мәтіндерде соңғы кезеңдердің жекелеген қыстырмаларының болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Б.з.д. VI-V ғасырларда Қытай елінде өздеріне тиісті жазба әдеби шығармалар қалыптасты, алғашқы философиялық және тарихи ескерткіштер осы уақытпен шамалас саналатын болды. Біртіндеп бұл жанрлардан, тарихи, географиялық және басқа прозадан жаңа заманға ауысу кезінде шартты түрде «Көне ұзақ әңгімелер» деп атауға болатын жаңа шығармалар қалыптасты. Осыдан кейін Қытай елінде орта ғасыр кезеңі басталды. Ғалымдар оның шегін б.з. III ғасырына қарай болжайды. Көне ұзақ әңгімелердің орнына адам мен перілермен кездесуі жайлы баяндайтын қысқа аңыз әңгімелері немесе әйгілі адамдар жайлы баяндайтын тарихи оқиғалар келді. Нәтижесінде VII ғасырға қарай әдеби новелла жанры туындады. Әдеби новелла дегеніміз – сол кезеңнің ауызекі тілінен өзгеше әдеби вэньянь тілінде жазылған новеллалар болатын.

VII-X ғасырда баяндау прозасымен қатар көне заманда пайда болған сюжетсіз проза да өз дамуын жалғастыру үстінде болды. Бұл таңғаларлық және есте сақтарлық оқиға жазбалары, әйгілі адамдардың өмір жазбалары, мадақтау мен масқаралаулар, жолдаулар мен жылаулар, патшалыққа қатысты құрбандық тілектері мен есеп берулер, соғыс жайлы үндеулер және патшаның тікелей бұйрықтары. Яғни, бір сөзбен, сюжетсіз проза бұл феодал қоғамының күрделі иерархиялық жүйесін көрсететін бүтіндей жанрлардың бір жүйесі болып табылады. VI ғасырда поэзия мен сюжетсіз прозадан тұратын «таңдамалы шығармалар» (文选) атты еңбек құрастырылды. Оны құрастырған Уди (梁武帝) патшаның үлкен ұлы Шяу Тун (萧统) ханзада. Ол барлық шығармаларды жанр бойынша бөліп, белгілі бір тәртіп бойынша жіктеп шықты. салыстырмалы түрде көркем жанрдан деректі жанрларға қарай ретімен орналастырды.

Жаңа заманның III ғасырынан бастап таңғаларлық оқиғалар жайлы алуан түрлі әңгімелер шыға бастады. Осындай жинақтарды құрастырушылар жинақталған мысалдар арқылы жын-шайтандар күшіне, қайтыс болған адамдардың тыншымаған рухтарына және дао әулиелеріне немесе Будда ілімі мен оның серіктеріне деген сенімді бекітуге тырысты. Алғашқы жинақтардың авторлары көбіне дао ілімін ұстаушылар болды. V ғасырдың ортасынан бастап кереметтер жайлы әңгімелерде будда көзқарастарының әсері ұлғайды. Таңғаларлық оқиғалардың соңғы жинақтарында бұрынғы өмірдің қиындықтары есебінен о дүниеде құрметке бөлену ойлары басым болды. Кереметтер жайлы оқиғалар – бұл бәріне әйгілі адамдардың басынан өткен жағдай сияқты баяндалады, тіпті нақты уақыты мен өткен жері көрсетіледі. Осының бәрі баяндалып жатқан оқиғаның нақтылығын дәлелдейді. Мысалға, «Го Пу арғымақты тірілтуі» (郭璞救死马) жайлы әңгімені алайық, бұл әскербасы Чжау Гудың жол үстінде өліп қалған арғымағының таңғажайып жағдайда тірілуі жайлы оқиға. Оның негізгі кейіпкері, яғни арғымақты тірілтуші – әйгілі ақын Го Пу (郭璞, 276 – 324). Әңгіме дерегі бойынша: бұл уақиға солтүстікте орын алған, аталған жағдай

сол заманның нақты тарихи ахуалын жақсы білген оқырманына өте қызық. Себебі, ол уақытта, яғни 310 жылдары Қытай елінің солтүстігі мен оның астанасы Лоянды Ғұндар басып алған болатын, қала толығымен талқандалып, отыз мыңдаған тұрғын қырылып, император тұтқынға алынған. Көптеген салауатты адамдар, соның ішінде Го Пу да бар, бәрі сол кезде Қытайдың оңтүстігіне қарай босуға мәжбүр болды.

Әңгіме соңында Го Пу арғымақты тірілткеннен кейін әскербасыдан мол тарту-таралғы алып, Янцзы аймағынан оңтүстікке қарай көшеді. Соңыра 317 жылы Қытай астанасы сол жерге ауыстырылады.

III-VI ғасырдың қысқа әңгімелерінде ақпараттық элементтердің дамуы, біртіндеп жинақталуы жүзеге асырыла бастайды. Бұл әңгімелер дамыған көркем баяндаудан алыс, бірақ та олар Қытай елінде сюжетті деректі прозаның бастауына түрткі болды. Прозаның бұл түрі өз дамуын Тан кезеңі (618 – 910 жж.) кезінде бастады, бұл уақыт кезінде Қытай елі белгілі бір уақыт аралығына қуатты және дамушы мемлекетке айналды. Осы уақытта ғылым, әдебиет және өнер қарқынды дами бастайды. Таң дәуірі кезеңі новелласының оған дейінгі прозадан негізгі айырмашылығы – бұл бұрынғымен салыстырмалы түрде айтқанда, жетілген сюжет және толыққанды кейіпкерлердің пайда бола бастауы еді.

III-VI ғасырдағы жинақтарда негізгі кейіпкер ретінде кез келген адам алынуы мүмкін еді, мәселен, шенеунік немесе шаруа, саудагер немесе діндар. Ол жинақтарда негізгі ой, басты идея ретінде қызықты жағдайды жүзеге асыруға мұрындық болған кейіпкерді көрсету емес, керісінше қызықты уақиғаның өзін айтып беру. Таң дәуірі кезеңінің новеллаларында негізгі кейіпкердің белгілі бір типі қалыптасты. Таң дәуірінің ақындары өз шығармаларында адамды және оны барлық қуаныш-күйзелістерімен көрсетуге тырысты. Олардың новеллалары тұрмыс жағдайын, адамның мінез-құлқын, адамдар арасындағы қоғамдық қатынастарын жанды түрде бейнелеп берді. Жоғарыда айтылғандай, Таң дәуірінің новеллалары бұрыннан бар, қалыптасқан дәстүр, дайын негіз ізімен пайда болып, дамыды. Көптеген ескі новеллалар көне Қытай елінде кең тараған аңыздармен тығыз байланысты болды. Қысқа әңгімелер де даму процесінде болды. Ол енді белгілі бір сюжетке тұрақталды. Жаңа жанр шеберлері пайда бола бастады, мысалға жаман және жақсы перілер туралы, жолбарыстар мен айдаһарлар туралы, алуан түрлі таңғаларлық оқиғалар жайлы шағын көлемдегі әңгімелердің жинағын құрастырған ақын Гань Бао(干宝) [4,80 б.] болатын.

Новелланың даму тарихының басы VIII – IX ғасырға келіп тіреледі. Новелла дамуының ерте сатылары кезінде олар көбіне фантастикалық сыйпатта өрілді. Алайда ондағы фантастика шынайы өмірмен қабысып жататын. Фантастикалық новеллалардың сол кездегі белсенді авторлары Шэнь Цзицзи (沈既济750- 800 жж.), Ли Гунцзолар (李公佐770-850 жж.) еді. Шэнь Цзицзидің әйгілі новеллалары «Төсекнама» («枕中记») мен «Жэнь әулеті тарихы» («任氏传») болатын. Біріншісінде Лу жігіті Дао молдасын кездестіріп, молда жігіттің өз өміріне қанағаттанбайтынын біліп, оған

фарфор жастықты жастана тұруды ұсынады. Жігіт бірден ұйықтап қалып, түсінде өзінің барлық өмірін кешеді. Осыған ұқсас фантастикалық тәсілді Ли Гунцзо да өзінің «Нанькэ қарауылшы» («南柯太守传») атты шығармасында қолданды, оның кейіпкері түсінде ойдан шығарылған мемлекетке түсіп, онда бірнеше жыл тұрады да, ірі шенеунікке айналып, содан кейін қатты қуғынға ұшырайды. Яғни, түсінде оның кейіпкері сол уақыт адамдарының кешкен барлық жағдайларын бастан өткізеді. Шэнь Цзицзи екінші «Жэнь әулетінің тарихы» атты шығармасында түлкінің сұлу қызға айналғаны жайлы баяндайды, ол басқа шынайы әйелдерден тек көйлек тігу қабілетінің жоқтығы арқылы өзгешеленеді. Осы екі оқиғаның баяндалу стилі шынайы мәнерде болғанымен, тек оқиғаның басталуы мен аяқталуы ғана нанымсыз жағдайға орын бергендігін атап айтуымыз керек. Жэнь күйеуі ұсынатын алыс сапарлардан әрдайым бас тартатын, себебі оны ылғи да бір ауыр ойлар қинады. Бірақ та бір күні күйеуінің ұсыныстарына көніп, олар бірге саяхатқа шығады. Жолда олар ит ерткен аңшыларға кезігіп қалады. Иттерді көргенде Жэнь қайтадан түлкіге айналып кетеді де, иттер оны әбден талап тастайды.

Тұрмыстық новеллаларда фантастика сирек кездесті. Аз кездессе де фантастикалық қызмет рөлін ойнады, мысалға, Се Тяомен жазылған «У-шуан тарихы» атты шығармада фантастика екі ғашыққа қосылуға көмектесті. Уаң Сянькэ өзінің бөлесін жақсы көрді және ата-аналары олардың үйленуіне рұқсат беретініне толық сенді. Бірақ та оның арманы орындалмайды, бойжеткен У-шуанның ата-аналары бүлікке қатысқаны үшін өлім жазасына кесіліп, У-шуан сарайға қызметші ретінде алынады. Вань Сянькэ барлық үмітін үзеді, себебі ол қызды сарайдан босатып алуға дәрменсіз еді. Осы кезде жігітке көмекке әскербасы Гу келеді. Ол сиқырлы дәріні тауып әкеледі, оны ішкен адам бірден қайтыс болып, үш күннен кейін қайтадан тіріледі. Гу бұл дәріні сарайдағы У-шуанға береді. Ол оны ішіп, қайтыс болады. Гу оның денесін сатып алады да, өзімен алып кетеді, тірілгесін Вань Сянькэге береді. Ғашықтар астаналық қаладан қашып, шет аймақта өздерінің бақытты қарттылығына дейін өмір сүреді.

«Шамамен ІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап батырлық новеллалар пайда бола бастады, олар негізінен күшті, ержүрек, айбатты адамдарды мадақтады. Кейбір кездері онда тарихи адамдар да кездесетін» [4, 131 б.]. Мысалға, Ду Гуантиннің «Қаба сақалды қаймана» атты новелласында мемлекетті біріктірген Ли Шимин есімді Таң император аты да кездеседі. Бұл новелла ІХ ғасырдың аяғында пайда болды, ол уақытта орталық билік әлсіреп, ол феодалдардың орталықсыздандыруына қатысты насихатына қарсы тұра алмай, өзара соғыс басталды.

Қытай елінде Ұлы жібек жолы кезеңінде проза жанры секілді поэзия жанры да ерекше гүлденді. Қытай елінің поэзиясы жайлы айтқанда бізге дейін жеткен ең көне ескерткіштер ретінде «Жырнама» кітабына жинақталған туындыларды айтуға болады. Б.з.д. I мыңжылдықтың соңында Қытай елінде авторлық поэзия дамиды, ол негізінде екі жанрда қолданылды –

өлеңдер мен поэмалар, поэмалар көбіне ырғақ прозасында жазылып, мәнерлеп айтуға арналды. Көнеліктің әйгілі ақынлары: Чүй Юань (屈原), Сун Юй (宋玉), Ми Фэй (米芾), Сыма Сян-жу (司马相如), Яң Сюн (扬雄) қатарлыларды атауға болады.

Жаңа заманның II мыңжылдығында лирикалық поэзия дамыды. Цао Чжы (曹植 192-232 жж.) соғыс кезіндегі адамның азаптары жайлы жазды. Жуань Цзи мен Цзи Канның дара билеушілік идеясына қарсы өлеңдер жазды.

Жалпы қытай поэзиясындағы жаңалықтың мұзжарғышы Тау Юаньмин (陶淵明) болып есептеледі. ақыны саналады. Шынайы сезім мен үлкен дарынның егесі Тау Юаньмин 365 жылы дүниеге келген. Ол аса бардам болмаса да шағын мансабы бар отбасында туып, жақсы дәстүрлі білім алды да, мемлекеттік қызметке орналасты. Өз қабілет-дарынының арқасында Тао Юаньмин қызмет бабы бойынша біршама жоғары дәрежеге көтеріле алды, бірақ та ол жағымпаздандуды жаны қаламағандықтан, одан да жоғары мансапқа қол жеткізуге мүмкіндігі бола тұрса да, сол уақыттағы биік төрелікке ұмтылмады.

399 жылы Чжэцзян өлкесінде шаруалар көтерілісі туындады, оған шамамен екі жүз мың адам қатысты. Сол жаққа әскери шенеунікпен бірге жіберілген Тау Юаньмин бүлікті басу әрекетінен бас тартты. Сонымен ол қызметінен кетіп, бірнеше жыл бойы бір орыннан екінші орынға ауысып жүрді де, соңында сол заманғы саяси жүйе кезінде еш жерде жұмыс істей алмайтын жағдайға жетті. Жұмыстан мүлдем шығып кетіп, Тау Юаньмин өз отбасымен ауылда тұратын болады. Әйелі екеуі олар өздерінің алақандай жерімен күн көріп жүрді.

Ол уақытта Қытай жеріндегі білімді адамдарда тек екі жол ғана болды: сол кездегі саяси жағдаймен туындатылған шындықпен және әділетсіздікпен келісу немесе қоғамнан безіп кету.

Бірінші жолды білімді адамдардың көпшілігі таңдады: тек кейбіреулері ғана екінші жолды таңдады. Бірақ та олардың таңдауы Тау Юаньмин жасаған таңдаудан өзгеше болды, яғни олар шын мәнінде қоғамнан безіп кету жолын таңдады. Олар қалалық өмірмен қоштасып, таза табиғат құшағына кетіп, өздерінің ерекше рухани қажетті тірлігімен айланысып тұрды да, табиғатты мадақтап немесе өлмейтін жол іздеу әрекеттері жайлы, өздерінің нәзік жандары сияқты адамдармен дос болуды армандап өлеңдер шығарды.

Тау Юаньмин сол кездегі оқыған адамдардың ішінде қызметті тастап шаруаларға қосылып, қарапайым егінші өмірін таңдаған жалғыз адам болды. Сол себепті оның ауыл жайлы өлеңдері сыртта тұрып, тамсанушы сезімімен жазылған қияли-аңсар емес, бұл таңертеңнен кешкіге дейін жұмыс істеп жүретін шаруалардың қайғы-мұңдары, олардың бақыт-шаттығын сипаттайтын шынайы суреттер болатын.

Тау Юаньмин шығармашылығының негізгі ойы - қоғамнан кету (тек басқа безіп кеткендер сияқты тауларға емес, ауылға барып, еңбекшілерге



косылу), ауыл шаруашылығы, егіншінің қуанышы мен қайғысы, ауыл келбеті, барлық адамдар теңесетін болашақ жайлы армандары.

Тау Юаньмиң шығармашылығының тақырыптары, олардың шынайы өмірге жақындығы оның өлеңдер ізашарларының талғампаздығынан айрықша болатын ақиқат сипатын анықтады. Оның туындылары қарапайым тілде жазылған; ол бағзы ғасырлардағы поэзияның ізашарлық үлгідегі канонды формасын қолданбайды. Ол поэзияны өмірге жақындатып, «Жырнама» дәстүрін жалғастырды.

Тау Юаньмиң барлық адамдар тепе-теңдікте өмір сүрген көнеліктің «ғасыр алтынын» қайтару жайлы армандады. Автор бір-бірін қанау болмайтын, ала-құла сән-салтанат байқалмайтын, бірақ та кедейшілік те болмайтын, адамдар қарапайым еңбекпен адал өмір сүріп, табиғатпен үйлесімділікте болатын арманын «Шабдалы қайнары» («桃花源记») атты өлеңінде тамаша бейнелеп береді.

Ақын шын бақыт атақты болуда, құрметке бөленуде және байлыққа кенелуде емес екенін түсінді. Ол рухани толық қанағаттанатын өзінің кішкентай әлемін өлеңдерінде үнемі жер-көкке сыйғызбай мақтап отыратын. Сондағысы іргесінде бестүп тал өсетін кішкентай үй, алақандай ғана егістік жер, көк аспанда көлендеген ақ бұлттар.. Алайда ол замандағы жоғарғы жік әулиеттері Тау Юаньмиң шығармашылығын менсінбеді. Олар ақын өлеңдерін «көркемдігі қарабайыр», «ойы күңгірт» деп санады; Әсіресе ақынның тілі оларға тым «тұрпайы» және «дөрекі» болып көрінді.

Тек бірнеше ғасырлардан кейін, Таң династияның соңғы кездерінде ғана Тау Юаньмиң шығармашылығы шын мәнінде өзінің лайықты бағасына ие болып, ақын шығармашылығына жұрт жаппай шын құрметпен қарай бастады. Әсіресе әдебиетші қауымның оның шығармаларындағы риясыздықты, нәзіктікті, сондай-ақ жан-дүние пәктігін өте жоғары бағалады. Қытайдың ұлы ақыны Бай Цзюй-и (白居易) Тао Юаньмиңді өзіне ұстаз санап, ол туралы мынадай өлең жолдарын жазды: «Бұл ақынның бойынан мен пайдакүнемдік пен атақты жек көргенін байқадым, әрі оның осы қаксиетін сүйемін. Сондай-ақ ол қартайған кезінде өзі сүйген топырақта өмір сүріп, сол төбе мен орман арасында қайтыс болды».

Б.з. VI ғасырдың сексенінші жылдарында Қытай елі қайтадан тұтас қуатты мемлекетке айналды, елде Суй әулетінің императорлары билік жүргізді, ал 618 жылдан бастап - Таң әулетінің императорлары билік басына келді. VII ғасырдың ортасынан бастап мемлекет шекаралары ұлғая бастайды. Осы кезде жылдам түрде сауда, өнеркәсіп және кәсіпкерліктің бар саласы айта қаларлықтай дамыды. Қалаларда оқыған білімді адамдардың саны өсті. Поэзия өнері жаңа биіктерге көтерілді. Сол дәуірде баспадан шыққан Таң ақындардың өлең жинағы, сол кездің өзінде қырық сегіз мың тоғыз жүз өлеңнен тұрды, олар әр түрлі бағыттағы екі мыңнан астам ақын қолдарынан шықты. Әрине, олардың жазу қабілеттері әр түрлі болды, бірақ та олардың барлығы қытай елінің дамуына өз үлесін қосты.

Таң кезеңінің ақындары өлең шығарудың жасанды, қолдан күрделіленген формаларын қолданудан, формализмнен, алдыңғы ғасырлардың «әшекейінен» бас тартып, Чүй Юань, Тау Юаньмиң секілді ақындар мен е халық шығармашылығының барлық жақсы қасиеттерін алды.

Өлеңнің қалыптасқан сүйікті формасы ретінде «үзілген жолдар» деп аталатын төрт жолдар қолданылды, оларда ең үнемді көркем тәсілдер арқылы қысқа болса да, нақты және анық түрде адам сезімдері мен көңіл-күйі, табиғат бейнелері суреттеліп, алуан түрлі оқиғалар жеткізілді.

Таң дәуірінің көрнекті ақыны Чын Цзыаңның (陈子昂 659-700 жж.) өлеңдері ауызекі тілге жақындау жазылғандықтан, ол қытай поэзиясында жаңа ғасырды ашып берді деуге болады. Ал Ли Бай (李白), Мың Хаужань (孟浩然), Уаң Уэй (王维), Ду Фу (杜甫), Бай Цзюй-и (白居易), Хань Юй (韩愈) өлеңдері өзінің о бастағы құдіретінің арқасында біздің заманымызға сол баяғы тірі әрі бастапқы әсерімен жетті.

Жалпы көне Қытайда мейлі ол ғалым болсын, немесе ақын-жазушы болсын, олардың бәрінің өмірі ұқсас бірқалыпты жолмен өтіп жатты, атап айтқанда, балалық шақ, оқушылық-шәкірттік жылдар, қызметке тұру үшін мемлекеттік емтихан тапсыру, төрелік қызметтер, кейбір кездері құрмет пен атаққа бөлену, кейбір кездері қуғындалу мен хабар-ошарсыз өлім.

Алайда Таң дәуірінің әйгілі ақыны Ли Бай (李白 701-762 жж.) ғана қалыпқа түскен, дағдыға айналған бұл жолмен жүрмеді. Оның мемлекеттік емтихан тапсырғысы келмеді, төрелік қызметке тұруды жаны қаламады. Демек оның жан-дүниесін бір түрлі бостандыққа деген құдіретті күш билеп алған болатын.

Ақынның туған жері туралы ғылымда әлі талас пікір көп. Соның бірі Ли Бай 701 жылы Орта Азиядағы Шу өзені жағасындағы Суяб қаласында өмірге келген,- деген дерек. Бес жасында ата-анасымен бірге Сычуань өңіріне қоныс аударады. Он бес жасында ол ең алғашқы өлеңдерін шығарды. Жас жігіт кезінде ол бір елінен ауған кісімен кездесіп, онымен бірнеше жыл бойы Миньшань тауында тұрды. Ол тауда жас ақын қарапайым өмір сүріп, көп саяхаттады, құстарды үйретіп, музыкалық аспаптардың біразында ойнады, өлеңдер шығарды. Жиырма жасына қарай Ли Бай ірі өлке шенеунігімен және сол дәуірдің әйгілі ойшыл-ғалымы – Су Тиңмен (苏颋) танысады. Су Тиң Ли Байдың бойындағы дарындылықты танып, өмірді терең ұғынып, менгеруге кеңес береді.

Бастабында Ли Бай өзінің өскен жері Сычуань өлкесі аумағында саяхаттай бастайды, Ымей, Дайтяньшань тауларына шығады, тіпті Ушань тауының ең жоғарғы шыңына дейін көтеріледі. Оның туған жері Сычуань өңірінің сұлулығы ақынның табиғатқа деген сүйіспеншілігін одан сайын тасқындата түсті. Тазалық пен әсемдік сезімін байытып, ақынды қиял қанатында одан сайын тербетті. Осылайша табиғатқа деген інқарлық енді ақынның басқа да жерлерге деген ынтызарлығын оята бастайды, сөйтіп ол Қытай елінің барлық атақты тауларына шығып, барлық әйгілі өзендер мен көрікті көлдерін көргісі келді. Осындай сезімнің дейміз бе, жоқ әлде

мақсаттың дейміз бе, жетегіне ерген ақын жиырма бес жасына қарай Сычуань өңірінен кеткен ақын, сол беті ол жерге қайыра оралмайды. Алайда өмірінің соңғы кездеріндегі өлеңдерінде Ли Бай Сычуаньды жиі-жиі еске алып, біраз өлеңдер жазды.

Сычуаннан кеткесін, ақын үшін саяхаттау жылдары басталады. Бірақ ол еш жерде ұзақ уақытқа тұрақтап қалмайды. Әрине, саяхаттау ақынның ой-өрісін кеңейтіп, өмірге, дүниеге деген көзқарасын байытқаны анық. Осыдан былайғы жерде оның өлеңдері бұрынғымен және өз тұстастарымен салыстырмалы түрде айтқанда жетіле түскені белгілі. Ли Бай саяхаттау кезінде Дао насихатшылары Сыма Чынжэнь мен Юань Даньчюді кездестіріп, олармен бірге де біраз жерді шарлайды.

Осы жылдары Ли Байдың Даоның философиялық ілімімен қызығушылығы басталып, бұл қызығушылық ол бүкіл өмірбойына арыла алған жоқ.

Шачю ауданында (Шаньдун өлкесі) қоныстанған Ли Бай өзінің сергелдең бес досымен бірге тауда тұрады. Халық арасында оларды «Бамбук өзенінің алты сергелдеңі» деп атап жүрді. Серуендер, эн-күй, өлеңдер – «алты дәруіштің» күндері осылай өтіп жатты. Көп ұзамай Ли Байдың тағы да саяхат жасағысы келіп, жолға шығады.

VIII ғасырдың отызыншы жылдардың соңында Таң империясы әлі де қуатты және гүлденген жағдайда болды, бірақ та Қытай елінің солтүстік-батыс шекараларында тұрақты түрде көшпенді халықтардың шапқыншылықтары жиі-жиі жүз беріп тұрды. Көшпенділермен болған соғыстың барлық ауыртпалығы әдетте қарапайым халықтың мойнына түсетін еді. Ли Бай саяхат орайында қарапайым халықтың өмірін, тағдырын жақыннан көріп, олармен жиі араласқасын ол жағдайдан қашып құтыла алмайтын еді. Осылайша ақын өлеңдерінен шекараға – майдан өтіне жіберілген күйеулерінен айырылған әйелдердің көз жасы, егістік жерін жырталатын азамат-ұлдары жоқ қарттардың мұң-зары, шекарада қайтыс болып жатқан шеріктердің қайғы-қасіреттері көбірек көрініс тауып жатты. Тіпті кейде ақын шығармаларында атақ пен шен алу үшін мыңдаған әскердің қанын төгетін әскербасылардың көңіл-күйлері де бейнеленетін.

Туған жеріне сүйіспеншілік, оның тағдырына алаңдау, адамдардың бақытты болғанын көру тілегі Ли Байды халыққа көмектесу амалын іздеуге итермелейді, ол өзінің өлеңдері арқылы олардың тағдырын жеңілдетуге тырысты. Сол себепті ақында өзінің саяси ойларын жүзеге асыру үшін және мемлекетті билеу мүмкіндігін иелену үшін патшаның көмекшісі болу ойы туындады.

Шығармашылық өсу кезеңі Ли Байда алуан түрлі арман мен қиялдардың пайда болуын туындатты. Ақын өз күшіне және дарындылығына толық сенді. «Тәңір маған дарындылықты сыйға тартты, сол себепті ол ол дарынды міндетті түрде өз қажетіне жұмсауым керек», - деп жазды Ли Бай.

Ли Бай өз өмірінің соңында Аньхүй өлкесінде тұратын туысқаны әрі ғалым әрі төре Ли Янбиннің қасына көшіп келеді. Қайтыс болардың алдында

Ли Бай өзінің барлық жазбалары мен өлеңдерін Ли Янбинге беріп, одан өлеңдеріне алғысөз жазуын өтінеді. Ұзамай, 762 жылдың қараша айында Ли Бай қайтыс болады.

Халықтың қиын тағдыры, күнкөріс ауыртпалығы жайлы баржалпыға алғаш жар салған Таң ақыны Ду Фу (杜甫) болып табылады. Ол Хынань өлкесінде 712 жылы ақсүйек әмірші әулиетінде дүниеге келді. Сегіз жасынан бастап ол көптеген лояндық ғалымдар мен әдебиетшілердің өзін тамсандыратын өлеңдер жаза бастады. 744 жылы Ду Фу Лоянда Ли Баймен кездеседі. Осы уақыттан бастап Қытай елінің екі ұлы ақынның тығыз достығы басталады. Екі ақын Хуаңхэ өзен бойымен саяхатқа шығып, Ванушань тауына жол алады. Кайфың қаласына келгенде, олар Гао Ши (高适) ақынды кездестіреді, әрі қарай үшеуі табиғаты тамаша жерлермен қыдыра жүріп, өлеңдер оқиды, әңгімелеседі, сол уақыттағы мемлекет жағдайын сынға алады.

Гао Ши ақын өз жөнімен кеткесін, Ли Бай мен Ду Фу Шаньдун өлкесіне бет алады. Олардың достығы одан сайын беки түсіп, бір-бірін жас айырмашылығына қарамастан өте жақсы түсінеді. 746 жылы Ду Фу астанаға кетіп, достар енді кездеспейтіндей мәңгілікке айырылысады.

747 жылы император Таң Шюаньцзун (唐玄宗) астанаға сол уақыттың барлық әйгілі жазушылары мен суретшілерін әкімшілік қызметке орналасуға құқық беретін емтиханға қатысуға шақыруды бұйырды. Бірақ та қуатты және халықпен байланысты өнер адамдарын жек көретін Ли Линьфу (李林甫) Ду Фу ақынды бұл емтиханнан өткізбеудің қитұрқы амалдарын ұйымдастырды. Ақын үшін бұл ауыр және күтпеген соққы болды. Оның жанұясы күнкөріс қамына қатты мұқтаж еді. Ол үлкен мадақтау өлеңін жазып, ол арқылы патшаның назарын өзіне аударғысы келді, бірақ оның өлеңін төрелер қабылдамады. Ол сарай мырзаларының көмегіне сенді, бірақ та олар көмектеспеді. Жанұясымен бірге аштан қайтыс болмау үшін Ду Фу «қонаққа шақыратын» байлардың көңілін көтеретін өлеңдер жаза бастайды. Ақырында, 754 жылы оның ойлауы бойынша оған бір қолайлы жағдай туындайды. Император ата-бабалар храмында салтанатты құрбандық беру рәсімін өткізді. Ду Фу осы жағдайға арнап үш мадақтау өлеңін жазады, олар императорға бірден ұнайды. Осылайша бір күнде ақын әйгілі болып шыға келеді. Оны мемлекеттік емтихан тапсыруға қайтадан жібереді, бірақ та мұнда да Ли Линьфуның араласуы нәтижесінде Ду Фу әкімшілік орынды ала алмайды. Қайтадан ол байлардың көңілін көтеру үшін өлеңдер жазып жүреді, бұл әрекеті ұзаққа созылып кетеді. Қылша мойнына мініп алған мұқтаждық, ішер ас, киер киімге жарымау, өмірден түңілу. Міне бұлардың соңы оның қатты шалдығауына әкеледі. Осыдан соң Ду Фу отбасы, бала-шағасын жанұясын Шаньси өлкесіндегі туыстарының қасына көшіріп әкетеді.

Бұл кезеңде Ду Фу «Қорған сыртына саяхат» атты өлеңдер циклін шығарады, ол өлеңдер Шаньси өлкесіне барар жолда көрген-білгендерінің әсерімен жазылады: төрелердің қуғыны, олармен қоштасып жатқан ата-аналардың, әйелдерінің және балалардың жылауы, қарттық жасына дейін

шекараны қорғаса да, соғысқа қуылған солдаттың азаптары. Көрген-білгеніне таңғалған Ду Фу бұл цикл өлеңдерінде өз халқын ойламайтын патшаның саясатына кейістік білдіреді. Ақыр соңында астанаға оралған ақын нәтижесінде кішігірім қызметке тағайындалып, арасында жанұясын көру үшін демалыс алады. Фыңшянь ауданы ол кезде ашаршылық жағдайында өмір сүріп жатыр еді, онда барғанда барлық көргендері мен кешкендерін Ду Фу «Астанадан Фыңшянь жеріне барар жолдағы барлық жан күйзелістері жайлы» атты өлеңі арқылы жеткізеді. Бұл өлеңде аштықтан өлген кішкентай баласынан айырылған ананың қайғы-зарымен бірге ақын халықтың барлық мұң-мұқтажын, халықтың кедейлігіне немқұрайлы қарайтын байлар мен әулетті отбасылардың ұятсыз сән-салтанатына жек көрушілігін бейнелеген.

Ду Фу өмірінің соңғы жылдарын қытайдың қала-даласын шарлаумен өткізді. Өмірінің соңғы кезінде аурушаң, құлағы естімейтін болып қалған ол кедейшілік пен қарттық, ауру мен жалғыздық азабына толы қайғылы өлеңдер жазды. Ду Фу өлеңдерін «ақындық тарих» деп атайды, себебі Ду Фу өлеңдерінде қытай архитектурасы мен сурет өнеріне және әуендерге мадақтауға мол орын берілгенімен, көбінде оның жырлары халықтың тұрмыс-тіршілігінің ауыртпалықтары мен азаматтық сарындарға толы болды. Оның өмірі, қысқартып айтқанда адал адамның, патриот ақынның трагедиясы. Оның шығармашылығы тұтастай алғанда, жауынгерлер тағдырын өзек еткен, өзара қырқысқан қанды соғыстар мен халықты аяусыз қинау кезеңнің тарихы еді.

Қоғамдық тақырып 722 жылы Хэнань өлкесінде туған ақын Бай Цзюй-инің (白居易) «Жаңа халық өлеңдері» атты шығармасында да қозғалды. Емтиханды жақсы тапсырған Бай Цзюй-и сарайдағы қызметке орналасады. Бірақ та көп ұзамай өзінің тура және ашық айтатын мінезінің кесірінен ол сарайдың барлық төрелерін өзіне қарсы қойып алады. 806 жылы орда төрелері бірігіп, оны астанадан тыс жерге кішкене әкімшілік қызметке тағайындап, орда маңынан аластайды. Осы жылы Бай Цзюй-и өзінің әйгілі «Шексіз сағыну» деп аталатын туындысын жазады. Бұл өлеңнің негізіне ол ертеде қайтыс болған император Таң Шуанзунның сүйікті әйелі Яң Гуйфэйге болған махаббаты жайлы, император қашқан кезде Яң Гуйэфэйдің қайтыс болуы жайлы әңгімелер баяндалған. Таң дәуірі кезіндегі Қытай елінде аталған өлең өте тез таралып, ақын елге әйгілі болып шыға келеді. Тіпегі бұл жырды сол тұста көптеген адамдар жатқа айтып жүрді.

807 жылы ақын астанаға қайтарылып, қызмет бабы бойынша көтерілді. Чаңьянда ақын көптеген тамаша туындылар жазды: елу шақты сатиралық жанрдағы «Жаңа халық өлеңдері» мен он шақты «Цин әуендері». «Бай Цзюй-идің сатиралары өзінің заманына, қоғамына тән, жоғарғы жік өкілдері арасында кең тараған екі жүзділік пен жәдігөйлікті, қаталдықты әшкереледі. Оның сатиралары қарапайым халықтың қиын тағдырына деген жанашырлыққа толы болып келеді» [1, 155 б.]. Мысалға, қарт көмір сатушы қыста жыртық киіммен тамақ пен киімге ақша табу үшін көмір сатуға шығады, алайда төрелер одан бұл көмірді тартып алады. Сонда әлгі қарт

бозбала кезінде ешкім қайтып келмейтін шекара майданына жолдаған сапарға бармау үшін әдейі қолын сындырып алғаны жайлы ақынға әңгімелеп береді.

Ақсүйектер мен төрелер ақынның көптеген өлеңдерінің өздеріне айтылған қатал айыптау екенін жақсы түсінді. Тіпті императордың өзі Бай Цзюй-идің әшкерелеуіне қатты ашуланды, егер де ақын қайтыс болған анасына бола ауылға үш жылға кетпегенде, онда оны қуғынға жіберер еді. Ақын ауылда тұрып, өзінің хал-жағдайымен қарапайым шаруалардың жағдайын салыстырып, осының бәрін өзі істеп отырғандай ар-ұят алдында қатты қиналды. Оны әрдайым «Менің олардан жақсы тұруға құқығым бар ма?» деген сұрақ мазалай берді.

Бай Цзюй-и өлеңдермен ғана емес, өз істерімен де халыққа көмектесуге тырысты. 814 жылы ол жаңбырлы климат пен құнарсыз жерлері мол таулы, алыс түпкірпірдегі аймаққа әкім болып тағайындалды. Ол сол жақтың шаруаларына салықтардың төлеуін жеңілдеткісі келіп, төрелердің «ыңдындарын» басуға тырысты. Ордаға қайтқанда, Бай Цзюй-и ордадағы топтардың итіс-тартыс күресіне қатысудан бас тартып, қызметтен кетуге бел байлады.

832 жылы ол таулы аймаққа көшіп, бақ шаруашылығын бастады, өз өлеңдерін жазуды жалғастырып, өзінің әдеби мұрасын қалыпқа келтірді. Осыдан көп ұзамай Бай Цзюй-и 846 жылы қайтыс болды.

Бай Цзюй-и Таң дәуірі кезіндегі Қытай еліне тірі кезінде-ақ кеңінен танылған ең сүйікті ақыны болды. Бай Цзюй-и табиғат, жыл мезгілдері, түн пейзажы, ақын досы жайлы, өлең жайлы жырлар жазды. Ақынының поэзиядағы атақ-даңқы жұрт ішіне оның қарапайым халыққа деген махабатымен түсіндіріледі. Ол поэзия күрес құралы болатынын түсінген Қытай елінің алғашқы ақындардың бірі болды.

X ғасырдың басында Уаң Шянчжи, Хуан Чао (王仙芝、黄巢) басшылығындағы шаруалар көтерілісінің нәтижесінде Таң империясы құлады. Өзара соғыс кезеңі басталып, ол 960 жылы су жаңа Суң империясының пайда болуымен аяқталды. Суң дәуірі кезіндегі Қытай мемлекеті сауданың, өнеркәсіп, сурет өнері, халық ауыз әдебиеті мен театрлық көріністердің дамуымен ерекшеленді. Бұл дәуір кезінде халық ауыз әдебиетінде ұзын әңгімелер пайда болды – қарапайым қала тұрғындары жайлы әңгімелер, қолөнерші көпес жайлы, соғыс уақыты кезінде бір-бірінен айырылған жанұя жұбы жайлы әңгімелер. Бұл әңгіме табиғи ауызекі тілде жазылды.

XIV ғасырда бастауын аңыздар мен ауызша әңгімелерден алатын қытай классикалық романы қалыптасты. Ескі қытай романы қытай халық ауыз әдебиетінің көптеген ерекшеліктерін бойына жинақтады: оның тараулары өзіндік әңгіменің белгілерін сақтады, мұндай роман кейіпкерлерінің тілі – қарапайым, ауызекі тілге өте жақын болатын. Ал бұл кезде өлеңдер болса романның міндетті құрамдас бөлігі болып табылды.

Ең алғашқы «Өзен-көлдер туралы аңыз» (水浒传) атты қытай романы XII ғасырдың шаруалар көтерілісі жайлы аңыз-әңгімелердің өңделген нұсқасы болып табылады. Ауыздан ауызға көшіп жүрген бұл әңгіменің соңғы әдеби формасын жазушы Ши Най-ань (施耐庵1296-1370 жж.) жарыққа шығарды, соңыра XIV ғасырдың соңында жазушы Ло Гуанчжун (罗贯中) өңдеп, жетілдірді.

«Өзен-көлдер туралы аңыз» романында көтерісшілердің император әскерімен жүргізген батыл күресі сипатталады, шаруалар соғысына қатысушылардың ержүректілігі өлең жолдарымен мадақталады, көптеген батырлардың тағдыры жайлы егжей-тегжейлі баяндалады...

Шын өмірде болған оқиғаларды сипаттайтын «Өзен-көлдер туралы аңыз» атты роман тарихта бірнеше рет таратуға тыйым салынса да, Қытай елінде танымал болып, кең сұранысқа ие болып жүрді.

Роман авторы жайлы (нақты айтсақ, романның редакторы мен әдеби өңдеушісі) - Ши Най-ан жайлы - ақпарат өте аз. Ол Қытай елін монғолдар жаулап алған кезінде өмір сүрді, ептеп-септеп кішкентай төре болып қызметіне орналасты, бірақ та қызметте көп болмай, ауылда тұрды.

Ши Най-ань романды халық арасында көтерілістер өрбіген шақта өңдеді, ол кезде қарапайым халықтың ақсүйектерге қарсы жүргізген күресінде көрсеткен ерліктерін жырлаған шығарма қылмыс ретінде қарастырылды. Тіпті халық арасында Ши Най-ань өзінің романы үшін қатал жазалаудан құтылу үшін біраз уақыт жасанды түрде есі ауысқан адам болып жүргені жайлы әңгімелер тарап жүрді.

Осы кезеңде XIV ғасырда «Үш патшалық» (三国演义)атты тарихи роман дүниеге келді. Бұл романда көнелік уақыттың оқиғалары жайлы баяндалады, яғни Қытай өзара күрес жүргізіп жатқан үш патшалыққа бөлінген уақыт жайлы баяндалады: Вэй, У және Шу. «Өзен-көлдер туралы аңыз» сияқты ауызша тараған әңгімелерден құрастырылған бұл романда шынайы адамдар сипатталады: Цао Цао - Вэй патшалығының патшасы, әйгілі Чжу Гэляң қолбасшысы, сүйікті халық батырлары: Чжоу Юй батыр, адал Чжан Фэй батыр, әділетті Гуань Юй батыр т.с.с. романда жасанды және әдеби түрде билік үшін көмескі және қызу күрес кезеңі жасалынады [5,13 б.].

Бұл романның әдеби өңделуін жоғарыда айтылған жазушы Ло Гуань-чжун жасады.

Жалпы бір ақиқат бар, ғасырлар бойы қалыптасқан қытай әдебиетіне шынайы дәстүрлердің жалғастығы мен орын басушылық қасиеттер тән.

Сөз болып отырған кезеңге жататын Қытай елінің ақындары мен жазушылары ізашарлардан халыққа жақын болу секілді барлық жақсы және прогрессивті қасиеттерді алды. Мысалға, Ли Бай Тао Юань-миннің мирасқоры болды, Бай Цзюй-и Ду Фу поэзиясын жалғастырды, Суң патшалығы уақытының әңгімешілері нәтижесінде көптеген драма негізіне жатқан Таң дәуірі кезеңнің новелла тақырыптарын қайталады; роман дала әңгімешілерінің айтуларынан құрылып, нәтижесінде өзі соңғы әңгімелердің негізіне айналды.

Ендеше Ұлы жібек жолы кезеңі тұсында Қытай елінде «көркем әдеби шығармашылықтың гүлденуі», «көркем әдебиеттің дамуы» жүзеге асты деуге толық негіз бар. Тіпті «Қытай тарихи жазбалардың атасы» Сыма Цяньнің (жаңа заманға дейінгі II ғасыр) шығармаларына тән нақтылы өмірді суреттеу жанры жаңа заманға дейінгі I-II ғасырда қалыптаса бастаған баяндау прозасының туындауына түрткі болды. Осы прозаның тағы бір қайнар көзі арнайы түрде патшаға халықтың көңіл-күйі туралы есеп беру үшін жазылып жүрген дала әңгімелері болып табылады. Қысқасы «Ұлы жібек жолы» кезеңінде Қытай елінде әдебиеттің негізгі жанрлары пайда болды: әңгіме, ұзақ әңгіме және роман. Жаңа заманға дейінгі I ғасырда Қытай елінде авторлық поэзия дамыды. «Жібек жолы» кезеңінің поэзиясы қытай әдебиетінің ең жоғарғы жетістігі болып саналады. Осы кезеңнің поэзиясын ақындық тарих, психологиялық лирика және лирикалық пейзаж деп атауға болады.

## ***2. Жібек жолы кезеңіндегі Қытай өнері***

Біз жоғарыда «Ұлы жібек жолы» кезеңіндегі қытай мәдениетінің ішіндегі соқталы да ауқымды бір саласы сөз өнерін – әдебиетті, оның сан-салалы жанрларының туып, қалыптасу барысын сөз еттік. Алайда қарастырылып отырған кезеңде Қытай елінде мәдениеттің бұл түрінен басқа әуен, сурет өнері, театр, қолданбалы өнер мен мүсін өнері сияқты жанрлар да өте қарқынды даму деңгейінде болды, олардың барлығы әдебиет сияқты Таң дәуірі кезінде жоғары деңгейде дамыды. Енді біз төменде «Ұлы жібек жолы» кезеңіндегі қытай өнерінің бірнеше жанрларына қысқаша тоқталамыз.

Қытай елінде театр өнері біртұтас мемлекет болмай тұрған кезден бастап қалыптаса бастады. Меншік бектіктері өз ордаларында сарай қуақыларын, аңдарды үйретушілер мен алуан түрлі тойлар кезінде қонақтардың көңілін көтеретін әртістерді ұстады. Әртістер сонымен қатар діни рәсімдер кезінде өлең айтып, би биледі.

Ежелгі жазба деректерде, осыдан екі мың жыл бұрын өзінің өнер шеберлігімен атақты болған адамдардың аттары сақталғаны, атап айтқанда Ли биші, оның бидегі қырпулы қимылы мен керемет дарындылығы үшін оны «ұшатын қарлығаш» деп атады, сатирик әрі дарынды қуақы Дунфаншо; музыка шебері Чжоу Лан т.с.с. театр дарындарының есімдерін кездестіреміз.

VII ғасырда император сарайының алмұрт бағында жігіттер мен қыздарды әнге, биге және музыкаға үйрететін театрлық мектеп құрылғаны белгілі. Таң Шуанзун императордың өзі музыкалық пьесаларды шығарып, оркестрді басқарды. «Алмұрт бағы» деп аталатын мектеп қытай халқының театр өнерінің дамуына үлкен үлес қосты.

Біртіндеп мемлекеттің алуан түрлі аймақтарында тұрақты театр топтары құрыла бастады. Жергілікті театрлар бір-бірінен орындау тәртібі, киімдері, бет бояулары, сюжеттер трактовкасы негізінде ерекшеленді. Осының бәрі дәстүрлі болып саналып, әртістердің бір ұрпағынан екінші ұрпағына ауысып отырды.



«Қытай елінің театр өнері басқа елдердегідей архаико-діншілдік дәстүрлерден бастау алады, салттық акцияларға табынушылық және аймақтық қатысына қарай алуан түрлі тиістілігіне қарай туындайды» [6,3]. Бұларға, біріншіден, аңдар терісі мен қорқынышты бетқаптар киіп шығатын, салтанатты жүрістері бар сыйқырлы ойындар (мысалға, «Ірі аластау» тазалау ырымының сценарийлеріне жатады) жататын болса, екіншіден, құдайы кейіпкерлерінің өмір эпизодтарын көрсететін сыйқырлы қойылымдар жатады. «Чу жырлары» негізінде құрылатын мұндай ойындар Чу діншілдік дәстүрлерге тиісті болып қала береді. Олар жергілікті молдалармен белгілі бір сценарий негізінде ойнатылды және оның құрамына диалогтік және хор түрі бөліктері кірді. Үшіншіден, ордада өткізілетін театр қойылымдары, мысалға, көптеген жазба мәліметтер бойынша чжоулықтардың инь мемлекетін жаппай шабуылдауын көрсететін чжоулық «Үлкен әскери би» қойылымы.

Театр ақсүйектер дәстүрі болып қалыптасу әрекетінің басталуы хань кезеңіне сәйкес келеді. Жазба мәліметтер бойынша хань империясының астанасында «жүз ойын» көрсету үшін арнайы құрылымдар болды, ал қалашықтарда – көрермендерге үш түрлі көрініс көрсететін орындары болатын кең алаңдар салынды. «Жүз ойын» деп бишілер, музыканттар мен акробаттар сияқты әртістердің өнерін көрсетуден тұратын алуан түрлі қойылымдарды атайды. Хань кезеңінен бастап күрделі қойылымдарды көрсету үшін техникалық құрылғылар болғаны белгілі, мысалға, доңғалақтар шеруі, мамандандырылған сахналық ойындарды және трансформацияларды жүзеге асыру: сахнаға тұман жіберу немесе қар жауғызу, көрермендер алдында жануарларды бір түрден екінші түрге ауыстыру т.с.с. Бірақ та бұл кезеңге тән қытай еліндегі театр өнерінің эволюциясы әлі де драматургия жанры және көне театрлармен салыстыруға болатын театрдың нақты формаларының туындауын әкелмеді.

Алты бектік кезеңі үшін солтүстік вэй билеушілердің сарайларында ұйымдастырылатын алуан түрлі әуендік және би қойылымдарының өткізілгені белгілі.

Таң дәуірі кезінде далалық театр қойылымдары қала мәдениетінің бөлінбес бөлігіне айналды. Бұл уақытта театр қойылымдарының бірнеше жеке-дара түрлері қалыптасты: әуендік-би билейтін, әуендік-ойын ойнатылатын, диалогтік қойылымдар, құрамына өлең айту, би билеу, диалог және сахналық ойын, сонымен қатар қуыршақ театрын қосатын синтетикалық қойылымдар. Орта ғасырлық Еуропадағы сықылды сауатты қала көрермені арасында ерекше танымал фарс қойылымдары бөлінді, онда көбіне екі әртіс арасында саяси суырып салмалық диалогпен ойналып, астаналық шенеуніктер келемежделіп, соңында күлкілі ойынмен аяқталады.

Таң дәуірі кезеңіне сонымен қатар алғашқы драма алдындағы туындылардың пайда болуы да жатады, атап айтқанда тұтас фабулалы және ампула жинағы бар бүтін пьесалар. Осындай пьесалардың біреуін 904 жылы ордада көрсетілгені жайлы мәліметтер сақталған. Ол пьеса ел басындағы

билеушінің келуі кезінде қойылды, бұл танымал қалалық және элитарлы мәдениетті елдерде театрлық өнер дәстүрінің дамуын дәлелдейді. Драма алдындағы шығармаларға Таң және Суң кезеңінің «Үлкен ариялар» (дачүй) туындылары жатады. Біздің уақытқа дейін дачүй шығармаларының ондаған сценарийлері мен олардың шамамен 280 түрлі үлгісінің аттары сақталған. Дачүй аттары бойынша тақырып диапазонының кеңдігі және бұл шығарманың сахналық жүзеге асыруларының композициясын талдауға болады. «Үлкен ариялар» үш бөлімнен тұрады. Біріншісінде оларда музыкалық элемент басым болса, екіншісінде – сахна-эпизодтарының, шамамен 50-дейінің жиынтығынан тұратын сахналық әрекет басым болды. Үшінді бөлімде бишілер би билейді.

Бірақ та Қытай елінде шынайы драмалар мен театр өнерінің пайда болуы тек юань кезеңі кезінде жүзеге асты, бұл театр дәстүрлеріне қатысты сыртқы факторлардың әсерімен түсіндіріледі. Бір жақтан, өзінің шығу тегі бойынша театр өнерінің қарапайым халық туындылары болып саналғандықтан, театр моңғол халқының құрамындағы ақсүйектердің білім мен көркем талғамдар деңгейіне сәйкес келді. Екінші жақтан, астарлық қабілеті негізінде театр өнері жергілікті қытай зиялылары үшін өздерінің жаулап алушыларға қатысты жек көрушілік қатынасын білдірудің санаулы мүмкіндіктердің бірі болып саналды. Юань патшалығы кезіндегі драмалық шығармалардың көп бөлігін тарихи тақырыпта жазылған пьесалар құрайды.

#### **Зерттеу методологиясы**

Зерттеудің әдіснамалық құралдарына аксиоматикалық, гипотетикалық, абстракция сонымен қатар жеке ғылыми әдістер сияқты жалпы философиялық әдістер кірді. Салыстырылатын объектілер мен құбылыстардың бірдей немесе әр түрлі сипаттамаларын анықтау мақсатында жүйелі, институционалдық және тарихи әдістермен үйлестіре отырып, салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды.

#### **Талқылама**

«Ұлы жібек жолы» кезіндегі Қытай елінің сурет өнері ең алдымен жерлеу ескерткіштерінде байқалды, олардың көбісі хань династиясы алдындағы және хань кезеңіне жатады.

Салыстырмалы түрде күрделі композиция патшаның (императорлық) жерленген молаларынан табылған, олар қабірдің ішінен және жер бетіндегі бөліктен тұрады. Жерленген орындағы архитектуралық құрылымдар – арнайы жасатулар, қабырғалар (қала қабырғасының моделіне ұқсас), I-II ғғ. бастап «аруақтар жолы» деп аталатын тастан жасалып, монументті мүсін орнатыла бастады. Мұндай композиция Қытай елінің ұзына тарихы бойына жалғасты. Императордың жерленген жерлері Лояң (кейінгі Хань кезеңіне тән) аймағында, Чаңан (қазіргі Си-ань қаласы) (ілгергі Хань және Таң кезеңдеріне тән) аймақтарынан табылды

Зиялыларды жерлеу орындар да үйінді, тас мүсіні немесе стела түріндегі жер бетіндегі бөліктерден тұрды. Кейінгі Хань кезеңдерінде шығыс

жағалау аймақтарының қорымдары өзгешелігіне жер бетіндегі құрылыстар – тас плиталарынан құрылған және рельефтермен қоршалған цитандар тән.

Хань династиясы уақытының монументалды жерлеу мүсіні ішінде фантастикалық жануарлар бейнелері басым – «қанатты арыстандар» деп аталатын бейнелер, олар болмыста мысық тұқымдастардан жыртқыш жануарды суреттейді, бірақ та оның басқа зооморфты бөлшектері болады: басында мүйіз, қанаттар және жылан тәрізділердің құйрығы т.с.с. Болашақта «қанатты арыстандар» басқа да бейнелерге толады – «қанатты аттар», «жалғыз мүйізді – цилинь» (独角麒麟) және т.б. Арыстан (шицзы - 狮子) бейнелері қытай жерлеу өнерінде IV-VII ғасырларда пайда болды, ол алғашында екі түрлі күйде - «отырған» және «жүріп бара жатқан» бейнеде суреттелді.

Антропоморфты тас мүсіннің алғашқы әйгілі бейнелері де кейінгі Хань династиясы кезеңіне жатады. Нәтижесінде жерлеу ансамбліне екі негізгі тип бейнелері жатқызылды: қаралы (шерулік) киім киген жауынгерлер мен азаматтық төрелер.

Таң династиясы кезеңінен бастап арыстан бейнелері монументалды зайырлы мүсіннің міндетті құрамдас бөлігі болып қалды. Арыстандардың жұп мүсіндері (арыстанның еркегі мен ұрғашысы, көбіне аналығы күшіктерімен бірге суреттелді) алуан түрлі архитектуралық жиынтықтардың стандартты бөлшегіне айналды. Бірақ та бүтіндей алғанда монументалды мүсіндеу көбіне жерлеу өнерінде кең қолданылды, атап айтқанда қытай мәдениеті көбіне нақты беттердің мүсін бейнелері түріндегі мемориалды ескерткіштерді жасау практикасын қолданбады.

Көне қытай бейнелеу өнерінің ең әйгілі және бірегей ескерткіші ретінде «Цинь-ши-хуан-дидың қыш әскері» деп аталатын туындыны атап айтуға болады. Ол ескерткіш – күйдірілген балшықтан жасалған жауынгерлер мен аттарға жегілген арбалардан тұрады. Бұл ескерткіштер 1974 жылы Си-ань аймағында (обадан шығыс жаққа 1,5 км жерде) орналасқан Цинь императорының көмілген жерінен табылды. Қазіргі таңда 14,26 шаршы метр жерді алып жатқан аумақтан шамамен ондаған мың шамалы жауынгер мүсіндері (қатардағы солдат, саңғұндар мен сардарлар), арбалар мен ат мүсіндері табылды. Мүсіндер әскери шеру кезіндегідей бейнеленген: солдаттар қатар-қатар сап түзеп, офицер басқаруындағы сапқа тұрғызылған. Әрбір фигура нақты дара заттар мен белгілерге ие: анатомиялық ерекшеліктер мен бет әлпеттері, шаш сәндері мен конфигурациясы, киім белгілері, қол пішіндері. Олар өнердің шынайы туындылары болып табылады – әрбір жеке жағдайда тек сыртқы белгілер ғана емес, ішкі бейне белгілері де суреттеледі. Бұл «қыш әскерлер» басқа археологиялық ескерткіштерге қарағанда көне қытай сурет өнерінің даму деңгейі жоғары болғанын көрсететін айқын дәлел болып табылады.

Ежелгі «Ұлы жібек жолы» дәуірі кезінде сонымен қатар зайырлы қоғамның сурет өнері де қарқынды дамыды. Ол кезеңнің ең алғашқы оның көрнекті өкілі ретінде және мықты туындысы ретінде әйгілі суретші Гу

Кайчжины (顾恺之- 344-406 жж.) және «Ло өзенінің перизаты» және «Көнеліктің әйгілі әйелдері» деп аталатын еңбектері атап айтуымызға болады. Бірінші сурет Қытай елінің сол тұстағы атақты ақыны Цао Чжиның поэмасы негізінде салынған, ол поэма бойынша лирикалық кейіпкер Ло өзенінің билеушісімен кездеседі. Гу Кайчжиның суреті ұзын көлденең шиыршық қағаз түрінде болып, ол бірнеше үзінділерден тұратын еді. Ло перизатының бейнесі мен Цао Чжи мен оның нөкерлері бар көп фигуралы композициясы. Сурет әрекеті мөлдір ақ-жасыл және ашық қоңыр-қызыл бояумен салынған пейзаж бейнесінде жүзеге асырылған. Бұл пейзаж шиыршық қағаздағы барлық үзінділерін біріктіреді. Екінші сурет - жеке композициялардан тұратын көлденең шиыршық қағаз, композицияның әрқайсысы көне ғасырдың әйгілі әйелдердің өмірін суреттейді, атап айтқанда композицияға көбіне император әйелдерінің өмірлері арқау болған. Жалпы алғанда, суретші Гу Кайчжины болашақтағы ұлттық сурет өнерінің басты жетекші жанрларының, әсіресе портрет, тұрмыстық және пейзаждық жанрлардың негізін салушысы деп атаған орынды.

Портрет жеке дара және бөлек жанр ретінде тек Таң дәуірі кезеңі кезінде алға шыға бастады. Шерулік портреттің мұзжарғыш өкілі ретінде суретші Ян Либэньді айтуға (阎立本- VII ғасыр) болады. Оның «Көне династиялар билеушілері» атты суретінде хань династиясы кезеңінен бастап VI ғасырға дейін билік басында болған он үш монарх иелері бейнеленген.

Тұрмыстық сурет өнері жанры да Таң дәуірі кезінде қарқынды дами бастады. Ол көбіне сарай ішіндегі және қарапайым халық сахналарды бейнелеумен көрінді. Бұл жанрдың ірі өкілдері ретінде «Желпушілері бар белгілі әйелдер», «Го елі ханымдарының көктемгі ойыны» атты суреттерді салған Чжоу Фаң (周昉 - шамамен 780-810 жж.) мен Чжаң Шуань (张萱 - VIII ғасыр) танылады.

Бірақ та Қытай елінің сурет өнерінде басты орын пейзаж жанрына беріледі. Таң дәуірі кезінде пейзаждық сурет өнерінде екі бағыт болды – «мамандырылған» («ресми сурет өнері») және «мамандырылмаған» («бейресми сурет өнері»). Пейзаждық сурет өнерінің бірінші бағыт өкілдеріне орда суретшілері жатады, себебі оларда арнайы дайындық болды және олар көбінде орда тапсырыстары мен астана ақсүйектерінің тапсырыстарын орындайтын. Екінші бағыттың өкілдеріне сол кездегі қоғамдағы білімді элитаның тобы жатады, олар практикалық машықсыз-ақ бос уақыт тапқан кездерінде сурет салып күнелтетін. «Ресми сурет өнеріне» композиция монументтілігі, сызықтар айқындылығы, түстік гамманың молшылығы мен жарықтылығы тән еді. Бұл бағытқа жататын сурет, мысалға, Таң дәуірі кезеңінің жетекші сарай суретшісі Ли Чжаодао (李昭道 шамамен 670-730 жж.) салған «Мин Хуан императорының Шу аймағына саяхат жасауы» (明皇幸蜀图) атты суреті. Суретте тау шыңдарының бойымен өтіп жатқан император кортежі бейнеленген. Сурет қанық көк, жасыл және ақ бояулармен салынған, ал бейнелер контур бойынша алтын сызықтармен қоршалған.

Екінші бағыттың көрнекті өкілі ретінде Таң дәуірі кезіндегі жоғары лауазымды төре, әрі айтулы ақын Уаң Уэйдің (王维- 699-761 жж.) шығармаларын айтуымызға болады. Оның суреттері сурет өнерінде осы екі бағыттың негізгі ерекшеліктерін көрсетеді. Уаң Уэй қара сияны көбірек қолданып, лирикалық сипаттағы табиғат суреттерін салды. Ол көбіне «қар» тақырыбында көбірек жұмыс істеді. Осының дәлелін суретшінің «Қар жамылған тау баурайындағы ауыл», «Қар өткелі», «Қар жамылған өзенге тамсану» секілді әйгілі суреттерін атауымызға болады.

1104 жылы Кайфың қаласында сурет салу Академиясы ашылды. Бұл мекеме негізі о баста кәсіби суретшілерді дайындауға арналып салынған болатын. Академияда сабақты арнайы білімі бар және мамандырылған, бірнеше жыл сурет салу және теориялық практикасы бар орда суретшілері берді. «Академиялық мектептің» жетекші өкілі және оның негізгі теоритигі ретінде әйгілі суретші Го Сюйді (1020-1090 жж.) атауға болады.

Табылған археологиялық материалдардың дерегі бойынша жібек шаруашылығы мен жібек тоқу кәсібі Қытай елі тарихының неолит дәуірі кезеңіндегі халыққа белгілі болған. Жібек тоқу шаруашылығы кең қолданысқа және технологиялық жетілгендікке Хань патшалығы кезінде жетті. Таң дәуірі кезеңі жібек шаруашылығының өркендеуі көбінде түркі тілдес халықтарынан технологиялық әдіс-тәсілдерді (жүн тоқымашылына қатысты) қабылдап алу мен Қытай елінде алуан түрлі бояулардың пайда болуының нәтижесінде мүмкін болғаны жасырын емес. Осылайша қытай жібектерінің көптеген типтері, мысалға, атлас пен зерлі мата VII-VIII ғасырларда пайда болды.

Ежелгі «Ұлы жібек жолы» кезінде Қытай елінде фарфор пайда болды. «Фарфор» сөзі - парсы тілінен шыққан сөз әрі ол «императорлық» деген мағынаны білдіреді. Мұндай атау қытай фарфорын басқа елдерде ерекше жоғары аса бағаланатынын түсіндіреді. Орта ғасырлық Еуропада кездейсоқ жағдайда табылған қытай бұйымдары асыл заттар ретінде бағаланды [7, 77 б.]. Ал Қытайдың өзінде фарфор тек жергілікті керамика түрі ретінде саналды: оның бірегей терминологиялық аталуы – «глазирленген каолинді балшық».

Фарфордың тікелей негізін салуға мұрындық болған халық арасында «жасыл керамика» деп аталатын материал болып табылады. Каолинді балшық бен құмның қоспасынан жасалынған және сұр-жасыл мен қоңыр-сұр түсті глазурьмен қапталған бұйымдар. Мұндай бұйымдар шамамен б.з.д. III ғасырда Қытайдың оңтүстік бөлігінде дайындалды.

Керамиканың селадондар деп аталатын тағы бір түрі фарфор шыққаннан кейін де жасала берді, бірақ оның түстік гаммасы сәл-пәл өзгеріске ұшырады. Селадондар каолин балшығынан және «фарфор тасынан» жасалды. Селадондардың кең даму кезеңі Суң дәуірі кезеңіне сәйкес келеді. Олар Қытай және Еуропа елдерінде асыл тастардан жасалған бұйымдарына ұқсас болғасын айтарлықтай әйгілі болды.

Таң дәуірі кезеңінің фарфор мен керамикасы ақ балшықтан жасалған көне бұйымдарға да ұқсас болды. Одан жасалған ыдыстар дөңгелек формалы және үлкен пішінді болып келетін. Бұл көбіне ауыр ақ түсті құмыралар мен көк түсті немесе сары түсті дақтармен әдіптелген жасыл ыдыстар. Көмілген жерлерде кіші пішінді керамикалық ыдыстар да сақталды. Таң дәуірі кезеңінде көбіне монокромды фарфор бұйымдары жасалды – олар ақ глазурьмен қапталды.

Суң дәуірі кезінде фарфор өнеркәсібінің бірнеше орталықтары болды, ол орталықтарда ақ түсті, көк және күлгін глазурьмен қапталған фарфорлар жасалды. Шамамен X ғасырда Жиндэжэнь (景德镇) ауданында шеберханалар анықталды, оларда император сарайына фарфорды жеткізетін және жеке өндіріс тапсырыстарын орындайтын барлық қазыналық шеберханалар топталды[8,158 б.]. Миң, Чиң дәуірі кезеңдерінде және қазіргі Қытай елінде Жиндэжэнь ауданының фарфоры барлық фарфор өндірісіне жетекші үлгі болып саналады.

### **Нәтиже**

Ал «Ұлы жібек жолы» кезеңіндегі қытайдың музыка және би өнері туралы әңгіме тіпті күрделі әңгімеге арқау болмақ. Сондықтан ол туралы сөзді алдағы күндердің еншісіне қалдырып, бүгінгі тақырыпқа осы арада нүкте қоямыз.

### **Қорытынды**

Қорытып айтқанда, жоғарыда біз сөз еткен қытайдың әдебиеті мен өнеріндегі жаңғыру мен даму тек ішкі импульстің әсерінен ғана емес, керісінше көбірек сырттан келген жаңа ой-сананың түрткілік рөлінен болғаны жасырын емес. Ал ол «жаңа ой-санаға» елге кіруіне мұрындық болған «Ұлы жібек жолы» болатын. Демек, Хань, Таң, Суң дәуірлері кезінде Аспан асты елінің әдебиеті мен өнерінің ең бір гүлденген дәуірі болып есептелетін болса, оның міне осындай тарихи себебі, негізі бар еді.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКЕР ТІЗІМІ:**

- 1.中国文学史(上卷, 章培恒、骆玉明主编)  
上海: 复旦大学出版社, 1997.-481页.
2. <https://baike.baidu.com/item/帛书/2740690>.
- 3.陈君《汉书》的中古传播及其经典意义//上海大学学报(社会科学) 2017,№ 2. 54-72.
4. 简明中国文学史(孙静主编).- 北京: 北京大学出版社, 2001.-558页.
5. Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А. Қытай филологиясына кіріспе. – Астана: Күлтегін, 2004. -237б.
6. 田本相.中国话剧. - 北京: 文化艺术出版社, 1998. – 148页.
- 7.阿里·玛扎海里(法). 丝绸之路. – 乌鲁木齐: 新疆人民出版社,2006.-473页.
8. 邓福星、黄兰.中国美术. - 北京: 文化艺术出版社, 1998. – 174页.

*Dr. Kaihe. AisinGioro*

## **A CASE STUDY OF THE HUIHUI GROUP IN ITS INFANCY: RELATIONS WITH EASTERN ETHNIC GROUPS**

***Abstract:** In Huihui's changing beliefs after migrating to Central Asia, the relations with the surrounding ethnic groups were an important reason for Huihui to change his name and religious beliefs. The previous research on Hui hui with Donghu is not thorough enough. This article aims to comprehensively review the diplomatic relations of the Huihui with its non-Chinese ethnic group in the East, such as Kitai, Jurchen, and even more Xixia (Tangut), to study the diplomatic development of this redefined Turkic Islamic group. I argue that the Huihui changed their religious beliefs and formed new cultural ideologies in the long historical development determined by the region where they lived. The influence of the surrounding foreign ethnic groups, such as Donghu on them, could not be ignored. It indicates that Huihui is passed down in the same line; in terms of research methods, the process of the foreign relations of Huihui is argued from the perspectives of linguistics, ethnology, cultural anthropology, and religious studies by comparing multilingual documents in Central Asia, West Asia, and also East Asia. This article will show the foreign relations appearance of the Huihui group in the early days of its formation.*

***Keywords:** Huihui, Huihe, Uyğur, Donghu, Liao, Kitai, Xixia, Kara Khitai, Kara-Khanid Khanate.*

*Др. Кайхэ. Айсин Джиоро*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ГРУППЫ ХУЭЙХУЭЙ В ПЕРИОД ЕЕ СТАНОВЛЕНИЯ: ОТНОШЕНИЯ С ВОСТОЧНЫМИ ЭТНИЧЕСКИМИ ГРУППАМИ**

***Аннотация:** Отношения с окружающими этническими группами были важной причиной того, что Хуэйхуэй изменили свое имя и религиозные убеждения после миграции в Центральную Азию. Предыдущие исследования о Хуэйхуэй с Донху недостаточно основательны. Цель данной статьи - всесторонне рассмотреть дипломатические отношения Хуэйхуэй с некитайскими этническими группами на Востоке, такими как китаяи, чжурчжэни и даже в большей степени сися (тангуты), чтобы изучить дипломатическое развитие этой неопределенной тюркской исламской группы. Я полагаю, что хуэйхуэй изменили свои религиозные убеждения и сформировали новые культурные мировоззрения в ходе длительного исторического развития, определяемого регионом их проживания. Влияние на них окружающих иноэтнических групп, таких как донху, нельзя было игнорировать. Это указывает на то, что Хуэйхуэй происходит по одной и той же линии; что касается методов исследования, то процесс внешних*

связей Хуэйхуэй рассматривается с точки зрения лингвистики, этнологии, культурной антропологии и религиоведения путем сравнения документов на разных языках в Центральной Азии, Западной Азии, а также Восточной Азии. В статье показан внешнеполитический образ группы Хуэйхуэй на раннем этапе ее формирования.

**Ключевые слова:** Хуэйхуэй, Хуэйхэ, Уйгур, Донху, Ляо, Китай, Сикся, Кара-Кхитай, Кара-Ханидское ханство.

*Др. Кайхэ. Айсин Джиоро*

## **ХУЙХУЭЙ ТОБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЗЕРТТЕУІ: ШЫҒЫС ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**

**Аннотация:** айналадағы этникалық топтармен қарым-қатынас Хуйхуэй Орталық Азияға қоныс аударғаннан кейін олардың аты мен діни сенімдерін өзгертудің маңызды себебі болды. Хуйхуэй мен Донху туралы алдыңғы зерттеулер жеткілікті мұқият емес. Бұл мақаланың мақсаты-Хуйхуэйдің шығыстағы Қытай емес этникалық топтармен, мысалы, Қытай, юрчен және одан да көп сисямен (тангут) дипломатиялық қатынастарын жан-жақты қарастыру, бұл белгісіз Түркі Ислам тобының дипломатиялық дамуын зерттеу. Менің ойымша, хуйхуэй діни сенімдерін өзгертті және олардың өмір сүру аймағы анықтаған ұзақ тарихи даму барысында жаңа мәдени дүниетанымдар қалыптастырды. Оларға донху сияқты айналадағы шетелдік топтардың әсерін елемеуге болмайды. Бұл Хуйхуэй бір жолда жүретінін көрсетеді; зерттеу әдістеріне келетін болсақ, Хуйхуэй сыртқы байланыстар процесі лингвистика, этнология, Мәдени антропология және дінтану тұрғысынан Орталық Азиядағы, Батыс Азиядағы, сондай-ақ Шығыс Азиядағы әртүрлі тілдердегі құжаттарды салыстыру арқылы қарастырылады. Мақалада Хуйхуэй тобының оның қалыптасуының алғашқы кезеңіндегі сыртқы саяси бейнесі көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Хуйхуэй, Хуйхэ, Ұйғыр, Дону, Ляо, Қытай, Сексе, Қарақытай, Қарахан хандығы.

### **Central Asia, Liao遼, and Kara Khitai西遼**

At this time, far away in Uygur's homeland to the east, a Khitan hero named Yelü Abaoji 耶律阿保机 established a massive Khitan regime in 916 A.D.; the land starting from the Amur River Basin in the east to Ganzhou 甘州 (now Zhangye 张掖) and in the north to Kherlen River 克鲁伦河, in the south occupies 16 State of Youyun 幽云十六州. According to the History of the Hui 《回族史》 "Although there have been frequent regime changes in Central and



Western Asia and Northwest China, the exchanges between the Liao Dynasty and various Islamic countries and regions have not been interrupted. "

At this point, when Abbasid Caliphate, also known as Heiyidashi 黑衣大食, according to "History of the Liao. Taizuji 《辽史.太祖纪》 record" In the second year of Tianzan 天赞二年(924 A.D.) Liao and Abbasid Caliphate connected; in the September, "The envoy of Abbasid Caliphate came" Abbasid Caliph Muktadir 哈里发穆克塔迪尔(المقتدر بالله، أبو الفضل) sent an envoy to the Liao. The envoy of the Abbasid Caliphate came 大食国来贡 needs to be questioned. I did not find relevant records in the relevant Arabic literature. In the Abbasid Caliphate dynasty, its kings a mission to Russia through Central Asia to explain at the invitation of the King of Bulgaria, and there is no record of being sent on a mission to the more East. In addition, there is a paragraph in "History of the Hui 《回族史》" about the ninth years of Kaitai 开泰九年 in October 1020 A.D. and 1021 A.D., "The Abbasid Caliphate sent envoys into elephants and gifts twice and asked for his son to marry the Khitan princess.<sup>4</sup>", "canonizing Prince Banlang Husli's daughter Klao as a princess and marrying Abbasid Caliphate Prince.<sup>5</sup>" "The understanding of Central Asia became vague at that time. It was called a large and small Dashi; the Dashiguo 大食国, referred to the Abbasid Caliphate dynasty west of Khwarazm. The Xiaoshiguo 小食国 refer to the Kara-Khanid Khanate. In "WenxianTong Kao 《文献通考》" Volume 346 卷三四六 "Khitan 《契丹》" contains: "Gaochang 高昌, Qiuci 龟兹, Khotan 于阗, Daxiaoshi 大小食, Ganzhou 甘州 people trade with each other.<sup>6</sup>" The Xiaoshi 小食 here is the Kara-Khanid Khanate; in the 14th year of Tonghe 统和十四年 Liao Shengzong 辽圣宗(November 996 A.D.), Allan Ali Ben Musa Khan 阿尔斯兰阿里.本.穆萨汗 (علي بن موسى) Sending an envoy to propose marriage for his son, but was not accepted<sup>7</sup>. By March 1021, Shengzong of Liao agreed to marry his clan daughter to the "Prince of Da Shi." In 1047 A.D., in the 16th year of Chongxi 崇熙十六年 of Liao Xingzong 兴宗, the "King of Uyğur Arslan (Khahan of Kara-Khanid Khanate) and Khitan princess got a kid, they sent an envoy to

---

<sup>4</sup>"国两次遣使进象及方物，并为其子册割请婚。"

<sup>5</sup>"封王子班郎君胡思里女可老为公主嫁之。"

<sup>6</sup>"高昌、龟兹、于阗、大小食、甘州人时以方物货至其国，交易而去。"

<sup>7</sup> "Liao History" Volume 13 "Shengzong Ji" 4 ) 《辽史》卷十三 《圣宗纪》四

let Liao's King know this news. "<sup>8</sup> This overlaps with the Abbasid dynasty Prince's marriage proposal in the "History of the Hui." Therefore, I argue that the author confuses two Dashi 大食. Misunderstood the Kara-Khanid Khanate as the Abbasid Caliphate. Moreover, it took a long time to travel from West Asia to Northeast Asia at the time, and Kara-Khanid Khanate bordered Liao. According to the Liao historical document,<sup>9</sup> the Kara-Khanid Khanate sent envoys to the Liao 16 times; 13 times were a tribute, two times to ask for marriage, and one time for help. During the Liao Dynasty, the Kara-Khanid Khanate and the Liao were friendly.

However, the affirmative statement in "History of the Hui" that Muslims live in the Liao territory has an insufficient basis. It is only evidenced by the Liao Dynasty construction of the Niujie 牛街 Mosque in Liao's Nanjing 南京 (Beijing) in the 14th year of Tonghe 统和十四年 (996 A.D.), but later generations have verified it. It is also not historical facts. According to the 205th volume of "Yuan Shi" 《元史》二零五卷 and the inscription on the Huihui scholar's grave 筛黑坟 in the temple of worship, it is proved that the temple should be built at the first year of the Zhiyuan 至元元年 of Yuan Dynasty, Official Zhongshu Pingzhang Zhengshi 中书平章政事 Huihui people Ahama (احمد) and his sons built this Mosque in around 1280 A.D.

East Hu 东胡's first invasion of Central Asia: "The Muslims in Xiliao is the main source of Hui people in the Yuan Dynasty."<sup>10</sup> "In 1124 A.D., the Daliao XingGuo Jiedu Shi 兴国节度使 Yelü Dashi 耶律大石 parted ways with Emperor Tianzuo 天祚帝 of Liao, Dashi 大石 led two hundred horses to the north of Kedun City (the upper reaches of the Tula River in Mongolia), he met the leaders of seven states from eighteen tribes, they supported him to stand on his own. Dashi started his invasion of Central Asia in 1132 A.D. in Yemili 叶密立 (now Xinjiang Emin 额敏); he proclaimed himself emperor as Gurkhan 菊儿汗, also called Emperor Tianyou 天佑皇帝, reign name is Yanqing 延庆, known as Kara Khitai 西辽 in Chinese history, Central Asia called it Kara Khitan. (قرا خیتان 黑契丹)

---

провинцияларда орналасқан қалалардағы оқу орындарына жіберіле бастады. Пекин, Шанхай сияқты ірі қалаларға белдеудің бойында орналасқан мемлекеттерден зерттеумен айналысатын жастар тартылды. Қазақстаннан Қытайға барып оқитын жастардың арасында да магистранттар мен докторанттар көбейді. Оларға бекітіліп берілген зертеу тақырыптары тікелей Қазақстанмен байланысты болды. Яғни, өз саласы бойынша Қазақстанға қатысты тақырыпты қытайларға зерттеп беріп жатыр деген сөз. Ол жас зерттеушілердің дені бұрын қытай тілін мүлде оқымағандар. Қытайға барғаннан кейін бір жылдық қана тілдік дайындықтан өтеді. Алайда, бір жыл ғана қытай тілін оқу, зерттеумен айналысуға, қытай тілінде ғылыми еңбек жазуға мүлдем жеткіліксіз. Олар елден жиған-терген материалдарын қытайға тасуда және адам жалдап болса да қытай тіліне аударуда. Бұл қытай үшін өте тиімді амал болып отыр. Түрлі салада зерттеумен айналысатын, сол елдің тілі мен жағдайын жақсы білетін маман дайындау үшін Қытай орасан зор шығын мен уақыт зая кетіретін еді. Бір ғана мысал, Қазақстан жоғарғы оқу орындарында бакалавр деңгейін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, магистратура немесе докторантураны Қытайда жалғастырып жатқан ізденушілерге қазақ фольклорына, эпостарына, аңыз-ертегілеріне, салт-дәстүріне, аңыз-эпсаналарына, қисса-дастандарына қатысты тақырыптар беріледі. Эпостардағы кейіпкерлердің ер жүрек батыр, елін-жерін сүйетін тұлға болып қалыптасуына қандай факторлар әсер ететінін зерттеп-зерделеу тапсырылады. Мұнан бөлек, бала тәрбиесі, отбасы құру, ерлі зайыптылар, туған-туыс, ағайын-бауыр арасындағы қарым қатынастың негізінде қандай принциптер тұрғаны, тіпті аңыз-ертегілердегі аждаһа, жалмауыз кемпір, жын, пері, дию, жезтырнақ сияқты мистикалық кейіпкерлердің артында қандай образдар тұрғанын қарастыру сияқты нәзік мәселелер де назардан тыс қалып жатқан жоқ.

Бұлардың ішінде Қазақстанның экономика, қаржы, логистика, оқу-ағарту, журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары, спорт және тағы да басқа көптеген салаларда зерттеумен айналысып жатқан жас ғалымдар жетерлік.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей Қытай «Бір белдеу - бір жол» бойында орналасқан елдердің тілі мен мәдениетін оқуды да қолға ала бастады. Осы саясаттың аясында ҚХР жоғарғы оқу орындарында Қазақстанның мәдени орталықтары мен қазақ тілін үйренетін топтар ашыла бастады.

2015 жыл Қытайдың жоғарғы оқу орындарында 3 бірдей Қазақ орталығы ашылды. Қазан айында Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар Ұлттық университеті мен Шанхайдың Тунцзи университеті арасындағы серіктестік меморандумы бойынша ҚХР-да ең алғашқы қазақ тілі мен мәдениетінің орталығы ашылды. Орталық Тунцзи университетінің кітапханасында жұмыс жасайды.

Сол жылдың қараша айында Шанхай шет тілдер университетінде тағы бір Қазақстан орталығы ресми ашылды. Бұл орталық Шанхай қаласындағы

Қазақстан Республикасының Бас консулдығы, «Болашақ» стипендиясының ресми администраторы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ және Шанхай шет тілдер университеті арасындағы келісіммен құрылды. Орталық шетел студенттер мен ғылыми қауымдастықты Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен және экономикада, сыртқы, ішкі саясатта жеткен жетістіктерімен таныстыратын орынға айналады. Сонымен қатар жақында қазақ тілі кафедрасын құру жоспарланып отырғаны айтылды.

Орталықты ашу барысында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ мен Шанхай шет тілдер университеті арасында «Болашақ» бағдарламасы бойынша қытай тілінің синхронды аудармашыларын дайындау туралы меморандумға қол қойылды. Шараға Қазақстан Республикасының Қытайдағы елшісі Нұрышев Шахрат пен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның президенті Ғ.Нығыметов қатысты [8].

Тура осындай орталық желтоқсан айында Пекин шет тілдер университетінде ашылды. Шараға Қазақстанның премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев арнайы келіп қатысты.

Б.Сағынтаев Пекин шет тілдер университеті мен Евразиялық Қытайды зерттеу орталығын ашуды жоспарлап отырған «Назарбаев университеті» арасында ғылыми-академиялық серіктестік орнату туралы ұсыныс жасады.

Қазақстан тарапының бірлесуімен ашылған мұндай орталықтардан бөлек, Қытайдың көптеген университеттері жанынан «Бір жол – бір белдеу» бойындағы елдерді зерттеу үшін көптеген ғылыми орталықтар құрылды. Яғни, мұндай әрекеттерден Қытайдың белдеу бойындағы елдерді жан-жақты зерттеуге жақсылап ден қойғанын байқауға болады.

2018 жылы ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты. Осындай мектептердің оқу бағдарламасы ҚР мемлекеттік бағдарламасына сай келеме, оны анықтаған адам жоқ.

Қытай үкіметі ендігі жерде Қазақстанның болашақ элитасын қалыптастыратын Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілі сабағын өтуді қолға алды. Қазір Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде қытай тілін оқытуды бастап кеткен.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 1 желтоқсанында Назарбаев зияткерлік мектебі оқушыларының қытай тілін үйренуінің маңызы зор екенін атап өткен болатын. Осы бастаманы қолдау және екіжақты достық қатынасты, мектептермен ынтымақтасты нығайту, сонымен қатар қазақстандық оқушылардың қытай тіліне деген қызығушылығын арттыру мақсатында деген сылтаумен 2019 жылдың қыркүйек айында Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшілігі ҚР Білім және ғылым министрлігіне 27,5 миллион тұратын қытай тілінің оқулықтарын сыйлады [9].

«Қытай тілін оқу – екі ел арасын жақындататын рухани құрал. Сондықтан біз тұрғындар бір-бірін жақсы танығанын, үйреніскенін қалаймыз. Тіл үйренуде мектеп жасы өте қолайлы кезең болғандықтан,



балаларға оқу барысында қолдау көрсеткіміз келеді. Келесі жылы мектеп саны 5-6 болып көбейеді деп үміттенеміз. Себебі қытай тілі, мәдениетіне деген сұраныс жоғары. Жақында ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездескенде Конфуций институтының санын арттыруды қолдайтынын айтты. Былтыр желтоқсанда Елбасы қытай тілін үйретуге мән беруді бастады. Сондықтан біз осы бастаманы қолдауды міндет деп білеміз. Елбасы мен президенттің тапсырмаларын іске асыру үшін әлі талай жұмыс істеуіміз керек. Болашақта екі елдің ынтымақтастығы мен серіктестігін нығайту үшін қытайтанушы, қытай тілін үйренушілердің саны көбейеді деген үміттеміз» - деді Чжан Сяо мырза [10].

Елшінің бұл сөзінен, Қытайдың Қазақстандағы қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын арттыру саясаты өте ұзақ мерзімді көздеп отырғанын аңғаруға болады.

«Бір жол – бір белдеу» аясында белсенді жүргізілген саясаттың арқасында Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетінің таралу аясын кеңейте түсетіні сөзсіз. Қытай үкіметінің қолдауымен Қазақстанның бірқанша жоғары оқу орындарында «Қытай мәдениетінің орталықтары» ашылды. Қазірге дейін Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орталықтар құрылды.

Қытай мен Қазақстанның мәдени мекемелерінің арасында өзара байланыс, қарым-қатынас жандана түсті. Мысалы, 2016 жылдың 31 тамызында Алматыдағы Ұлттық кітапхана жанынан «Қытай мәдениеті мен әдебиеті орталығы» ашылып, оған Қытайдан 7200 кітап әкелінді.

«Бір жол – бір белдеу» инициативасы жарияланға дейін Қытай мәдениетіне, қытай мейрамдарына қатысты іс-шаралар мен концерттер қытай тілін оқитын жоғарғы оқу орындарында ғана атап өтілетін. Және де мұндай іс-шаралардың ауқымы тым үлкен болмайтын. «Бір жол – бір белдеу» жобасы жарияланғаннан кейін қытай мәдениетін насихаттайтын іс-шаралардың ауқымы кеңейе түскенін байқауға болады. 2009 жылдан бері ҚХР елшілігі мен консулдығының күш салуымен, Қытайдың өнер қайраткерлерінің қатысумен өтетін «Көңілді көктем мейрамы», 2013 жылдан бастап Қазақстанның ірі қалаларында, үлкен концерт залдары мен сахналарында, БАҚ құралдарында кеңінен тарату арқылы атап өтілетін болды. Ал енді келесі 2013 жылы тура осы концерт ҚХР Ішкі Монголияның Ухай қаласынан келген әртістердің қатысуымен Алматы және Астана қалаларында үш бірдей сахнада өтті.

2014 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Чунцин қаласының ансамблдерінің қатысуымен Астанадағы Бейбітшілік және Келісім сарайында өтті. Бұл мейрам осы залда 2015 жылы Чжэнчжоу би және ән театрының әртістерінің қатысуымен өтті.

2016 жылы Қытайлық дәстүрлі жаңа жылды тойлау Алматы қаласында Абай атындағы Опера және Балет театрында өтсе, Астанада Бейбітшілік

және Келісім сарайында жалғасты. Гала-концертті ҚХР Синьцзян көркем театрының би және ән ансамблдері өткізді.

2017 жылы «Көңілді көктем мейрамы» гала-концерті Гуандун провинциясының Ұлттық оркестірінің қатысуымен Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының үлкен концерт залында өтті.

2018 жылы Көтем мейрамы «Ni Hao Zhong Guo» деген атпен Қарағанды қаласында да атап өтілді.

2019 жылы Қазақ Ұлттық музейінде «Көңілді көктем» деген атпен фотокөрме ұйымдастырылды.

Мұнан бөлек, кезінде қытай тілін оқитын оқу орындары жекелеп кішігірім атап өтетін Чун цзие мейрамы 2016 жылдан бастап, Алматы қаласы жоғарғы оқу орындары арасындағы Қытайдың «Көктем мейрамына» арналған мерекелік кеші болып, өте ауқымды іс-шара ретінде, дәстүрлі түрде атап өтіле бастады. Бұл іс-шараға Алматыдағы қытай тілі оқытылмайтын, қытайтанушы мамандық дайындамайтын оқу орындарының студенттері де белсенді түрде тартыла бастады.

Екі елдің арасында өткізіліп келе жатқан мәдениет күндерінің де ауқымы үлкейіп, іс-шаралардың сапасы мен саны арта түсті. 2013 жылдың қараша айында Қазақстанның Қытайдағы мәдениет күндері өтті. Осы мәдениет күндерінің аясында екі елдің өнер саласындағы, ғылым-техника, білім беру саласындағы мамандары мен делегацияларының өзара сапарлары жалғасып отырды.

Қорыта келгенде Қытай өзінің осы бастамасын іске асыру үшін, саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және рухани-мәдени салада жаппай пәрменді жобалар мен шаралар іске асырып келеді. ҚХР көрші мемлекеттерге қытай тілін белсенді таратумен қатыр, сол мемлекеттердің тілі мен мәдениетін оқуға ден қойды. Осы саясатты іске асыратын құрылымдар мен мекемелер құрып, олардың мақсат-міндеттерін айқындады. Қытайдың ЖОО-ында қазақ тілі кафедралары мен Қазақ мәдени орталықтары ашылды. Ғылыммен айналысып жүрген жас зерттеушілерге Қытайға барып оқуға, ғылыми атақты сол жақта қорғауға жағдай жасады. Бұл мамандардың зерттеу тақырыбы негізінен Қазақстанды іштей танып-білуге бағытталғанын байқауға болады.

Қытай Қазақстандағы Конфуций институттарының санын 5-ке жеткізді. Әлі де ашуға ниетті. Қытай тілін оқытуды еліміздің болашақ элитасын дайындайтын Назарбаев зияткерлік мектептерінде оқытуды бастап кетті. ҚХР-дың Алматыдағы Бас консулдығының қолдауымен Алматыда «Үміт» деп аталатын қытай тілін оқытатын мектепті де ашты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени іс-шаралардың ауқымы кеңейіп, мазмұны жан-жақты тереңдей түсті.

Қытай мен көрші елдердің тұрғындары арасындағы байланыс пен қарым-қатнастың ауқымының кеңейуі, шекара аймағындағы визасыз сауданың қарқынды дамуы, Жаңа Жібек жолы экономикалық белдеуі жобасы аясында өндіріс орындары мен инфрақұрылымның соғылуы, бірлескен

кәсіпорындардың ашылуы көрші елдердің тілін меңгерудің қажеттілігі арттыра түсетіні даусыз. Қалай болғанда да, «Бір жол – бір белдеу» жобасын ұсынумен қатар, Пекин өзінің лингвистикалық стратегиясына да үлкен өзгерістер енгізе бастағаны айқын.

Қытай «Бір жол – бір белдеу» инициативасын жүзеге асыру аясында қытай тілі мен мәдениетінің ықпалын барынша күшейте түскені анық байқалады. Сондықтан Орталық Азия және Қазақстан қоғамында қытайдың қауіп-қатеріне деген күдік күшейе түсті. Өйткені соңғы жылдары Қытай ресми сайттарында жарияланған Қазақстанның тәуелсіздігіне қауіп төндіретін мәлімдемелердің елімізде ресми және бейресми түрде қатты наразылық туғызғаны жайдан жай емес. Себебі, Қытай өзінің жүргізіп отырған мәдени ықпалының түп мақсатын аңғартып алды.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ломаное А.В.. Стратегия культурного влияния Китая в проекте «Один пояс, один путь» <https://cyberleninka.ru/article/n/strategiya-kulturnogo-vliyaniya-kitaya-v-proekte-odin-poyas-odin-put>

2. Мұқаметханұлы Н. «Бір белдеу – бір жол» және жаһандану жолайырығы, <https://abai.kz/post/90371>

3. Пэн Жун. Число специальности по иностранным языкам достигнет более 100 в ближайшее 5 лет [Электронный ресурс] //Официальный сайт Агентства Синьхуа.— Режим доступа: [http://education.news.cn/2015-03/28/c\\_1114794706.htm](http://education.news.cn/2015-03/28/c_1114794706.htm)

4. Сколько языков нам нужно изучать для идти вдоль проекта «Один пояс-один путь» [Электронный ресурс]//Официальный сайт Айвейбанг интернета. — Режим доступа: <http://www.aiweibang.com/yuedu/46257943.html>

5. Керімбаев Е., Шәріпқазы Н., Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі, ҚазҰУ Хабаршы, шығыстану сериясы 2018, №1 (84), 54-60 б.

6. Укреплять дружбу народов, вместе открыть светлое будущее. Выступление Председателя. КНР Си Цзиньпина в Назарбаев университете [http, // kz.china-embassy.org](http://kz.china-embassy.org), 16 сентября 2013 [kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFWHSKST/t1077192.htm]

7. 2014 nian quan guo lai hua liu xue sheng shu ji tun ji. Zhonghua Renmin Gong he guo Jiao yu bu. [Национальная статистика иностранных студентов в 2014 году. Министерство образования КНР [http://www.moe.gov.cn/jyb\_xwfb/gzdt\_gzdt/s5987/201503/t20150318\_186395.html] 25 февраля 2019

8. В Китае открылся первый центр Казахстана. 17 ноябрь 2015 года, <https://strategy2050.kz/ru/news/28405/>

9. Учебники китайского языка на 27 млн тенге передало школам Казахстана посольство КНР <https://informburo.kz/novosti/uchebniki-kitayskogo-yazyka-na-27-mln-tenge-peredalo-kazahstanskim-shkolam-posolstvo-knr.html>

10. Қазақтың балалары екінші сыныптан бастап Қытай тілін меңгеретін болады. <https://adyrna.kz/post/21902?fbclid=iwar0dahu6d87vnskl-6hy0nsans2nnzxfmgsrklpovtlivlcb9j2g39zvpq>

*Әбиденқызы Айнұр*

### **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЫЙЫМ СӨЗДЕР: СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аннотация.* Мақалада лингвомәдениеттанудың ғылыми көзқарасы тұрғысынан Қытай және қазақ тілдеріндегі табулардың салыстырмалылығы зерттеледі.

*Түйін сөздер:* қазақ тілі, қытай тілі, табу, эфемизмдер, әдет-ғұрып, этнолингвистика

*Abidenkyzy Ainur*

### **ЗАПРЕТНЫЕ СЛОВА НА КАЗАХСКОМ И КИТАЙСКОМ ЯЗЫКАХ: ХАРАКТЕРИСТИКА И ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ**

*Аннотация.* В статье исследуется с научной точки зрения лингвокультурологии сопоставительность табу (запреты) на китайском и казахском языках.

*Ключевые слова:* казахский язык, китайский язык, табу, эфемизмы, обычай, этнолингвистика,

*Abidenkyzy Ainur*

### **PROHIBITED WORDS IN KAZAKH AND CHINESE LANGUAGES: CHARACTERISTICS AND APPLICATION FEATURES**

*Abstract.* This article examines scientifically compares linguistics taboo (prohibitions) in Chinese and Kazakh languages.

*Keywords:* Kazakh language, Chinese, taboo, euphemisms, custom, ethnolinguistics

#### **Кіріспе**

Тыйым сөздер (табу) – әлем халықтарының дерлік бәрінің тілдерінде ежелден өмір сүріп келе жатқан бір түрлі мәдени құбылыс ретінде адамдардың өзара тілдесуін, пікір алысуы мен әлеуметтік қарым-қатынасын реттеп отырады. Ал қазақ және қытай халықтары мәдениетіндегі алшақтық аталған халықтар тілдеріндегі тыйым сөздердің де айырмашылығына негіз болғаны белгілі. Сондықтан, біздің алдымыздан қытай тілін меңгеріп шыққан

жас маман, тілді жақсы сөйлеп, түсініп тұрғанымен, көп жағдайда, екі халықтағы дәстүр-салттардың, әлеуметтік әдет-ғұрыптардың ұқсамауына байланысты, өзара пікірлесу барысында, қоғамдық ортада, өзара хат-хабар алысуда, көп жағдайда айтуға болмайтын сөздерді айтып қалып, хат-хабарда бей-берекет қолданылмайтын сөздерді емін-еркін жазып жіберіп, ылғи да қарсы жақтың өкпе-ренішін туғызып жатады. Бұл арадағы «айтуға болмайтын сөз», «бей-берекет қолданылмайтын сөз» деп отырғанымыз – біз сөз еткелі отырған тыйым сөздер. Мәдениет аралық қарым-қатынас (跨文化交际- cross-cultural communication) – қазіргі заманғы қарым-қатынастың аса маңызды құрамдас бөлігі. Демек, тілдегі тыйым сөздер құбылысын жақсы меңгеру - мәдениет аралық қарым-қатынасқа тіпті кең өріс ашып береді. Ал Қытай тілі мен қазақ тіліндегі тыйым сөздер күнделікті қарапайым тіршіліктен бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып жатқандықтан, екі тілдегі тыйым сөздерді дұрыс қолдану – екі халық өкілдері арасындағы өзара пікірлесу мен барыс-келісте ерекше маңызды рөл атқарады. Сондықтан, Қазақстандағы қытай тілі мұғалімдері, біздер, қытай тілін оқып жүрген студенттерге иероглифтердің жазылу, оқылу тәртібін, тілдің грамматикалық заңдылықтарын үйретіп, олардың сөздік қорының көбеюіне көмектесумен бірге, қажет кезінде қытай тіліндегі тыйым сөздердің қолданылуына да тиісінше мән беріп отырғанымыз жөн деп ойлаймын.

Жалпы тіл дегеніміз – ұлт мәдениетінің алтын қамбасы, сондай-ақ өзі де мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі. Қытай тілі мен қазақ тіліндегі тыйым сөздердің қолданылу ерекшелігіне назар аударатын болсақ, көптеген айырмашылықтармен бірге, өзара ұқсастықтардың да бар екеніне куә боламыз. Осы айырмашылықтар мен өзара ұқсастықтарды дұрыс аңғарып, дұрыс бір жақты ету – тілді үйрену мен қолдануда көптеген жеңілдіктерге жол ашады. Өйткені тыйым сөздер – тілдің ішіндегі ерекше «тіл» болғандықтан, ол мейлі нақты қарым-қатынаста болсын немесе оқыту үдерісінде болсын, өзінің өзектілігін еш қашан жоғалтпайды. Әсіресе, қытай-қазақ халықтарының діни-мәдени айырмашылығы өте үлкен, тарихи-мәдени кешірімсіз (біреуі ежелден көшпелі, енді біреуі ежелден отырықшы) де алыс жатқандықтан, олардың тіліндегі тыйым сөздердің «тыйым салу ауқымы» да сәйкес келе бермейді. Яғни, ұқсас бір зат (немесе құбылыс) екі халықтың тілінде екі бөлек мағынаға (тыйымға ұшырайтын немесе ұшырамайтын) ие болуы мүмкін. Сондықтан да мәдениеттанушылар, көп жағдайда, бір ұлттың тілін сол ұлт мәдениетінің айнасы деп жатады. Әрине, кез келген тілдегі «тыйым сөздерге» зер салатын болсақ, бұл тұжырымның өте орынды айтылғандығына екіленбей бас изеуге тура келеді.

Бүгінгідей ғылым мен техника ұшқан құстай самғап бара жатқан заманда, экономика мен мәдениетіміз жаһанданумен бетпе-бет келіп отырған кезде, мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетімізді қалай көтереміз? деген сұрақ сәт сайын алдымыздан шығады. Өйткені мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетімізді көтеру – бүгінгі қазақ елінің әлеуметтік және халықаралық қарым-қатынасындағы аса өзекті ғана емес, күрмеуі күрделі

мәселенің бірі екені жасырын емес. Әсіресе, қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялап, әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде, дүниежүзі елдерімен тікелей, қоян-қолтық араласа бастағаннан бері, біздің мойнымызға тек өзімізді өзгелерге таныту міндеті ғана емес, сонымен бірге өзге елдерді тану міндеті де жүктелді. Сондықтан қытай тіліндегі тыйым сөздерді жақсы меңгеру, қытай-қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің айырмашылығы мен ұқсастықтарын жан-жақты бағамдау – екі халық ортасындағы мәдениет аралық қарым-қатынасқа жан бітіреді, оны жаңа бір сапалық белеске көтереді деп сенімді түрде айта аламыз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдіснамалық құралдарына формализация әдісі, абстракция сонымен қатар жеке ғылыми әдістер сияқты жалпы философиялық әдістер кіреді және де институционалдық және салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды.

### **Талқылау**

#### **1. Тыйым сөздер туралы қысқаша түсінік**

Тыйым сөздер әлемдегі барлық тілдерге тән ортақ құбылыс. Сондай-ақ, ол қай тілде болмасын тіршіліктің барлық саласына қатысты айтылады. Сондықтан оны тек тілдік құбылыс ретінде немесе тек қана мәдени құбылыс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Бұл туралы түркі тілдес халықтардың тілдеріндегі тыйымдар туралы ішкерлей зерттеп жүрген көрнекті түрколог-ғалым, профессор Ә. Ахметов өзінің әйгілі «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деп аталатын зерттеуінде: «Табу мен эвфемизмдер – кез-келген халықтың тілінен орын алған ауқымы кең этнографиялық лексика. Сондықтан да оларды этнография мен лингвистиканың шектес аймағын зерттейтін этнолингвистика ғылымының объектісіне жатқызған жөн» [1-140],- деген болатын. Өйткені этнолингвистика – тілді оның мәдениетке қатысы тұрғысынан зерттейтін әрі лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың біте қайнаса келіп, тілдің қызметі мен дамуына тигізетін әсерін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

«Тыйым сөздер» халықарада «taboo» (табу) деп аталады. Бұл атауды ең алғаш ғылыми айналымға енгізген ағылшын жиһангезі Джеймс Кук (James Cook) деген адам. Ол 1777 жылы Тынық мұхиттың оңтүстігіндегі Тонга топ аралынан таңқаларлық бір құбылысты байқайды. Яғни, ондағы жергілікті халық өкілдері Дж.Кукке «кейбір сөздерді қолдануға болмайды», «кейбір сөздерді белгілі бір адамдар ішінара жағдайда ғана қолдана алады» деп түсіндіреді. Бұндай салт-дәстүрлерінің атын олар «табу» деп атайтындығын айтады. «Табу» - Тонга топ аралындағы жергілікті халықтың тілінде «Құдай» және «жұғысуға болмайды» деген мағналарды білдіретін сөз. Содан бастап «табу» сөзі Батыс елдерінің этнография, социология, лингвистика, мәдениеттану, теология т.б. ғылым салаларына ресми түрде енгізілді. Дегенмен, бұл құбылыс Батыс елдерінің тілдерінде бұған дейін де бар болатын. Жалпы табу мен эвфемизмдердің о бастағы туу себебіне келетін болсақ, ғылым мен мәдениет мүлде дамымаған, адамзат баласы өркениеттің

ең төменгі сатысында өмір сүріп жатқан замандарда, адам табиғат дүниесіндегі тылсым күштер мен құбылыстардың алдында ырықсыз күйде өмір сүріп қана қалмастан, олардың сыры мен құдіретін түсінуге қауқарсыз болды. Осылайша, алғашқы адамдарда сол тылсым күштер мен құбылыстарға деген бір түрлі құрмет пен қорқыныш сезімі пайда болды да, олардың атын тікелей атамайтын, оларға бей-берекет жұғыспайтын әдет қалыптасты. Міне бұл «табудың» пайда болуының ең алғашқы әлеуметтік, психологиялық негізі еді. Сонымен бірге, кейіндеп адамзат қоғамында сөздің магиясына сену пайда болған кезде, табу мен эфемизм одан сайын жандана, түрлене түсті. Сөз магиясына сену дәурендеп тұрған шақта, психологиялық фактор тіпті де маңызды рөл ойнады. Мәселен, теңіз және өзен жағалап өмір сүрген қытайлар «翻» (төңкеру, аудару, аударылу деген мағналарды білдіреді) сөзін тіке айтуға қорқады және өзгелердің айтуына да тыйым салады. Осының салдары болу керек, Шаньдуң өлкесінің Чаңдао аралында тұратын қытай балықшылары «翻过来» (ауна, аунат) деген сөзді «划过来» (есіп немесе жүзіп келу) деп, ал Гуандуң балықшылары «翻过来» деген сөзді «顺过来» (сәтіммен келу) деп, Чаңдао аралында тұратын қытай балықшылары «帆布» (желкен) дегенді «篷布» (брезент) деп, ал Сучжоу жұмысшылары «抹布» (шүберек) деп «тергеп» айтады. Өйткені «аударылу» деген мағнаны білдіретін «翻» сөзін айтса, қайықпен балық аулап суда жүргенде қайық аударылып қалады деп қорқады. Ал «желкен» деген мағнаны білдіретін «帆布» сөзіндегі «帆» иероглифі «аударылу» дегенді білдіретін «翻» иероглифімен үндес болғандықтан, оны да тура айтуға тыйым салынған [2-97 б.].

Қысқасын айтқанда, жер бетіндегі қай халықтардың мәдениетін салыстыра, салғастыра қарайтын болсақ та, өзара айырмашылықтармен бірге, өзіндік ұқсастықтарды да аңғаруға болады. Ал осы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқын аңғарған адам былайғы жерде, мәдениет аралық қарым-қатынас барысында нені айтуға болатынын, нені айтуға болмайтынын жақсы білетін болады, сөйтіп «табудағы» ортақтықтан қарым-қатынастағы ортақтыққа қол жеткізеді. Ал айырмашылық арқылы өзге мәдениеттің ерекшелігін ұғынып, қарым-қатынаста қателесуден сақтанатын болады.

Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы ортақ ерекшеліктер негізінен кейбір заттар мен құбылыстардың аттары, діни, психологиялық және физиологиялық ұғымдарды салыстырудан байқалады.

## **2. Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы ортақ ерекшеліктер**

Жалпы прагматик - тілдердегі сөздердің қолданысын зерттейтін ғылым. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы тұрғысынан адамдардың пікірлесу-сөйлесу қарекетінің сан алуан әлеуметтік жағдайлардың теңгерімінде болатындығына назар аударады, белгілі бір ортадағы белгілі бір сөздердің қолданылуын зерделейді, контекстің сөздердегі ұғымға беретін әсеріне ерекше ден қояды, сол арқылы прагматикалық заңдылықтарды ашады. Оның үстіне прагматика

негізінен адамдардың тілдесу-сөйлесу қарекетінің этикалық нормаларына мойынсұнады. Мәселен, атау-шақыру сөздері де барлық тілдердегі ежелден қалыптасқан өзіндік шақыру жүйесі мен қағидаларын басшылыққа алады. Қазақ және қытай тілдерінде, адамдар бір-біріне кездескенде негізінен қарсы жақтың аты-жөнін айтады. Сәлемдесуде де өзара, алмакезек амандасатын қағиданы ұстанады.

Әлемдегі өзге де тілдер секілді, қытай тілінде де тыйым сөздердің өзіне тән ұзақ тарихы ғана емес, өзіндік мол қоры да бар. Сөз болып отырған екі тілдегі тыйым сөздерді бейнелеу тұрғысынан салыстырғанда мынадай ортақтықтарды байқауға болады:

1. Өлім, ауыру-сырқауға байланысты тыйым сөздер: Қытайлар ежелден бері «опат болу, өлу, жерлеу, жеңілу, быт-шыт болу» деген секілді жаман іс-әрекеттердің атын айтуды мүлде ұнатпайды. Әсіресе, жаңа жылды қарсы алу сәтінде, келін түсіріп, қыз ұзатқанда, үй салып жатқанда немесе жолаушы жүргенде, қандай да бір жарыстарға қатысқанда т.б. өте бір маңызды, қуанышты сәттерде жоғарыдағы секілді «жаман сөздердің» кімнің болса да ауызынан шығып кетпеуінен барынша сақтанады. Есесіне сондай жақсылықтардың тұсында қақпаға, есік-терезеге «шаттық, ізгілік, сәттілік, байлық» деген секілді сөздерді жазып, іліп қояды. Бұл сөздер аталған жақсылықтарды шақырады деп сенеді. Қытай халқының бұл жағындағы тыйымдары болсын, ырым-салттары болсын қазақ халқының тыйымдарымен, ырым-салттарымен өте ұқсас екендігін аңғару қиын емес. Мәселен, қазақ халқы да «өлім, ауру, мола...» т.б. деген секілді «жаман сөздердің» барынша ауыздан шықпауына көңіл бөледі. Олардың орнына «қайтыс болу, денсаулығы болыңқырамау, қорым...» деген евфемизмдерді қолданады. Сөйтіп, «жақсы сөз жарым ырыс» деп, ылғи да жақсы сөз айтуға тырысады.

2. Адамның дене мүшесіне қатысты тыйымдар: Жалпы адам баласының дене бітімі (мүгедектерді есепке алмағанда) бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ бола тұра, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар барлық халықта бар. Соның ішінде қазақ және қытай халықтары да адамның кеуде, бөксе тұсының аттарын, сондай-ақ жыныс мүшелерінің, диссимилация мүшелерінің аттарын және олардың қызметін ашық, нақтап айтпай, оны евфемизмдер арқылы білдіреді. Мәселен, 乳房, 排泄器官, 生殖器官, 妇科病... деген евфемизмдер жоғарыдағыдай «анайы» естілетін дене мүшелерінің орнына қолданылады. Дегенмен қытай тілінің бұл саладағы тыйым талаптары қазақ тіліндегідей соншалықты қатаң сақталмайды. Қазақ тілінде барынша айналып өтуге тырысатын «放屁, 吃喝拉撒睡...» деген сөздерді қытайлар кәдімгі мәдени ортада да, ер-әйел аралас отырған бас қосуларда да аса қымсынбай-ақ айта береді.

3. Тәңірдің, құдайдың, өзге де әулие-әнбиелердің қасиетті ата-бабалардың атына қатысты тыйымдар: Мейлі баяғының адамдары арасында болсын немесе қазіргі адамдардың ішінде болсын құдайға, аруаққа, қасиет-киеге аз ба, көп пе, бәрі бір иланатындар жоқ емес. Тарихта қытайларда діни сенім-нанымның түрі өте көп болғандықтан, солардан қалған тыйым сөздер



де аз емес. Ең әуелі қытайлар құдайды, құдірет-киелерді, әулие-әнбиелер рухын ренжітуге тыйым салады. Сондықтан олар өздері сенетін құдайлары мен құрмет тұтатын құдірет-киелерін сөз жүзінде болса да елемей, құрметтемей отыра алмайды. Қытайлар отбасын, бала-шағаларының бақытты өмірі мен амандығын «есік пірі» (門神), «байлық пірі»(財神), «су пірі» (水神) қатарлы құдіретті перілер қорғайды деп сенеді. Осыған байланысты олар аталған перілердің суретін сатып әкеліп үйлерінің аулалары мен қабырғаларына, будханалардың аулалары мен қабырғаларына жапсырып қояды. Алайда суреттерді сатып әкелгенімен, «сатып әкелдік» деп айтпайды әрі өзгелердің де олай айтуына тыйым салады. Яғни «сатып әкелдік» десе, пірлер шамданады да, оларды қорғамай, жарылқамай қоюы мүмкін. Сондықтан «сатып әкелдік» (买来了) деген сөздің орнына, міндетті түрде «шақырып әкелдік» (请来了) деген сөзді қолданады. Бұл да қазақ халқының әулие-әнбиелердің басына барып мал сойып, құрбан шалғанда, тасаттық бергенде, кісі өлгенде молдаларға қатым-құран ақысы үшін беретін аздықөпті ақшасын «молданың еңбек ақысы» демей, «құдай жолына» немесе «Құран» жолына дейтінін еске түсіреді. Сондай-ақ қазақ халқында ежелден төрт түлік малдың пірі болады деген ұғым бар, яғни қой атасы – Шопан ата, түйе атасы – Ойсыл қара, жылқы атасы – Қамбар ата, сыйыр атасы – Зеңгі баба. Егер осы төрт түліктің әлде біреуіне індет келсе немесе әлде біреуі дұрыс өсіп-өніп құтаймаса, сол түліктің піріне жалбарынады. Тіпті ерте кезде қазақ халқында, әсіресе қазақ байларында «жылқы, сыйыр, қой, түйе» деп, ол түліктердің атын тікелей атауға тыйым салған. Яғни олардың атын «Қамбар ата тұқымынан бес үйір бар», «Зеңгі баба тұқымы құтаймай жүр», «Ойсыл қара тұқымын өсірсем бе деп жүрмін»... деген секілді евфемизмдермен атайтын. Тура осыған ұқсас жағдай тарихта қытай халқында да болған, бірақ олардікі біздегідей төрт түлік мал емес, тышқан, кірпі, ақ тышқан, түлкі, жылан қатарлы қайуанаттар еді. Ол замандарда бұлардың атын атауға қатаң тыйым салынған. Бұл жағдай әсіресе ежелгі қытайдағы театр труппаларының жұмысын бағалаудағы басты шарт болып есептелді. Егер театр артистерінен кімде-кім осы қайуанаттардың атын атап қойса қатаң жазаға тартылатын. Сондықтан қалыптасқан үрдіс бойынша олардың аттарын «灰八爷», «白五爷», «黄大爷», «大仙爷», «柳七爷» деген евфемизмдермен ауыстырып айтатын [3, 107 б.]. Бұдан өзге, бұрынғы өткен замандарда солтүстік-шығыс қытайдың Чанбайшань тауы өңірін мекендейтін қытайлықтарда жолбарысқа құдай ретінде табыну дәстүрі болған. Ондағы жергілікті халықтың түсінігінде жолбарыс орман патшасы. Ол адамдарды жыртқыш аңдардан қорғайды, сөйтіп адам баласына бақытты өмір сыйлайды деген түсінік болған. Соған байланысты олар жолбарыстың атын баттыйтып айтуға тыйым салған. Осыдан барып «жолбарыс» деген сөздің орнына «тау серісі», «тау перісі» деген евфемизмдер пайда болды.

4. Адамды янаттауға қатысты тыйымдар: Адамзат өз тарихында алғашқы қауымдық қоғамнан бастап, кейінгі құлдық, феодалдық қоғамдардан өтіп, дами келе, өркениетті қоғамға аяқ басқаннан бастап,

өндірістік және әлеуметтік қатынас барысында бір-бірін янаттамауды, бір-біріне тіл тигізбеуді, бір-бірінің намысына тиетін сөз айтпауды, мәдениеттисөйлеуді, сыпайы пікірлесуді талап ете бастады. Өйткені янат сөздер басқалардың (әсіресе тыңдаушы объектінің) ашу-ызасын келтіреді, намысын қоздырады, сөйтіп тараптардың өзара қақтығысына мұрындық болады. Бұндай янат сөздер қай халықта болмасын, көп жағдайда сүйкімсіз немесе жабайы қайуанаттардың атымен (ит, қаншық, сыйыр, шошқа, доңыз, есек т.с.с.) байланысты айтылады. Бұндай сөздерді естіген адамның бей-жай қалуы екіталай. Сондықтан болу керек, бір кездерде Англия Парламенті депутаттардың жиналыс залында айтуға болмайтын сөздердің тізімдігін жасап, сол тізімге енген сөздерді Парламент отырысында қолданған депутатқа қатаң шара қолданатын заң қабылдаған болатын. Ондай сөздердің бастылары «cheeky, liar, prevaricating, fascist...» деген секілді янат сөздер еді[4-125]. Қытайда заңмен тыйым салмағанмен, янат сөздерді айтуға әлеуметтік тыйым жоқ емес. Мысалы, 他妈的(шешенді...), 该死的(өле қалғыр), 砍头的(басың кесілгір), 挨炮的(оқ тигір) деген қарғыстарға тыйым салынған. Сонымен бірге тыйым салынғанына қарамастан, солтүстік Қытай өңірінен мынадай янат сөздерді мәдениеті төмен, тәрбиесі нашар адамдардың бір-біріне бей-берекет, қалай болса солай айтып жүргенін естіген шетелдіктер оларды әшейін қолдана беруге болатын сөздер екен деп қалуы ғажап емес. Мысалы, 混蛋, 懒蛋, 笨蛋, 捣蛋, 捣蛋鬼, 王八蛋 деген сөздер қоғамдық ортада болсын немесе адамдардың бір-біріне, өзара болсын айтуға тыйым салынғанымен, қарапайым еңбек адамдары арасында, мәдениеті мен сауаты төмен адамдардың ішінде тентұстар, құрбы-құрдастар, жақын достар бір-біріне айта береді. Бұндай жағдай біздің қазақ халқында да бар. Мәселен, мәдениетті, тәрбиелі ортада айтуға тыйым салынған боқтық сөздерді былайғы қарапайым адамдар шетінен сыдыртып айта береді. Мәселен, «шешенді..., әкеннің аузын..., қызынды..., оңбаған, салдақы, албасты, ит неме, бұзық, жер жастанғыр, өле қалғыр, сұмырай, суайт, алдамкөс ...» т.с.с. бәдік сөздерді олар бір-біріне айтқанда, маңайындағы елдің де еститінін ескермейді. Егер қытайдың да жоғарыдағыдай тыйым салынған янат, бәдік сөздерін сол елге барғанда қолданып қалсаңыз, бәлендей бірдеңе бүлініп кетпеуі де мүмкін, алайда әрісі туған халқыңыздың ар-намысы мен өркениетіне, берісі өзіңіздің тәрбиеніз бен мәдениетіңізге нұқсан келтіріп алуыңыз бек мүмкін.

### **3. Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы өзгешеліктер**

Қазақ және қытай халықтарының діни сенім-нанымы, дәстүрлі мәдениеті тым алыс (көшпелі және отырықшы) жатқандықтан, олардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамының ұқсамауы заңды да. Бұл айырмашылық өз кезегінде мәдениет аралық қарым-қатынастағы азды-көпті болса да өзіндік түсініспеушілікке алып келмей қоймайды. Ондай түсініспеушілікті болғызбау үшін, екі халықтың тіліндегі тыйым сөздердің ерекшеліктеріне, әсіресе өзгешелігіне көбірек назар аударуға тура келеді.

1. Бізде кейбір ашық, баттыйтып айтылмайтын, тек сол ойды өзгеше бір евфемизмдер арқылы білдіретін сөздер қытайларда тыйым сөзге жатпайды. Мәселен, қазақ халқы өзінің және біреудің баласын «не деген семіз...», «керемет сұлу екен», «сұмдық зерек екен...», «кішкентай болып алып, өзі не деген бәле...» т.б. деп мақтау айтпайды. Оның орнына «томпақ екен немесе толықтау екен...», «әдемі бала екен...», «ақылды екен...», «сергек екен...» деген секілді евфемизмдерді қолданады. Ал қытайлар болса, «那么胖», «太漂亮了», «很聪明», «这小子, 那么厉害» ... деп айта береді. Бұның себебі екі халықтағы сөз магиясына деген сенімнің ұқсамайтындығынан. Яғни біз қатты мақтаса, тым таң қалса «тіл, көз» тиеді деп ырымдайтын болсақ, қытайларда бұндай ұғым болмауы мүмкін, болған күннің өзінде, басқа жағдайда кездесуі мүмкін.

2. Сан-цифрға қатысты тыйымдар. Қазақ халқында қасиетті сандар деген ұғым бар, мәселен, 7, 9, 12, 40 деген секілді. Ал бірақ «жаман сан» жоқ. Ішінара тақ сандардан гөрі жұп сандарды қадірлеу байқалғанымен, оның өзі мүлде тыйым салынған сандар емес. Ал қытай халқы ежелден бері «4» деген цифрдан барынша қашып, мүлде аулақ жүруді қалайды. Тіпті қазіргі салынып жатқан кейбір таңдаулы, жайлы үйлерде «№4» немесе «№44» пәтер жоқ. Ал жалпы ондай үйлердегі пәтерлер қымбат болғанымен, төртінші қабаттың бағасы барынша арзан болады. Ұялы телефон нөмірінде де, машина нөмірінде де «4» деген цифр араласқан болса, оларға қатысты компаниялар тарапынан түрлі жеңілдіктер жасалады. Ілгеріректе «4» жасқа толған балаларын да «4 жаста» демей, «5-ке таяп қалды» деп айту дәстүрі болған. Ал той-томалақ, үлкен қуаныш үстінде, жаңа жылды қарсы алу кешінде «төрт» деген сөз мүлде айтылмайды. Бұның себебі қытай тіліндегі «төрт» (四) деген сөздің «өлім» дегенді білдіретін «死» деген сөзбен үндестігінде жатыр. Есесіне қытайлар «8» деген цифрды өте қастерлейді. Құрамында «8» саны бар нөмірлер (пәтер, телефон, машина нөмірлері) біршама қымбат бағаға саудаланады. Оның себебі Оңтүстік қытай диалектісінде сөйлейтіндер «8» санын (八) «fa» деп емес, «fa» деп дыбыстайды. Бұлай дыбыстау «баю» деген ұғымды білдіретін «发» иероглифінің дыбысталуымен (fa) ұқсас. Демек, қытайлардың ұғымында күнде-күнде, сағат сайын байлықты шақыратын осы сөз айтыла берсе, ол күндердің күнінде сөзсіз мол байлық алып келеді деп сенеді.

### **Нәтиже**

Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздергі, егер жіңішке ішкерілей зерттейтін болсақ, ол әрине үлкен бір монографиялық еңбекке жүк болары даусыз. Ол әрине, болашақтың еншісіндегі шаруа.

### **Қорытынды**

Қысқасы, тыйым сөздерді зерттеу барысында, біз кез-келген тілдегі осынау «табу» дейтін құбылыстың жалпы бұрынды-соңды адамдардың тілдік қарым-қатынасында ерекше маңызды рөл атқаратындығын айқын аңғарамыз. Себебі табу сол халықтың тіліне ғана емес, тіпті мәдениетінің барлық саласына тамырын терең жіберген этнолингвистикалық құбылыс. Өйткені

оның өн бойында сол халықтың ұзына тарих бойындағы әлеуметтік, мәдени, діни, психологиялық факторлары жинақталған. Сондықтан қытай және қазақ халқының тілдеріндегі табулардан шамалы ұқсастықтармен қоса, жоғарыдағыдай көрнекті айырмашылықтардың болуы заңды да. Осы тұрғыдан келгенде, қытай-қазақ тілдеріндегі тыйым сөздерді салғастыра зерттеу – лингвистикалық зерттеулер мен лингвомәдени саланың дамуына кең өріс ашып берумен бірге, қытай тіліндегі сөздерді дұрыс қолданып, мәдениет аралық қарым-қатынасты ақаусыз жандандыруға, сондай-ақ қытай тілін оқыту үдерісінің сапасын арттыруға да игі ықпал етеді.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ахметов Ә. Түркі өркениеті // Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Арыс, - 2009. 334 б.
2. 康家龙. 语言的艺术. 北京: 海湖出版社, 2003. - 302页.
3. 彭增安. 语用修辞文化. 上海: 学林出版社. 1998. - 154页.
4. 王文仲. 人类文明的发展. 南京: 文艺出版社. 2007页.

*Сарқытқан Қастер, Карипжанов Нұрбек,  
Мырзалы Тогжан*

#### **ҚАЗАҚСТАН - ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ: ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШІ- ҚОНЫ АЯСЫНДА**

*Аннотация.* Мақалада Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы иммигранттар мен эмигранттар үлесі, көші-қон айырымы, өңірлер арасындағы мигранттардың статистикалық көрсеткіштері талданған. Көрсеткіштер негізінде Қазақстан мен Қытай арасындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер талданды. Мақаланың тағы бір өзекті тұсы – 2013-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінен алынған статистикалық-демографиялық көрсеткіштердің пайдаланылуы. Бұл сандық мәліметтер екі мемлекет арасындағы сыртқы көші-қонның нақты жағдайын талдауда және баға беруде маңызды рөл атқарады.

*Түйін сөздер:* этникалық қазақтар, географиялық қоныстану, сыртқы көші-қон, иммигранттар, эмигранттар, халықаралық қатынас.

*Сарқытқан Қастер, Карипжанов Нұрбек,  
Мырзалы Тогжан*

## КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ: В РАМКАХ ГЕОГРАФИИ И МИГРАЦИИ ЭТНИЧЕСКИХ КАЗАХОВ

*Аннотация.* В статье проанализированы доля иммигрантов и эмигрантов между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой, миграционные различия, статистические показатели мигрантов между регионами. На основе показателей были проанализированы социально-экономические проблемы между Казахстаном и Китаем. Еще один момент статьи-использование статистико-демографических показателей, полученных от комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан за период 2013-2020 годы. Эти количественные данные играют важную роль в анализе и оценке реального состояния внешней миграции между двумя государствами.

*Ключевые слова:* этнические казахи, географическое расселение, внешняя миграция, иммигранты, эмигранты, международные отношения.

*Sarkytkan Kaster, Karipzhanov Nurbek,  
Mirzaly Togzhan*

## KAZAKHSTAN-CHINA RELATIONS: WITHIN GEOGRAPHY AND MIGRATION OF ETHNIC KAZAKH

*Abstract.* The article analyzes the share of immigrants and emigrants between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China, migration differences, statistical indicators of migrants between regions. Based on the indicators, the socio-economic problems between Kazakhstan and China were analyzed. Another point of the article is the use of statistical and demographic indicators received from the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan for the period 2013-2020. These quantitative data play an important role in the analysis and assessment of the real state of external migration between the two states.

*Key words:* ethnic Kazakhs, geographical distribution, external migration, immigrants, emigrants, international relations

Қазақ диаспорасы Қазақстаннан алдымен Қытайға, Ресейге, Орта Азияға, Ауғанстанға және Иранға, кейін бүкіл әлем бойынша қоныстанған. Қазақ диаспорасы өзінің бүкіл тарихында саяси, экономикалық және діни факторлар әсерінен көші-қонның күштеп немесе мәжбүрлі сипатына ие болды. 1960 жылдардың басына дейін қазақтардың әлемнің түрлі елдеріне жаппай көшуі орын алды. Қазақ диаспорасы – бүкіл қазақ халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отаны – Қазақстан. Алайда бүгінге дейін ішкі және

сыртқы саяси оқиғаларға байланысты елден тыс жерлерде, көбінесе Азия, Батыс Еуропа және Америка елдерінде қазақ диаспорасы өмір сүруде.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын қазақтардың нақты санын бағалау қиын. Алайда, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының мәліметтері бойынша, 5 миллионға жуық қазақ әлемнің 43 елінде тұрады. Бұл барлық қазақтардың 1/3 бөлігі шетелде тұратынын білдіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде тұратын этникалық қазақтардың санына байланысты елдердің негізгі үш санатын бөлуге болады:


1. Қытайда, Өзбекстанда және Ресейде қазақ диаспорасының барлық мүшелерінің шамамен 90%-ы әлі күнге дейін тұрады.

2. Орталық Азия елдері мен Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия республикаларында 10000-нан 100000-ға дейін диаспора мүшелері мекендейді.

3. Әлемнің басқа елдерінде 10 000-нан аз этникалық қазақтар АҚШ, Канада, Германия, Франция және Швеция елдерінде өмір сүреді


Қытайдағы қазақтар – Қытайдағы ірілі-ұсақты 56 ұлттың арасында 16-шы орынды иеленеді. Олардың 95%-ы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында тұрады (Шынжаң). Қазақ диаспорасының нақты санын Қытай Халық Республикасы құрылғаннан осы уақытқа дейін жүргізілген 6 жалпы халық санағы арқылы білуге мүмкіндік бар. Алайда, 2020 жылдың мамыр айында жарияланған халық санағында халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық көрсеткіштер көрсетілмеді. Сол себепті Қытайдағы қазақтардың үлесін тек 2010 жылғы халық санағына сүйене отырып, әр түрлі уақыт кезеңіндегі санын анықтауға болады (1-суретке қараңыз). Динамикадан қазақтар санының 1953 жылдағы 500 мыңнан аз артық халықтан 2010 жылы 1,4 млн. астам адамға көбейгенін байқауға болады. Бұл қытай халқының жалпы санының 0,1097%-ын құрайды. Қытайдағы қазақ диаспорасының саны тарихи, саяси, эконмикалық, этнопсихологиялық, әлеуметтік факторлары негізінде өсіп келеді.

**1-сурет. Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихи даму динамикасы [1]**



Қытайдың ұлттық саясатына сәйкес қазақтар сияқты этникалық азшылықтар тұратын аймақтар автономды басқару бірліктер құзырында. Жоғарыда айтылғандай, қазақтардың ең үлкен тобы Шыңжаң аймағында тұрады (2-суретке қараңыз). Бұл аудан Қытайдың жалпы әкімшілік бөліністері ішіндегі ең ірісі. Жер аумағы 1 664 900 км<sup>2</sup> құрайды. Бұл мемлекет аумағының 1/6 бөлігі болып табылады.

**2-сурет. Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялық ауданының географиялық орналасуы [2]**



Шыңжаң ауданы Тянь-Шань таулары арқылы екі негізгі географиялық аймаққа бөлінген: солтүстігінде Жоңғария, оңтүстігінде Тарым ойпаты. Жоңғария 3 тау жотасымен қоршалған: солтүстік-батыста Жоңғар Алатауы, оңтүстігінде Тянь-Шань және солтүстік-шығыста Алтай таулары. Ол негізінен дала мен жартылай дала аймақтарынан тұрады. Аумақ ертеден жайылым ретінде пайдаланылған, дәнді дақылдар өндірісі дамыған. Сондай-ақ, өңірде мұнайдың айтарлықтай қоры кездеседі. Қытай қазақтары міне осы өңірді негіз етіп қоныстанған. Ал Тарым ойпаты солтүстігінде Тянь-Шань, батысында Памир, оңтүстік-батыста Қарақорым, оңтүстігінде Куньлун және оңтүстік-шығыста Алтынтағ тауларымен қоршалған. Әлемдегі ең ірі құмды шөлдердің бірі Такламакан шөлі Тарым ойпатының кең аумағын алып жатыр. Ал Такламаканның солтүстік жағында Шығыс Тянь-Шань жотасымен шектелген Тұрфан ойпаты орналасқан [3]. Бұл өңірде қазақтар тым сирек қоныстанған.

Жалпы алғанда Шыңжаң аймағында қазақтар 3 автономиялық бірліктерде мекендейді Олар [4]:

Бастысы - Іле Қазақ автономиялық облысы. Облыс Моңғол Алтайының шығыс-оңтүстігі мен Тянь-Шаньның тауларының сілемдерін және Жоңғар Алатауының шығыс аумағын қамтиды. Бұл аймақта қазақ диаспорасының басым бөлігі шоғырланған Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтары (Қазір Іле аймағы деп аталмайды, бірақ оған қарасты аудандар әлі де сақталған) орналасқан. Онда 2012 жылғы халық саны – 4,63 миллион адам бары анықталған. Аумағы 268,591 км<sup>2</sup> болып, Шыңжаң аумағының 16,18% құрайды [5]. Солтүстік-шығысында Қазақстанмен шектесіп жатыр. Экономиканың негізін ауыл шаруашылығы құрайды: онда мақта, қызылша, бидай, жүгері, күріш, бақша дақылдары өсіріледі, мал шаруашылығы дамыған.

Қытай қазақтары қоныстанған келесі бір жер – Мори Қазақ автономиялық ауданы. Аудан Шыңжаңның солтүстік-шығысындағы Санжы-Дүнген автономиялық облысының құрамында. Жер аумағы – 17 700 км<sup>2</sup>. 2012 жылы халық саны 90 000 адамды құрады [6].


Шыңжаңдағы қазақтар қоныстанған аймақтың бірі Құмыл аймағының құрамындағы Баркөл Қазақ автономиялық ауданы. Жер аумағы 38 445,3 км<sup>2</sup>, халық саны – 100 000 адам (2012 ж.) [7].

Қытай қазақтарының Шыңжаңнан басқа шоғырлы қоныстанған жері-Гансу провинциясының солтүстік-батысындағы Ақсай Қазақ автономиялық ауданы болып табылады. 2010 жылғы халық санағына сәйкес, қазақ диаспорасының 4 444 өкілі тұрады. Аудан аумағы – 32,374 км<sup>2</sup> [8]. Ақсай Қазақ автономиялық ауданы табиғи ресурстарға бай. Халқы, негізінен, мал шаруашылығымен, балық аулаумен айналысады.

Қытай қазақтары бұдан бөлек, Үрімші қаласында (70 мыңға жуық), Пекин, Тяньцзинь, Шанхай және Чунцин қалаларында 91 қазақ қоныстанған. Ірі қалаларға көші-қон себебі – негізінен, еңбек немесе оқу мақсатында жүзеге асырылады.

**3-сурет. Қытай қазақтарының таралу статистикасы (2010 жылғы мәлімет) [9]**





Қазақстан Республикасы (ҚР) егемендігін алған соң, алдына қойған мақсатының бірі – шетелдегі қазақтарды елге оралту болды. Бұл үдеріс мемлекеттің сыртқы саясатымен бірге қалыптасып, дамып отырды. Мысалы, 1992 жылы қаңтарда Қытай Халық Республикасымен (ҚХР) сауда-экономикалық келісімнің жасалуымен екі мемлекет арасында 68-ге жуық келісімдерге қол қойылды. Нәтижеде көші-қон қарым-қатынасы да жандана бастады. Қазіргі таңда ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қон экономикалық, тарихи, географиялық, саяси-құқықтық, әлеуметтік, этнодемографиялық, этномәдени факторлар мен себептерге негізделген.

Қазақстан Республикасының сыртқы көші-қоны сальдосы ТМД-елдерінен басқа да шет елдермен 2019 жылы -1444 адамды, ал 2020 жылдың қаңтар-маусым аралығында 774 адамды құрап, оң нәтижеге жетіп отыр. Соның ішінде ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қонының қарқынды әрі оң көрсеткіштері анықталады. Кетушілерден Қазақстанға келген адамдардың саны басым. Көші-қонның оң нәтиже беруі екі елдің географиялық жақын қоныстануына тікелей байланысты. Одан басқа, экономикалық (еңбек нарығындағы жағдайды қоса алғанда), тарихи, географиялық, саяси-құқықтық, әлеуметтік, этнодемографиялық, этномәдени факторлар мен себептерге де негізделген.

Қазіргі кезде ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қонның артуы мына факторлар арқылы жүзеге асуда [10]:

Сауда көші-қоны (1980 жылдардан бастап);

1. Еңбек көші-қоны немесе шетелдік жұмыс күшін тарту (1990 жылдардан бастап);

2. Шағын және бірлескен кәсіпкерлік көші-қоны (2000 жылдардан бастап);

3. Білім көші-қоны (2000 жылдардан бастап);

4. Транзиттік көші-қон (Қытайдан Орта Азия елдері арқылы Еуропаға);

5. Этникалық қазақ көші-қоны (1990 жылдардан бастап).

Осы көші-қон түрлері ішінде Қазақстанның геосаяси мүддесіне тиімді әрі экономикалық өсуіне оң ықпал ететіні - этникалық қазақтар көші. Бұл көштің өзгелерге қарағанда маңызды әрі сандық тұрғыда басым болуы Қазақстан тарапынан заңдық-құқықтық базаларының жасақталуы. Мысалы Қазақстан Үкіметінің 1998 жылдың 28 шілдесіндегі № 707 «Еңбек көші-қоны және қоныс аудару тәртібімен тарихи Отанына оралған ұлты қазақ адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысының қабылдануы және өзге де заңдық-құқықтардың қалыптасуы шетел қазақтарын Қазақстанға тартудың әр жылғы квотасын бекітті. Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған кейін қазақ диаспорасының көші-қоны мәселесін шешуде жаңа кезең басталды. Алғаш 1992 жылы 26 маусымда «Көшіп келу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 1993 жылы 15 сәуірде республика президенті «Көші-қон квотасы және Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастарымыздың көшіп келуін ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулыға қол қойды. Бұл шараларды мемлекет тарапынан бақылау үшін республикада 1997 жылы Көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды. Этникалық қазақтар «оралман» аталып, олардың көші-қонына байланысты заңдық статусы 1997 жылғы «Халықтың көші-қоны туралы» заңында ресми түрде қабылданды. Осы бойынша шетелдегі қазақтарға әр жылғы көші-қон квотасы беріле бастады (1-кестеге қараңыз).

**1- кесте. Қазақ диаспораларына бөлінген квота жағдайы (1995-2007жж.) [11]**


<b>Жылдар</b>	<b>Жалпы квота</b>	<b>Қытай қазақтарына</b>
1995	5000	470
1996	4000	360
1997	2180	75
1998	3000	100
1999	500	60
2000	500	60
2001	600	40
2002	2655	45
2003	5000	460
2004	10000	666
2005	15000	1065
2006	15000	1065
2007	15000	1065

Шетел қазақтарына бөлінген қаржылық квота 2007 жылдан соң біржолата тоқтады. Оған 2007-2008 жылдары орын алған әлемдік қаржылық

дағдарыстың орын алуы себеп болды. Оның үстіне тұрғын үй мен жер телімдерінің бағасының шектен тыс қымбаттауы шетелден келген қазақтарға жер немесе паспана берудің жағдайын қиындатты.

Ал енді екі мемлекет арасындағы жалпы көші-қон жағдайына тоқталар болсақ, өзіндік ерекшелікке ие болып отыр. Оны (4-сурет) бойынша иммигранттар саны бойынша талдау жасар болсақ Қазақстанға келген адамдар 2013 жылдан 2019 жылдар арасындағы өсу динамикасы әр түрлі болған. Ең жоғары кезең 2017 жылға тиесілі (3015) болса, ең төмен көрсеткіш 2014 жыл (630 адам) болған. Ал одан кейінгі жылдары азайған. Бұл Динамикалық өзгерістен Қазақстанға Қытайдан келген иммигранттардың тұрақсыз көшкінін байқауға болады.

#### 4-сурет. ҚР-на келген иммигранттар санының динамикасы [12]




Ал Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына кеткен эмигранттар санының динамикасына келер болсақ (5-суретте көрсетілген), Екі ел арасындағы кеткен адамдар саны тұрақты артқанымен, соңғы жылдары көрсеткіштер өзгеруде. Эмигранттардың басымы бөлігі – жастар. Бұл Қазақстандықтар үшін Қытайдың жоғары оқу орнындағы тегін білім алу бағдарламаларының жылдан жылға артуына байланысты [13]. Себебі Қытайда білім алу құны Солтүстік Америка, Аустралия немесе Еуропа елдерімен салыстырғанда қол жетімді әрі білім беруі де сапалы [14].


Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру байланыстарын дамыту Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және экономикалық ынтымақтастықтың серпінді дамуына, сондай-ақ тұлғааралық байланыстардың өсуіне негізделген заңды процесс болып табылады. Қытай үшін білім беруді интернационалдандыру – бұл елдің халықаралық беделін арттырудың және батыс жүйеге балама ұсынудың бір тәсілі. Қазақстан үшін Қытай университеттерімен өзара іс-қимыл академиялық ұтқырлық пен ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ елдің еңбек нарығын түрлі салалардағы білікті мамандармен қамтамасыз етуге ықпал етеді. [15].

Соған орай, 2016 жылдан бастап көші-қонның қарқындылығы байқалады, дегенмен 2019 жылы кеткен адамдар саны азайып, 2020 жылдың қаңтар-маусымында кеткен адамдар жоқ. Бұны әлемде белең алған пандемияның әсері деп түсінуге болады.

**5-сурет. ҚР-нан ҚХР-на кеткен эмигранттар санының динамикасы**  
 [16] [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)



Ал енді екі мемлекет арасындағы иммигранттар мен эмигранттар санына талдау жасайтын болсақ, (6-суретке қараңыз) ҚР мен ҚХР арасындағы көші-қон сальдосының оң көрсесткіштерін байқауға болады. Алайда 2013-2020 жылдар аралығындағы көші-қон санының тұрақсыздылығы есебінен әр жылда көші-қон айырымының бір өсіп, бір азайғаны аңғарылады. 2014 жылдан бастап 2017 жылдары көші-қон айырымының тұрақты өсімін көруге болады [17].




Сонымен бірге, екі мемлекет арасындағы көші-қон әр өңірде әртүрлі. Қытаймен шекараның Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігімен

бөлінуінің себебінен Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарында көші-қон айқын байқалады. Сонымен бірге, елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысына, миллионер қалалар – Алматы, Шымкент қалаларына иммигранттар көптеп келеді. Өңірлер арасында Батыс Қазақстан, Қызылорда облысына ҚХР-нан келетін иммигранттар саны ең аз. Ал 7-суреттен көрсетілгендей, 2019 жылы Алматы облысына 817 иммигрант келіп, облыстар арасында алдыңғы орынға ие.


С. Кожированың зерттеуі бойынша, қытай көші-қонының негізгі орталықтарына Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары жатады (7-суретке назар салыңыз). Алматыда қытай компанияларының өкілдіктері бар. Ал Нұр-Сұлтан қаласы – құрылыстарда, Ақтөбе облысында мұнай және газ өндіру бойынша қызмет көрсетумен байланысты кәсіпорындарда жұмыс істейді. Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарында кірпіш, черепица, тамақ өнімдерін өндіруге мамандандырылған кәсіпорындар бар [18].

**7-сурет. Өңірлер бойынша иммигранттар саны**



ҚР мен ҚХР арасындағы негізгі эмигранттар ағыны Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан байқалады. Алматы облысынан – 88 адам, ал Шығыс Қазақстан облысынан – 1 адам, Алматы қаласынан 3 адам Қытай Халық Республикасына қоныс аударған. Бұл әр өңірде иммигранттар санының артып, ал эмигранттардың азаюын білдіреді. 8-суретте көрсетілгендей, көші-қон айырымы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Алматы облысына тиесілі (729 адам). Содан соң Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында көші-қон сальдосы сәйкесінше 353; 203 адамды құрайды. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары көші-қон сальдосының орташа көрсеткіштеріне ие.

**8-сурет. Өңірлер бойынша көші-қон айырымы**



Алайда көш мүлде тоқтап қалған жоқ. Жалғасып жатты. Оған мемлекеттік қолдаудың маңызы зор болды. Мысалы, 2020 жылғы 13 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін зерттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» заңнамасына қол қойды. Енді Қазақстанда тарихи Отанына оралған қазақтарға қатысты «оралман» сөзін «қандас» терминімен алмастырылды, бұл «туыс, бір туған» дегенді білдіреді [19]. Қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи Отанына келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері [20].

Қытай қазақтарының тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстанға қоныс аударуын үш кезеңге бөлуге болады [21]:

1-кезең – 1991-2000 жж. аралығы. Тартымдылық факторы Қытайдан келген қазақ диаспорасының Қазақстанға көшу туралы шешім қабылдауының негізгі себебі болды. Сол жылдар аралығында Қазақстан егемендіктен кейін дағдарыстарды бастап кешірді және 1997 жылы қабылданған «Көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандастарға көрсетілетін көмек көлемі қысқартылды. Дегенмен бұл жағдайлар Отанына оралуды мақсат тұтқан қандастарды тоқтатпады.

2-кезең – 2001-2008 жж. аралығы. Аталған жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық жағдайы әлемдік нарықта мұнай бағасының өсуімен жақсарып, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қатынастар жанданды. Бұл қандастарымыздың елімізге оралуына түрткі болды. 1995-2002 жылдар аралығында Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған этникалық қазақтардың саны 4293 адамды құраса, 2005 жылы олардың саны 13 909 адамға жетті. Оралушы қандастар саны жылдан жылға артты. Осылайша қандастар саны 2007 жылы 1 қаңтарда 37 788 адам, 2008 жылы 54 327 адамды құрады.

3-кезең – 2010-2020 жж. аралығы. Бүгінде Қытай Халық Республикасы экономикасының жоғары көрсеткіштерімен, әлемдегі екінші экономика болып отыр. Бұл жағдай этникалық қазақтардың бір бөлімінің Қазақстанға қоныс аударуына тосқауыл болса, тағы бір басты себеп-екі елде соңғы 10

жыл ішінде жүргізілген этникалық қазақтар көші-қонын тежеу саясаты болды. Бұл саясат Қытайда да, Қазақстанда да орын алды. Алайда екеуінің сипаты екі түрлі болды. Қытайда жалпы азшылыққа қарсы қысым күшейіп, олардың еркін қозғалысына шектеу енгізілсе, Қазақстанда түрлі талап пен қағаз бастылыққа жол беріліп көштің кідіруіне себеп болды. Алайда алдағы жаңа Қазақстан жағдайында қазақ көшінің жанданып, дамитынына сенеміз. Ол қазіргідей тұрақсыз геосаяси жағдайда Қазақстан үшін де, этникалық қазақтар үшін де ең қажетті шара болып табылады.

Адамзат тарихына көз жібергенімізде, халықтың ішкі және сыртқы көші-қоны – бұрыннан бар және ол көптеген халықтарға тән, ортақ үрдіс. Алайда, олардың арасында қалыптасудың себебі мен салдары әр түрлі. Ол сол кездегі саяси-тарихи шарт-жағдай мен ұлттың немесе азаматтардың жеке шешімімен байланысты. Бұл туралы танымал әлеуметтанушы, саясаттанушы ғалымдар Стивен Каслс Марк Дж. Миллер былайша қорытындылайды: «population shift from countries are not similar amongst themselves and is defined by personal decisions of people taking part in the shifting and is a function of globalizing economy» [12]. Демек, бұл – адамзат өркениеті мен экономиканың ғаламдануындағы бір функция ретінде қаралатын және бағаланатын құбылыс.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы көші-қон сальдосы оң. Кетушілерден қарағанда келушілер саны артуда. Ол жұмыс көзі бар аймақтарға келіп, жұмысқа қабілетті халықтың үлесін арттырумен сипатталады. Білім мен жоғары табыс табу көші-қонның маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы көпұлтты әрі халық тығыздығы ҚХР-ға қарағанда төмен болғандықтан елімізге қоныс аударып келушілердің саны басым. Қазіргі таңда екі ел арасындағы достық қарым-қатынас көші-қон санының артуына әлде де әсер етпек.

#### **ПАЙДАЛАН ҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Sultangalieva G.S, Xing Jin Kazakhs of China and Kazakhstan: number and resettlement (19-20th century) // KazNU BULLETIN. – Almaty. – 2017. <https://articlekz.com/en/article/18739> (Дата обращения: 24.06.2022)
2. Xinjiang Uyghur Autonomous Region <http://johomaps.com/as/china/xinjiang/xinjiang1.html> (Дата обращения: 02.09.2022)
3. Bellér-Hann I. (2008) Community Matters in Xinjiang: 1880-1949 // China Studies, Volume: 17. – 2008. – P. 35-36 <https://doi.org/10.1163/ej.9789004166752.i-477.13> (Дата обращения: 02.09.2022)
4. Gavin. The Chinese Kazak Ethnic Minority, History and Customs of Kazak People. Updated Mar. 18, 2021 <https://www.chinahighlights.com/travelguide/nationality/kazak.htm> (Дата обращения: 24.06.2022)



- 5.伊犁哈萨克自治州概况地图<http://www.xzqh.org/html/show/xj/22378.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
6. 垒哈萨克自治县概况地图<http://www.xzqh.org/html/show/xj/22494.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
- 7.巴里坤哈萨克自治县概况地图<http://www.xzqh.org/html/show/xj/22645.html> 09.09.2020
- 8.阿克塞哈萨克族自治县概况地图<http://www.xzqh.org/html/show/gs/20575.html> (Дата обращения: 09.09.2020)
9. Rakisheva B. Certain aspects of ethnicity of the Kazakhs of China // Asia and The Caucasus. – Volume 16, Issue 2. – 2015. – P. 117
10. Садовская Е. Китайская миграция в странах Центральной Азии: Казахстан, Кыргызстан и – далее везде? // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. – 2009. – С.137-138
11. Положение оралманов в Казахстане. Обзор / UNDP Kazakhstan. – Алматы, 2006 г. – С. 10
12. [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)
13. С. Кошанова, Б. Ракишева, А. Мажитова, Г. Ашкенова (2016) Некоторые аспекты учебной миграции из Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику // Казахстан Спектр, №1, С. 65.
14. Lu Z., Li W., Li M., Chen Y (2019) Destination China: International Students in Chengdu // International Migration 57(3), pp.354-372. DOI: <https://doi.org/10.1111/imig.12464> (Дата обращения: 01.05.2021)
15. Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517> (Дата обращения: 01.05.2021)
16. Қазақстан Республикасының демографиялық жылнамалылығы / Статистикалық жинақ // ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, Астана, 2018, 227-бет. <https://stat.gov.kz/> (Дата обращения: 01.05.2021)
17. Қазақстан Республикасының демографиялық жылнамалылығы / Статистикалық жинақ // ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, Астана, 2018, 227-бет. <https://stat.gov.kz/> (Дата обращения: 01.05.2021)
18. Кожирова С. Казахстанский вектор китайской миграции, С. 6. [https://www.enu.kz/ru/lica-enu/kozhirova-svetlana-basievna/?sphrase\\_id=2649129](https://www.enu.kz/ru/lica-enu/kozhirova-svetlana-basievna/?sphrase_id=2649129) (Дата обращения: 01.05.2021)
19. Термин "оралман" заменили на "кандас" в Казахстане [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/termin-oralman-zamenili-na-kandas-v-kazahstane-413101/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/termin-oralman-zamenili-na-kandas-v-kazahstane-413101/) (Дата обращения: 01.05.2021)
20. «Халықтың көші-қоны» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы



21. Dalelkhan A. , Mazhidenova D., Azmukhanova A., Tuleshova L., Aliyeva S. Kazakhstan Return migration issues in Kazakh-Chinese relations: Mobility and immobility in migration of Kazakh diaspora in China // Opción. – Vol. 34, no. 85. – 2018. – P. 582-604.

22. [Castles, Stephen and](#) Mark J. Miller (2003) Migratory Process the Formation of Ethnic Minorities; The Age of Migration. New York, Guilford Press, pp. 21-49.

*Идрышева Жазира, Тұрсын Рахат*

## **ҚЫТАЙ -ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация.* Мақалада Қытай Халық Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастың қалыптасуы мен даму үдерісі қарастырылған. Екі ел қатынастары тарихи кезеңдерде Қытай мен Түркияның жүргізген ішкі және сыртқы саясаттарына байланысты, халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты түрліше сипатталады деп санайды. Тараптардың саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және басқа салалардағы қатынастарының даму ерекшеліктері пайымдалып, екі мемлекет арасында тарихтан келе жатқан, қазірге дейін шешімін таппаған Шыңжаңдағы ұйғырлар мәселе мен Түркиядағы курд ұлты проблемасының мемлекеттік қатынасқа әсеріне талдау жасалады. Қытай мен Түркия арасында саяси қарама-қайшылықтар сақталғанына қарамастан, екіжақты қатынастар жалпы даму үдерісінде келе жатқанын нақты деректер арқылы дәлелдейді. Қытай Халық Республикасы мен Түркия Республикасының қазіргі таңдағы халықаралық қатынастарда алатын орны мен атқаратын рөліне баға беріліп, олардың ұлттық мүдделері тоғысатын тұстары зерделеніп, қазірге дейін тараптар әртүрі себептерге байланысты өздерінің мүмкіндігін толық пайдалана алған жоқ. Бірақ болашақ дипломатиялық қатынастардың дамуына берік негіз қалады деген тұжырым жасайды.

*Түйін сөздер:* Қытай мен Түркия, Екі жақты қатынастар, сауда - экономикалық байланыстар, саяси қарама-қайшылықтар, болашақ даму, ПҚК, ( Күрдістан жұмысшылар партиясы).

*Идрышева Жазира, Тұрсын Рахат*

## **ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ КИТАЙСКО-ТУРЕЦКИХ ОТНОШЕНИЙ**

**Аннотация.** В статье рассматривается процесс становления и развития дипломатических отношений между Китайской Народной Республикой и Турецкой Республикой. Считается, что отношения между двумя странами в исторические периоды характеризовались по-разному, в зависимости от внутренней и внешней политики Китая и Турции, а также от изменений в системе международных отношений. Будут рассмотрены развитие политики, дипломатии, торговли, экономики и других отношений между двумя странами. Даже несмотря на политические разногласия между Китаем и Турцией, двусторонние отношения оказываются общим процессом развития. Будут проанализированы исторически нерешенный уйгурский вопрос в Синьцзяне и влияние курдского вопроса в Турции на государственные отношения двух стран. В настоящее время место и роль Китайской Народной Республики и Турецкой Республики в международных отношениях определены, их национальные интересы охвачены, и стороны пока не смогли в полной мере воспользоваться различными возможностями. Однако делается вывод о наличии прочной основы для развития будущих дипломатических отношений.

**Ключевые слова:** Китай и Турция, двусторонние отношения, торгово-экономические отношения, политические противоречия, будущее развитие, РПК, (Рабочая партия Курдистана)

*Ydrysheva Zhazira, Tursyn Rakhat*

## ISSUES OF THE DEVELOPMENT OF CHINESE-TURKISH RELATIONS

**Abstract.** The article considers the process of formation and development of diplomatic relations between the People's Republic of China and the Republic of Turkey. It is believed that the relations between the two countries have been characterized differently in historical periods, depending on the domestic and foreign policies of China and Turkey, as well as changes in the system of international relations. The development of politics, diplomacy, trades, economics and other relations between the two countries will be discussed. Even with the political differences between China and Turkey, bilateral relations are proving to be a common development process. The two countries will analyze the historical unresolved Uyghur issue in Xinjiang and the impact of the Kurdish issue in Turkey on state relations. The current place and role of the People's Republic of China and the Republic of Turkey in international relations were measured, their national interests covered, and the parties have not yet been able to take full advantage of various opportunities. However, it is concluding that there is a solid basis for the development of future diplomatic relations.

**Key words:** China and Turkey, Bilateral Relations, Trade and Economic Relations, Political Contradictions, Future Development, PKK, (Kurdistan Workers' Party).

## **Кіріспе**

Қытай Халық Республикасы (ҚХР) мен Түркия Республикасы (ТР) арасында дипломатиялық қатынас 1971 жылы орнады. Содан бері екі ел қатынастары біртіндеп даму динамикасында келеді деуге болады. Тарихи тәжірибелер, еларалық қарым-қатынастар көбінесе саяси, экономикалық және қауіпсіздік салалардағы ортақ мүдделер негізінде орнайтынын және дамитынын көрсетеді. Бұл заңдылықты ҚХР мен ТР қатынастарынан да көруге болады. Алайда бұл екі елдің саяси сипатында, ұстанған сыртқы саясаттарындағы айырмашылықтар айқын. Мемлекеттер ара қатынастар идеология негізінде емес, ұлттық мүдделер негізінде құрылғандықтан, саяси жақтан кереғар келсе де, сауда-экономикалық байланыстар өз жолымен дами беретінін халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Қытай мен Түркия арасындағы қатынастар олардың саяси ұстанымдарының сәйкес келмегеніне қарамастан экономикалық сауда және іскерлік ынтымақтастықтары қалыпты дамып келеді. Әрине, бұл екі мемлекет те бір-бірінен саяси тұрғыдан сақтанатын психологиясы олардың тығыз байланыс жасауына кедергі келтіріп отырғаны анық мәселе.

XXI ғасырда ҚХР-дың дүниежүзіне экономикалық ықпалының артуына байланысты, әсіресе «Бір белдеу – бір жол» мега жобасының атқарылуына байланысты екі ел арасында өзара мүдделер тоғысы оларды жақындастыра түсті. Түркия мемлекетінің георафиялық орналасуының стратегиялық маңызы қытайларды қызықтырса, Қытайдың инвестициясы мен технологиясы Түркияны баурады. Алайда Қытай Коммунистік Партиясының (ККП) Шыңжияндағы ұйғырларға саясаты және Түркияда ұйғыр «сепратистерінің» әрекеттері екіжақты қатынастардың дамуына жағымсыз әсерін тигізіп келеді. Дейтұрғанмен бұл мәселені екіжақ та өздеріне тиімді пайдаланып, сауда-экономикалық және инвестиция саласында ынтымақтастық қатынасын дамытып келеді. Сондықтан ҚХР мен ТР арасындағы қарама-қайшылыққа толы күрделі қарым-қатынастарды зерттеудің жалпыға бірдей теориялық және практикалық маңызы зор деп санаймыз.

## **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Мақаланың методологиясы тарихтану ғылымының, халықаралық қатынастар ғылымының қазіргі заманғы теориялық методологиясы принциптеріне негізделді. Зерттеу барысында ақпаратты іздеу және жинау әдістері, сыни іріктеу әдістері, сараптау, салыстырмалы талдау, тарихи талдау және қорыту әдістері кеңінен қолданылды. Мақаланы жазу барысында, Қытай мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастарға қатысты қытай және түрік тілінде жазылған еңбектерді пайдалану арқылы қорытынды шығару зерттеу жұмысының басты өзегі саналады.

## **Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері**

1971 жылы 4 тамызда ҚХР мен ТР дипломатиялық қатынас орнатқаннан бастап екі ел қатынастары жаңа тарихи даму кезеңіне қадам

басты. Тараптардың саяси, сауда-экономика, мәдениет ғылым-техника саласындағы өзара алмасулары мен ытымақтастық қатынастары біртіндеп дамып келеді. XX ғасырдың 80-90 жылдарында екі елдің жоғары деңгейдегі өзара сапарлары көбейіп, екіжақты қатынастың дамуын ілгерлетті. XXI ғасырда екі ел қатынастары дами түсті. 2010 жылы ҚХР мен ТР стратегиялық әріптестік қатынас орнатты. 2012 жылы Түркияның Қытайдағы мәдениет жылы, 2013 жылы Қытайдың Түркиядағы мәдениет жылы өтіп, екі ел халқының бір-бірінің мәдениетіне болған танымдары мен түсінігін тереңдетті. 2015 жылы екі мемлекеттің Үкіметаралық ынтымақтастық комитеті механизмі құрылып, тараптардың саяси, сауда-экономика, қауіпсіздік және мәдениет саласындағы ынтымақтастық байланыстарын реттеу қызыметін атқарып келеді. Алайда Қытай мен Түркия өзара саяси сенім орната алған жоқ. Қытай Түркия «Шығыс Түркістан сепратизмшілдерін» қолдайды, солардың апаны деп айыптаса, Түркия ҚКП Шыңжаңдағы ұйғыр сынды мұсылман бауырластарына геноцидтік саясат қолданып отыр деп кіналайды. Бұл мақалада ҚХР мен ТР қарым-қатынастарының даму үдерісін қарастыру арқылы екі ел қатынастарының дамуын анықтау және сақталып отырған түйткілді мәселелерге талдау жасау - мақаланың негізі міндеті болмақ.

**Екі жақты қатынастардың негіздері.** Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынасының тарихы ұзақ, мазмұны өте бай. Екі елдің шұғылалы тарихи мәдениеті әлем өркениетінде өзіндік орны айырықша. Бүгінгі таңда ҚХР әлемде экономикасы дамыған екінші мемлекетке айналды. Ал ТР-де дүниежүзінде үлкен жиырма мемлекеттің санатындағы ықпалды мемлекеттердің бірі. Оның геостратегиялық орналасуының стратегиялық маңызы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде елеулі рөл атқаруымен ерекшеленеді. Азияның басы мен аяғына орналасқан бұл екі мемлекеттің саяси сипаты мүлдем ұқсас емес, олардың арасындағы дипломатиялық қатынастар үздіксіз дамып келеді.

Қазіргі замандағы Қытай мен Түркия арасындағы алғашқы қатынас 1927 жылы басталды. Сол жылдары Қытайдың бұрынғы астанасы Нанкинде Түркия Республикасының Елшілігі 1929 жылы өз жұмысын бастады. Hulusi Fuat Tugay ТР-дың бірінші уақытша сенімді өкіл ретінде дипломатиялық қызмет атқарды. Алайда екі ел арасындағы қарым-қатынастар айтарлықтай өрістеп кетпеді. 1931 жылы Түркияның Нанкин қаласындағы елшілігі елдегі саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтарға байланысты қызыметін тоқтатып, уақытша сенімді өкіл Хулуси Фуат Тугай Қытайдан еліне қайтты. Араға сегіз жыл салып Түркия Қытайдағы елшілігін 1939 жылы қайта ашты, Эмин Али (Emin Ali Sipahi) Бас елші болып тағайындалды [1, 144-148 б.]. Екі ел қатынастары Мұстафа Кемал Ататүрік пен Исмет Инонуның кезеңінде экономикалық жағынан да, саяси жағынан да жоғарғы деңгейде дамып отырды [2, 863 б.].

1949 жылы ҚКП азаматтық соғыста жеңіске жетіп, 1949 жылы 1 қазан күні Мао Цзэдун ҚХР-дың құрылғанын жариялады. Бірақ Түркия Батыс

елдері сияқты ҚХР-ды ұзақ уақыт мойындамады. Тайваньға ауып барған Гомиьндан үкіметін Қытайдың заңды үкіметі деп санап, солармен дипломатиялық қатынастарын жалғастырып отырды.

Мао Цзэдун ҚХР-дың төрағасы ретінде 1949 жылы желтоқсанда Мәскеуге сапарлай барды. Бұл ҚХР-дың сыртқы саясатындағы алғашқы маңызды қадамы болды. 1950 жылдың ақпанында КСРО мен ҚХР Мәскеу мен Пекин «Достық, одақтық және өзара көмектестік туралы шартқа» қол қойды. Мао Цзэдунның Сыртқы саясаты социалистік лагерьге басымдылық беру және батыс блогына қарсы тұру болады. 1950-ші жылы басталған Корей түбегіндегі соғыс ҚХР мен АҚШ-ты түбегейлі жауластырды. Содан 1970 - жылдарға дейін Қытай Батыс әлемінен оқшауланып келді [1, 201 б.]. ҚХР-тек КСРО бастаған социалистік мемлекеттермен, яғни Болгария, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Польша, Монголия Халық Республикасы, Германия Демократиялық Республикасы, Албания, Вьетнам және Корея Демократиялық Халықтық Республикасы қатарлы он сегіз социалистік мемлекеттермен және Азия, Африкадағы дамушы мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынаста болды. Мұны ҚХР-дың «бір жағына шығу», яғни социалистік мемлекеттер жағында болудың дипломатиялық нәтижесі деуге болады.

Алайда ҚХР мен КСРО қарым-қатынастары 1950-ші жылдардың соңына ала идеологиялық алауыздықтан салқындап, 1960-шы жылдары ашық жауласуға барды. 1969 жылы екі ел шекарасында әскери қақтығыстар орын алды. Сонымен ҚХР мен КСРО қатынастары барынша шиленісіп, халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымының өзгеруін тудырды. Ұлы державалар арасында жаңа саяси одақтастық қалыптасуына алғы шарт әзірледі. Қытай мен АҚШ өздерінің ортақ жауы - Кеңес Одағына төтеп беру үшін одақтастық қатынас орнатты [3, 13 29 бб.].

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі бұл өзгерістер Түркияның Қытайға ұстанымын өзгертті. Өйткені Түркия өзінің сыртқы саясатын АҚШ-тың қабағына қарай реттеліп отыратыны белгілі. Сондықтан Түркия бұл кезеңде Кеңес Одағынан туындайтын қауіп-қатерге байланысты АҚШ жетекшілік ететін батыс блокқа жақындай түсті.

1960-шы жылдардағы халықаралық қатынастарда орын алған өзгерістер, Кипр мәселесі Түркия мен Батыс блогы арасында қарама-қайшылықтар күрделене түскен-ді. Осындай халықаралық жағдайда Қытай мен Түркияның жақындасуына орай туды. 1960 жылғы Түркиядағы саяси өзгерісті Қытай баспасөзі: «бұл оқиға Түркия тарихындағы шынайы революциялық және популистік дәуірдің бастамасы» деп бағалады. Қытайдағы мұсылман қауымының басшысы Бұрхан Шәхиди арнайы мақалалар жариялап Түркияға қолдау білдірді. 1965 жылы ҚХР-ның Премьер министрі Чжоу Эньлай, Қытай мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатуға ешқандай кедергі жоқ екенін мәлімдеді. Осы мәлімдемеден көп өтпей ҚХР-ның Сауда делегациясы алғаш рет Түркияға сапарлай келді [4,12 б.].

ҚХР мен ТР арасындағы дипломатиялық қатынас Қытайдың Париждегі Төтенше және өкілетті елшісі Huang Zhen (黄镇) мен Түркияның Париждегі Төтенше және өкілетті елшісі Hasan Esat Işık арасында 1971 жылы 4 тамызда қол қойылған Хаттамамен орнатылды. Аталмыш Хаттамада «Тәуелсіздік, егемендік, ішкі ісітерге араласпау, тең құқықты, екі жақты мүдделерді қорғау негізінде, бүгіннен бастап екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы шешім қабылданды» деп көрсетілген. Осы кездесуде Түркия мемлекеті ҚХР-ды Қытайдың бірден бір заңды үкіметі деп танығандығын мәлімдеді. Түркия Тайваньды Қытайдың ажырамас бөлігі ретінде танып, Қытай мен «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» негізінде дипломатиялық қатынас орнатты.

Екі ел дипломатиялық қатынас орнатқаннан қазірге дейін Қытай-Түркия қарым-қатынастары жөнінде түрлі саяси орталарда қызу пікірталастар жалғасып келеді. Басты сұрақ ҚХР-мен орнатқан дипломатиялық қатынастың Түркия үшін қандай пайдасы немесе зияны бар деген мәселе төңірегінде өрбіп келеді. Пікірталастардың Түркияның ұлттық мүддесі тұрғысынан қанат жаюын қалыпты жағдай деуге болады.

Қырғи қабақ соғысы аяқтаған соң, Түркия сыртқы саясатында өзгерістер жасап Азиялық елдермен өзара қатынасты дамытуға басымдылық бере бастады. 1990-шы жылдары Қытай мен Түркия арасындағы кеңесі, пікір алмасулары жиілей түсті. Сауда көлемі ұлғая түсті. Қытай деректеріне сүйенсек, 1985 жылы Қытай-Түркия саудасы 98 млн болса, 1998 жылы 77,8 млрд [5, 377 б.] болды. 1995 жылы 22 мамырда Түркияның президенті Сулейман Демирельдың ҚХР-ға саған алғашқы ресми сапары, екі жақты қатынастардың дамуын белгілі бір деңгейге көтерді [6, 136 б.]. Сулейман Демирель өзімен бірге барған делегациясымен Қытайдың бірнеше қалаларын экскурсиялады. Сапар барысында қытайлық әріптестерімен кең көлемде аймақтық және әлемдік мәселелер бойынша пікір алмасты. Сулейман Демирель екіжақты ынтымақтастықты арттырумен қатар, Кипр, Босния-Герцеговина және Таулы Қарабах мәселелерінде Қытайдан қолдау тапқысы келетіндігін білдірді. Осы сапар барысында Түркияның мүддесіне сәйкес келетін екі жақты қатынастардың ірге тасы қаланды [7, 36 б.]. Демек, ҚХР мен ТР арасындағы қатынастар халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты өзгеріп дамып отырды.

**Қытай-Түркия қатынастарында сақталып отырған басты мәселелері.** Екі ел арасындағы қарым-қатынастың дамуымен бірге, кейбір түйткілді мәселелер де сақталып келеді. Қытай мен Түркия арасында ортақ ұлттық мүдделер бар. Сауда-экономика, туризм саласында ортақ мүдделері басым. Бірақ сыртқы саясат саласындағы ұстанымдары бір-бірімен мүлде үйлеспейді. Олардың жүргізіп отырған Халықаралық сыртқы саясаты әртүрлі. Соған байланысты болса керек, бүгінге дейін екі ел арасындағы ынтымақтастық байланыстар айтарлықтар өрістеп кеткен жоқ.

Қытай мен Түркия арасындағы саяси қарым-қатынасында Қытайдың Шыңжаңдағы ұйғырлар мәселесі бұрыннан бері келісе алмайтын түбірлі

принцип болып келеді. Өйткені Шыңжаңнан бой тасалаған оппозициялардың барар жері, қолдау табатын елі – Түркия болып келеді. Арғысын айтпағанда 1980-жылдардан бері Иса Юсуф Алптекин, Мұхаммед Нияз Түркия сияқты оппозиция лидерлерінің Түркияны паналап, антиқытайлық әрекеттер жасауы екі ел қатынастарына кері ықпал етіп келеді. Өйткені оларға Түркия ресми бейрасми түрде әртүрлі ұйғыр оппозициясына қолдау көрсетіп келеді. 1991 жылы Сүлейман Демирел оппозиция жетекшісі Иса Юсуф Алптекинді қабылдады. Түркияның оппозиция өкілдерін қолдауына Қытай тарапы қатты наразылы болып келеді.

XXI ғасырда Қытайдың Дүниежүзі сауда ұйымына (ДСҰ) кіруіне байланысты олардың дүниежүзілік экономикаға ықпалы арта түсті. Соған байланысты Қытаймен өзара қарым-қатынасты жақсартудың маңыздылығын түсінген Түркия Үкіметі, 2000 жылы Қытай төрағасы Jiang Zemin Түркияға жасаған ресми сапары барысында, Түркияда Қытайды бөлуді көздеген экстремистік топтардың тыйым салуға кепілдік берді. Сондай-ақ Қытай тарапының талабы бойынша екі ел арасында қылмыскерлерді қайтару келісіміне қол қойды; Екі ел басшылары лаңкестікке, экстремизмге қарсы ортақ декларация қабылданып, екі мемлекеттің ірі ақпарат құралдарында жариялады [1, 244 б.].

ҚХР төрағасы Hu Jintao «Жарасымды әлем құру» («和谐世界») сыртқы саясатын жүргізді. Бұнымен қоса, қытай өркениеті әрқашан өз көршілерімен тату болуға назар аударатындығын және барлық мемлекеттер бір-бірімен үйлесімді өмір сүргендерін қалайтынын айтты. Сонымен бірге, өзінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын алдағы 50 жылға жоспарын жариялады: ҚХР-дың егемендігі және территориялық тұтастығын сақтау (бұл жерде Шыңжаң мен Тибеттегі сепаратист күштерді аластап, территория тұтастығының сақталуы және Тайваньның орталық Қытаймен бірігуі туралы айтылып отыр); Ал территория тұтастығының сақталуы ҚХР экономикасының тұрақты дамуы үшін өте маңызды. Қытай Шыңжаң мәселесін Кіші Азия (Түркия) және Орта Азия мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы шешуді көздейді. Сондықтан да болар Ресми Бейжиң аталмыш елдермен екіжақты дипломатиялық қатынастар арқылы да көпжақты дипломатиялық қатынастар арқылы да тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауды көздеді [8, 95-96 бб.].

2009 жылғы Түркия Президент Абдулла Гүл Қытайға ресми сапармен барды. Қытай мен Түркия арасындағы экономикалық салаларын дамыту, Қытайдың Түркияға инвестициясын арттыру, Қытай мен үшінші әлем елдердегі туристерді Түркияға бағыттау бойынша серіктестік орнатты. Екі ел арасында көп жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселелер талқыланды. Алғаш болып Президент Абдулла Гүл Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районына сапарлай барды. Ол сапар барысында Түркияның Қытаймен дипломатиялық қатынасында Шыңжаңның маңыздылығын атап өтті. Шыңжаңдағы түркі тілдес ұлттардың дініне, тіліне еркіндік беруге шақырды.

Алайда, Абдулла Гүлдің бұл сапары Шыңжаңдағы ұлтаралық қатынастың жақсаруына септігі шамалы болды. Сол жылдың 5 шілдесінде Үрімжідегі ұлтаралық қанды оқиға орын алып, Қытай-Түркия қатынасын қайтадан суытты. Түркия Премьер-министр қызыметін атқарып жүрген Режеп Тайып Ердоған Үрімжідегі оқиғаларға қатысты қатаң реакция танытты. Алайда кейін келе, Түркия Үрімжі оқиғаларына байланысты Қытаймен қарым-қатынасын бұзғысы келмейтінін мәлімдеді. Содан кейін Түркияның сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу мен Қытайдың Сыртқы істер министрі Ян Цзечи шиеленіскен қатынастарды қалыпқа келтіру мәселесін талқылады. Екі ел арасындағы қарым-қатынасын қалыпқа келтіру процесі экономикалық қатынастар арқылы жүзеге асырыла бастады. 2009 жылдың қыркүйегінде Қытай-Түркия бірлескен экономикалық Кеңес отырысы өтті. Қытайдың сауда министрі Чен Демингпен түрлі келісімдерге қол қойды. 2011 жылы қытайдың Хайнан әуе жолы компаниясы Шанхай-Үрімжі-Ыстанбұл бағытын ашты. 2012 жылы Түркияның Қытайдағы мәдениет жылы, 2013 жылы Қытайдың Түркиядағы мәдениет жылы шаралары өтті. Сол жылы Қытай төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанда «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру жобасын ұсынды, Қытай «Батысқа беттеу» сыртқы саясаты жүргізді, Түркия «Шығысқа беттеу» сыртқы саясаты жүргізіп, екі мемлекет стратегиялық тұрғыда тоғысты. Сонымен Түркия үкіметі Қытайдың ішкі істеріне қолсұқпайтынын қайта мәлімдеді [9, 251 б.].

Түркия мен Қытай арасындағы тағы бір саяси проблема Тайвань мәселесі болып табылады. Түркия алғаш Қытайдың Гоминьдан Үкіметімен дипломатиялық қатаныс орнатқан-ды. Сондықтан Гоминьдан Тайвань үкіметімен қатынасын жалғастырып келді. ҚХР-мен дипломатиялық қатынас орнатқанна кейін «Бір Қытай» принципін бойынша Тайваньды «Қытайлық Тайбэй» деп үкіметтік емес байланыстарын сақтады. Түркия да АҚШ, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты Тайваньмен аймақаралық қатынастарын ұстанып келеді [10, 36 б.].

Соңғы жылдары Түркия Қытаймен икемді қарым-қатынас жасауға мәжбүр болып отыр. Өйткені Қытайда Шыңжаң мәселесі болса, Түркияда күрттер және Кипр проблемасында Қытайдың ұстанымы Түркия үшін маңызды. Қытай тарапы күрттер мәселесін Шыңжаң мәселесінмен тепе-тең орынға қойып, Түркияға ескертулер жасап бағуда. Күрттер, Кипр мәселесінде Түркия өзінің қауіпсіздігі ұлттық мүддесін қорғау үшін халықаралық аренада Қытайдың қолдауына ие болуға мұқтаж.

Қытай тарихшысы Wang Zhijuan жазған «Күрд ұлтының драмасы қашан бітеді? (kürt milleti dramı ne zaman bitecektir?)» атты мақаласында, 1984 жылдан бергі Түркиядағы күрд мәселесін қарастырған. Сонымен қатар «Күрдтердің ауыр трагедиясы (1984)», «Курдистан, Географиясыз тарих (1990)», «Түркиядағы күрд мәселесі (1925-1984)», сияқты мақалаларды жариялап келеді [11, 160 б.].

Wang Zhijuan жазған мақаласында, «Түркия мемлекеті мен саясаткерлері Күрдтерді жеке ұлт ретінде қабылдағысы келмейді, олардың



пайымынша, күрдтер түріктердің бір қауымы, азшылық ұлт ретінде қаралмайды. Түркияда тек түріктердің ғана ұлт болуға құқығы бар, басқа ұлттарда түріктермен тең құқылы жасауға еркіндік берілмеген. Күрдтердің тілін, мәдениетін дамыту және жеке ұлт ретінде өмір сүру үшін көтерген талаптарын аяусыз түрде басып отырады. Тіпті, Түркия кезінде Түрік әскерлері күрдтер тығыз қоныстанған ауылдар мен қалаларға азық-түлік эмбарго қою сияқты түрлі адамшылық қасиетке жат әрекеттерге барып отыр. Көптеген ауылдар өртелді немесе жойылды. Көптеген күрдтерді түрік қауіпсіздік күштері арқылы өз ауылдарынан күштеп жер аударды. Түрік ұлтшылдары «Түркиядағы күрдтер түрік болуы керек» дейді. Күрдтер өздерінің ұлттық болмысын сақтағысы келгендіктен, түріктердің көзғарасын қабылдай алмайды. Күрдтер күрд елі тарихының тереңде жатқанын, бұған географиялық атаулар, тіл, жазу, мәдениет және дін өзгешеліктері әртүрлі мемлекеттерге тайпаларға бөлшектеу арқылы бірегейлік туралы ойларға күмән тудырды. Түркия халықаралық құқық принциптері, келісімдер мен конвенцияларға сәйкес, Түркия қоғамындағы барлық ұлттарға теңдік негізінде саяси, әкімшілік, мәдени көп қырлы демократиялық мемлекет құру қажет болатын. Бірақ күрд мәселесі Түркияның ішкі мәселесі болудан қалып, халықаралық мәселеге айналды» деп жазылған (Peng zhiping 1999, 89). ҚХР үшін күрд мәселесі, батыс Азиядағы күрд халқының тәуелсіздік үшін күресі болып табылады (Nan Fang ri bao, 1999). Сонымен қатар, Қытай коммунистік партиясының үні ретінде қаралатын (Ren min ri bao) газетінде Косово соғысы жөнінде жазған мақалада «АҚШ Түркияның күрдтерге қарсы саясатын үнсіз құптап, Косовода орын алған Албанияның тәуелсіздік қозғалысын қолдау арқылы Югославияның ыдырауына ашық қолдау көртсетті», - деп ашық жазған болатын [12, 6 б.].

ПКК-ның (ПКК - Күрдістан жұмысшылар партиясы) атын Қытай баспасөзінде Түркия мемлекеті қолданытын «Сепаратист», «Экстремист» терминдері мүлдем қолданылмайды. Оның орнына ПКК-ның басшысы Abdullah Öcalan-ға қатысты қытай баспасөзінде «Түркия мемлекетіне қарсы күрд жұмысшы партиясының басшысы Öcalan» және «Түркия жұмысшы партиясы лидері Öcalan (土耳其库尔德工人党的主要创始人之一, 阿卜杜拉·奥贾兰)» деген атаулар қолданылған.

Кейбір қытайлық стратегтер Түркиядағы ПКК мәселесін Косово мәселесімен паралель қарауда. «АҚШ пен НАТО Милошевичтың Косоводағы албандарға қарсы жүргізген геноцидіне қарсы әскери қимылдар жүргізді. Дәл осылай Түркияда күрдтерге қарсы геноцид жасауда. Бірақ АҚШ пен НАТО күрдтер мәселесінде араласпай Түркияны үнсіз құптап келеді. Мұның себебі, Түркияның НАТО-ның мүшесі және АҚШ-тың одақтасы болуында. Сол себептенде Слободан Милошевичте НАТО-ға мүше болсын және осы арқылы әуе шабуылдан аман қалсын» деген пікірлер білдірген болатын [13, 16 б.]. Қытайлық сарапшы Du Ren «Шыңжаңдағы дүрбелең және Пантүркизм» атты мақаласында: «Батыстықтар Ирақтағы

күрдттердің тәуелсіздік үшін күресін қолдауда, бірақ, бұл қозғалыстардың барлығы Түркия территориясында болғандықтан ауыр түрде жанышталды. Көптеген бейбіт тұрғындарға қарсы жүйелі түрде өлім жазасы, азаптау, мәжбүрлі қоныс аудару, күрд журналистерін, белсенділерді өлтіруді және олардың жоғалуы мәселелері жиі туындап отыр. Ал Қытайдағы адам құқығын жиі айыптайтын АҚШ Түркияның заңсыз әрекетін үнсіз қарап құптап отыр» [14]-деп айыптады. Сонымен бірге, Қытайлық 枫华园 ( Feng hua yuan, fhy.net) журналында «Халықаралық геосаясат және адам құқықтары: Түркия және АҚШ» атты мақалада, «Түркияны диктатор әскерлер басқаруда және елде көптеген саяси тұтықындар бар. Түріктер Халықтың 10% құрайтын күрдттерге қарсы геноцид жасаумен қатар, Кипрдағы гректерді аяусыз қырғындауда. Түркиядағы саяси тұтқындардың саны Қытайдан әлдеқайда көп», - деп жазылды. Бұл сөздің астарынан Қытайдың Түркиядағы күрдтер мәселісіндегі позициясын айқындауға болады [15].

Қытайдың Түркияға қатысты қимылдарында белгілі бір дәрежеде карама-қайшылықтар туындап отыр. Десек те, Қытайдың Түркияның ұлттар саясатын өздерімен салыстырып жазып отырғаны мәлім. Түркияның әртүрлі мүдделер шоғырланған аймақта әлеуеттік экономикалық әскери күшке айналуы, батыспен тығыз қарым-қатынасы және НАТО-ға мүше болуы сияқты ерекшеліктері Қытайдың Түркияға сенім байлай алмайтынын аңғартады. Қытай АҚШ пен Түркияның Орталық Азияға немесе Таяу Шығыста бірге ынтымақтастық жасауынан, Түркияның Еуропа Одағымен бірлесіп, Еуропаның шығыс шекарасын Орталық Азияға дейін созып, Қытайдың аймақтық мүддесіне қауіп төндіруден қауіптенеді. Сондықтан да, Қытайдың Түркияны Шанхай Ынтымақтастық Ұйымынан (ШЫҰ) аластатуы да осы қауіптенудің бір көрнісі. Қытай қазіргі таңда, Түркия мен Қытай арасындағы күрдтер мен ұйғырлар мәселесі бойынша айтыстары олардың ұлттық мүдделерінен жоғары тұрмайтыны анық. Сондықтан ҚХР мен ТР арасында мемлекеттік қарым-қатынастар өз жалғасын тауып отырады деп санаймыз.

**Екі елдің әскери саладағы ынтымақтастығы.** Түркия әлемдегі ең тұрақсыз қауіпті аймақтардың ортасында орналасқан мемлекет, төңірегін өңшең зымыран қаруы бар мемлекеттер қоршаған. Сондықтан Түркия күшті әскер, озық әскери технология ұстауға мүдделі. Осы тұрғыдан Түркия Қытаймен әскери салада ынтымақтастық қатынасын дамытуға белсенділік танытып келеді. Түркияның Кония қаласында әр жылы тұрақы түрде өткізетін «Anadolu kartali» атты әскери оқу-жаттығуына 2010 жылы алғашқы рет Қытай Халық Азаттық армиясын (ҚХАА) шақырып қатыстырды. Қытайдың соғыс ұшақтары Пәкістан мен Иранның әуе кеңестігін пайдалана отырып Түркияға келді. Олар 20 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Конияда Түркия әуе күштері құрамындағы F-4 соғыс ұшақтарымен бірге оқу-жаттығуы өткізді. Бұл екі елдің әскери қауіпсіздік саласындағы

ынтымақтастығы, аймақтық қауіпсіздікті сақтау және әлемде тұрақтылықты орнатуға ортақ көзғарас орнатты [16, 89 б.].

**Қытай мен Түркияның сауда-экономикалық байланыстары.** Қытай мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар Қытайдың экономикалық дамуымен байланысты біртіндеп дамып келеді. Бірақ тұрақты түрде үрдіс дамып отырған жоқ, түрлі себептерге байланысты. Кей жылдары экономикалық қатынастары жақсы нәтижеге қол жеткізсе, кей жылдары айтарлықтай дамып кетпегенін байауға болады. Қазіргі кезге дейін екі ел де сауда қатынастарын дамыту толық іске асыра алған жоқ деуге болады.

Екі мемлекеттің де сауда-экономикалық қатынастары бір-бірін толықтырумен қатар, өздерінің өндірген тауарларын өткізу барысында аймақта бәсекеге түседі. Түркия Қытайдың арзан жұмысшы күшімен өндірген арзан тауарларымен бәсекелесе алмай келеді. Сонымен қатар, Түркияның Қытаймен арадағы сауда қарым-қатынастарында келесідей кедергілер орын алуда: екі елдің сауда туралы заңдарының әрқелкі болуы, Түркияның қытайлық текстиль өнімдеріне қарсы арнайы шектеу шараларын қолдануы және Түркияның әлемдегі ең озық, ең мықты делінген 500 компаниясының 128 кәсіпорны Қытайда орналасқан. Алайда Түркияның аталмыш компаниялары Қытай нарығында бәсекелесуге қауқарсыз болып отыр.

Текстиль өнімдері Қытай үшін де, Түркия үшін де көп табыс әкелетін маңызды импорттық тауар болып табылады. Қытай тарапы Түркияның Қытай тауарларына қарсы қолданған шектеу шаралары қайталануынан және де батыс елдері мен АҚШ сияқты елдердің де мұндай әрекетке баруынан қорқады. Мұнымен қоса, Қытайлық кәсіпкерлердің де бұл жағдайға алаңдаулы. Қытай да, Түркия да дамушы мемлекеттер санатына жататындақтан, олардың өндіретін тауарлары да бір-біріне ұқсас болып келеді, яғни екі елдің өндірген өнімдері бір-бірін толықтыру емес, керісінше, бір-бірімен бәсекелес болып шықты. Аталмыш жағдай екі ел арасындағы сауда бәсекелестігін арттыра түсетіні сөзсіз. Алайда, Қытайдың арзан жұмысшы күші мен тауарлары алдында Түркияның жеңіліс табатыны анық. Дәл осындай сауда бәсекелестігі тек текстиль өнімдерінде ғана қатысты емес, келешекте басқа да салаларды қамтуы мүмкін.

Әлемге әйгілі маркалардың көбісі Қытайда өндіріліп жатыр және «Әлемнің фабрикасы» деген атқа ие. Түркияның Қытай нарығынан өзіне тиісті үлесін алуы, сонымен бірге, екі жақты экономикалық байланыста ұтуы өте қиын мәселе. Таяу жылдардан бері, Түркияның Қытаймен арадағы сауда байланысында шығынға батып келгені осының айғағы, қазір Қытайдың сыртқы елдерге салған миллиардтық инвестициясы жұмыс істеуде, әлемнің екінші экономикалық күшіне айналған Қытай үшін Түркия мен арадағы 4-5 миллиард долларлық сауда көлемі тым аздық етеді. Түркия стратегиялық мемлекет болуына қарамастан экономикалық тұрғыдан Қытайдың шынайы қазығушылығын тудара алмады [17].

2005-2006 жылдары аралғында Қытай-Түркия арасындағы екі жақты сауда көлемі 4 миллиард болған. Бұл көрсеткіш 2017 жылы 27,7 миллиард долларды құраған. Алайда, мұның 3,5 миллиард доллары ғана Түркияның еншісіне тиген. 2018 жылы Қытайдың Түркияға экспорты 20,71 миллиард доллар, импорты 2,91 миллиард доллар болған. 2019 жылы Қытайдың экспорты 18,49 болып, импорты 2,58 миллиард долларды құраған. 2020 жылы екі жақты сауда айналымының көлемі 25 миллиард долларды көрсеткен. Оның ішінде, Қытайдың Түркияға экспорты 23,2 миллиард долларды, ал Түркиядан Қытайға импорт көлемі 2,86 миллиард долларды құраған. Түркия тарапы Қытай мен саудадағы теңсіздікті жою үшін барынша тырысуда, тек соңғы жылдары саудадағы теңсіздікті инвестициялар көмегімен жоюға болатынын айтып, жаңа шешім тапқандай болды.

Қытайдың Түркияға шығаратын экспорт тауарлары: электр машиналары, құрылғылар мен аспаптар, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, механикалық және электронды бұйымдар, балалар ойыншықтары, тоқыма бұйымдары, түрлі жиһаздар, медициналық және фармацевтикалық өнімдер, органикалық химиялық өнімдер, аяқ киім және саяхат заттары, ауыл шаруашылық құрал-жабдықтар, жолаушы және жүк таситын кемелер.

Түркияның Қытайға экспорты: алтын, жеңіл автомобильдер, шойын және болат, тыңайтқыштар, тұз және күкірт минералды заттар, бейорганикалық химиялық өнімдер, сүт өнімдері, өсімдік майы және дәнді дақылдар, балық өнімдері, жеміс-жидектер, мәрмәр және гранит тастар, киім-кешек тоқыма өнімдері [18].

Екі елдің экономика және технология саласындағы ынтымақтастықтан бөлек, туризм саласы қарқынды дамып келеді. Türkiye İstatistik Kurumu (TÜİK) (Түркия статистикалық институты) статистикасына сүйенсек, Түркияға келген қытайлық туристердің саны соңғы 20 жылда екі есеге артты. 2000-шы жылы Қытайдан Түркияға жылына келетін туристер саны небәрі 21 мың 518 болған. Қытайлық туристер саны, әсіресе, 2010 жылдың басынан бері айтарлықтай өсті. 2010 жылы Қытайлық туристер саны 77 мың адамға жеткен. 2013 жылы 139 мыңға жетсе, 2014 жылы бұл көрсеткіш 200 мыңды құраған. 2018 жылы Түркияға келген қытайлық туристердің саны 247 мыңға жетті. 2019 жылғы мәліметтер бойынша 426 мың туристқа жетіп Түркияға келген 100 туристтің бірі қытайлық турист болған. Қытайлық туристтердің түрік туризміне қосқан үлесі 273 миллион долларды құрады [19].

Қытай қазір әлемдегі ең үлкен сыртқы сауда елі ретінде 2 триллион доллар инвестиция қорына ие. Қытай бір жағынан сырттан ішке инвестициялар тартып жатқанымен, екінші жағынан, Қытайдың ұлттық мүддесі тұрғысынан стратегиялық маңызы бар аймақтар мен елдерге инвестициялар салуды қолға алуда. Түркия да аймақта стратегиялық мемлекет болуына қарамастан, қазірге дейін сауда-экономикалық тұрғыдан Қытайдың қызығушылығын тудыра алмай келеді. Дәл осы кезеңге дейін, Қытай Түркияның энергетика, көлік және жылжымайтын мүлік саласына инвестициясы 15 миллиард долларды құрайды. Түркияға салған

инвестицияның ішінде ең үлкен үлеске ие энергетика секторы болып, жалпы инвестицияның 63 пайызын құрайды.

Бүгінде Түркияда 1000-нан астам қытайлық компаниясы жұмыс істейді. Оның ішінде, Bank of China және ICBC сияқты өте маңызды банктік және қаржылық институттар да жұмыс жасайды. Сонымен қатар, Қытайдың Huawei компаниясы Ыстанбул қаласында 2002 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Huawei компаниясы Түркияның технология саласын дамытуға бағытталып отыр. Қазіргі таңда, екі ел арасында ғылыми-зерттеу, технологиялық инвестициялар, адам ресурстарын дамыту, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларын жаңғырту жүйесінде өзара ынтымақтастықтар жүргізіліп келеді [18]. Қытай мен түркия арасындағы сауда-экономика саласындағы ынтымақтастығының болашағы зор деуге негіз бар.

**Қорытынды және тұжырамдама.** Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар екі елдің ішкі және сыртқы саясатына байланысты қалыптасып, даму динамикасында келеді. XX ғасырдың соңындағы Қырғи қабақ соғысының аяқтауы, XXI ғасырдағы Қытайдың өрлеуі әлемдік күштердің қайта орналасуын, халықаралық қатынастар жүйесінің қайта құрылуын анықтады. Соған байланысты Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар да дәуірілік сипат алды. Сонымен қатар, екі ел қатынастарында ұлттық идеологияның ұқсамауы мен саясат ұстанымдардың айырмашылығынан туындап отырған мәселелер де сақталып отырғанын анық аңғарамыз.

ҚХР-дың қарқынды дамуы мен халықаралық ықпалының арта түсуіне байланысты Түркия елінің экономикалық дамуына терең әсер ететіні ақиқат. Олар арасында әрі ынтымақтастық әрі бәсекелестіктің сақталатынын анық аңғартады. Дей тұрғанмен екі мемлекет бір-біріне тікелей қатар төндірмейді. Түркия мен Қытай арасында ұлттық мәселелерге байланысты саяси қарама-қарсылықтар сақталып отырғанымен, ұлттық – мемлекеттік мүдде тұрғысынан олар өзара ынтымақтастық қатынасын дамытатыны сөзсіз. Қазірге дейінгі Қытай-Түркия қатынастарының дамуы олардың болашақ дамуына берік негіз қалады.

Түркия болашақтағы халықаралық қатынастар жүйесінде АҚШ, Еуропалық Одақ, Ресей және Қытай қатынастарына басымдылық беретіні белгілі. Соламен болған қатынастарының баланысынан өзінің ұлттық мүдесін жүзеге асыруға тырысады деп санаймыз. Қытай мен Түркия қатынастары белгілі деңгейде қазақстанға да ықпал жасайды деп ойлаймыз.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Adıbelli, Barış Osmanlı'dan Günümüze Türk-Çin İlişkileri. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2016.
2. Karpat, Kemal H. Türk Dış Politikası Tarihi. Çev. Güneş Ayas, İstanbul: Timaş Yayınları, 2012.

3. Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010). -Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 249 б.
4. Tezkan, Yılmaz. Uzak ve Yakın Komşumuz Çin, İstanbul: 2002. Ülke Kitapları.
5. Huan Weimin (黄维民). Түркия(土耳其). Beijing: Shangwu yinshuguan, 2002. - 401б.
6. Uçarol, Rifat. Siyasi Tarih (1789-2014). İstanbul: 2015. Der Yayınları.
7. Karpat, Kemal H. Türk Dış Politikası Tarihi. Çev. Güneş Ayas, İstanbul: Timaş Yayınları.
8. Жекенов Д. Қ. Қытай халық республикасы « төртінші буын» басшыларының сыртқы саясаты( 2003-2013жж.) Алматы: Қазақ университеті, 2017. –180 б.
9. Çolakoğlu, Selçuk. Türkiye-Çin İlişkilerinin Son On Yılı (2000-2010): Fırsatlar Ülkesi Çin'den Türkiye Pazarına Dönüşüm.
10. Selçuk Çolakoğlu ve Arzu Güler, “Türkiye ve Tayvan: İlişkilerde Zemin Arayışları”, USAK Analiz, No.12, Ağustos 2011, s.26.
11. Nuraniye Hidayet Ekrem. Çin'in dış politikası ( 1950-2000). ASAM, Avrasya stratejik araştırmalar merkezi yayımları, Analiz, Nisan 2003. s.160-187
12. Pen zhiping, “ Self-Determinasyon ve Etnik Bölücülük ”, Milli Sosyal Bilimler Akademisi destek proje raporu, Urumçi: Xin Jiang ren min chubanshe, 1999 s.109.
13. Бейжин көктемi газетi (北京之春日报。 1999年 6月1日.
14. Синхуа агентi (新华社, 1999年 11月19日.安卡拉).
15. Feng li yuan. 日1 月2 年2000. <http://www.fhy.net/Online/1998/fhy9802a.html#>
16. Jacques, Martin. Çin Hükmettiğinde Dünyayı Neler Bekliyor? Çev. Sami Oğuz, Ankara: Akılçelen Kitaplar.
17. Temiz, Kadir. Türkiye-Çin İlişkileri. SETA, Analiz, Nisan 2017, sayı. 196, s.1-9
18. Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı. <https://www.mfa.gov.tr/turkiye-cin-halk-cumhuriyeti-ekonomik-iliskileri.tr.mfa> (Дата обращения: 24.06.2022 г.)
19. Turizm günlüğü, turizm ve seyahat gazetesі, (Туризм және саяхат газеті), 1 Şubat 2020.

*Салтакова Жанат*

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ШЕЖІРЕ ТАРҚАТУ ДӘСТҮРІ НЕМЕСЕ ҰЛТТЫҚ ЖАД**

*Аннотация.* Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық (тарихи) жады түркі мәдениетінен, көшпенділер өркениетінен бастау алған. Шежірелер, ертегілер, жыр-дастандар, тарихи әңгімелер, аңыздар мен әпсаналар, шешендік сөз, билер сөзі – осылардың барлығы халықтың жалпы шежіре мұрасы. Мақалада түркі халықтарының шежіре дәстүрі мен оны сақтаушылары мәселесін ашу көзделеді. Сонымен қатар, шежіре жырлардың мәні, шежіре дәстүрінің қызметі, құрылымы мен сипаты қарастырылады. Авторлар алғаш рет зерттеу нысанына айналып отырған шежіре жырлардың түркі халықтары мұрасында кездесетінін айта отырып, сабақтастығы мен ұқсастығын салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы нақтылайды.

Шежіре тарқату дәстүрі – түркітілдес халықтардың мәдениетінің ауызша тараған мәдени құбылысы. Шежіреші қарттар шежірені ауыздан-ауызға тарқату арқылы ұлттық жадымызды осы күнге дейін жеткізді. Олардың аузынан әулетіне қатысты шежіре деректерді, құнды мәліметтерді естуге болады. Шежірені бүгінгі ұрпақтарға дейін тарқа ту, өз руынан шыққан тарихи тұлғалар (батыр, ақын, би, шешен, т.б.) туралы шежірешіден артық ешкім білмеуі де мүмкін. Шежіре, тарихи тұлғаға қатысты деректер аңыз, жыр, әңгіме арқылы атадан балаға, баладан немере, шөбереге жалғасын тауып отырады. Бұл шежірелердің халық жадында ұмытылмай үздіксіз дамып, келе-келе эпикалық сипат ала бастағандығын көрсетеді. Бүгінгі жаһандану заманында тәрбиеленіп жатқан ұрпақ қанишалықты ата тегін ажыратып, шежірені біліп өссе, соғұрлым өз ұлтының түп тамыры мен тарихын тереңірек зерделейтін болмақ. Әсіресе, жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты ұлттық салт-дәстүріміздің арқасында қандас-туыстастығы мейлінше бекемделген, «қарға тамырлы қазақ» екенін сезіндіре түседі.

Зерттеуде қазақ шежірешілері жеткізген мәліметтердің ғылыми құндылығы жоғары деп саналып, ғылыми тұрғыдан тұңғыш рет сараланады.

**Түйін сөздер:** шежіре, дәстүр, аңыз, жыр, ұлттық жад, қолжазба, нұсқа, тарихилық.

*Салтакова Жанат*

## **ТРАДИЦИЯ РОДОСЛОВИЯ У ТЮРКСКИХ НАРОДОВ ИЛИ НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАМЯТЬ**

***Аннотация.** Казахские традиции и обычаи, национальная (историческая) память развивались в рамках общей тюркской культуры и кочевой цивилизации. Родословные рассказы, сказки, легенды и дастаны, исторические романы, легенды, мифы, публичные выступления, примирительные речи – все это национальное генеалогическое наследие. Цель статьи - представить тюркские родословные традиции и осветить вопрос ее сохранения. Другим аспектом статьи является прояснение значения генеалогической легенды, функции генеалогической традиции, ее структуры и специфики. Родословные сказания как наследие тюркского народа является новой целью научных исследований и будет исследоваться с использованием сравнительно-исторического метода путем сравнения взаимосвязей и сходств.*

*Обычай родословных сказаний является феноменом культуры тюркских народов – устной традицией. Благодаря тому, что рассказчики генеалогии, старики передавали легенды, эти истории сохранились в народной памяти до наших дней. Легенды о генеалогии содержат факты, касающиеся семейной генеалогии, и некоторые важные свидетельства. Очень часто никто, кроме рассказчиков генеалогии, не может передать генеалогию новому поколению, раскрыть факты об исторических личностях племени (воинах (батырах), поэтах, консультантах (би), ораторах и т.д.). Используя генеалогический метод повествования, информация об исторических личностях передается от старшего поколения к следующему через мифы, легенды и истории. Родословные сказания постоянно развивались и со временем приобрели эпическую форму. Во времена глобализации вопрос о том, осведомлено ли новое поколение о своей собственной генеалогии, становится важным, чем больше они знают о своей генеалогии, тем больше и глубже они будут понимать и изучать национальное происхождение и историю. Особенно центральное место в настоящее время занимает национальное табу не вступать в брак между родственниками в течение семи поколений.*

*Материалы, взятые для исследования из казахского фольклора, считаются имеющими высокую научную ценность и исследуются впервые.*

***Ключевые слова:** родословия, традиция, легенда, эпос, национальная память, рукопись, версия, историзм.*

***Saltakova Zhanat***

## **TURKIC PEOPLE'S CUSTOM OF GENEALOGICAL METHOD OF STORYTELLING OR NATIONAL MEMORY**

***Abstract.** Kazakh traditions and customs, national (history) memory have been developed within common Turkic culture and nomadic civilization. Genealogy stories, fairy tales, legends and dastans, historical novels, legends, myths, public speaking, conciliatory speeches – all of these are national*



*genealogical heritage. The aim of the article is to present Turkic genealogy tradition and to cover the issue of its conservation. Another aspect of the article is to clear up meaning of the genealogical legend, function of genealogy tradition, its structure and specifics. Genealogical storytelling as the Turkic people heritage is a new target of scientific studies and will be researched using comparative-historical method by comparing interrelations and similarities.*

*Custom of genealogical storytelling is a phenomenon of Turkic nationalities culture – oral tradition. Due to the fact that genealogy tellers, old men handed down legends, the stories survived in the national memory to this day. Genealogy legends provide facts regarding family genealogy and some important evidences. Very often nobody except genealogy tellers can hand down the genealogy to a new generation, to disclose facts about historical figures of the tribe (warriors (батыр), poets, consiliators (би), public speakers, etc.). By using genealogical method of storytelling information about historical figures is passing over from the older generation to the next one through myths, legends and stories. Genealogical storytelling has been continuously developed and has taken an epic shape with the time. In time of globalization the issue whether new generation is aware of his/her own genealogy is becoming important, the more they know about their genealogy, the more and deeper they will understand and learn the national origin and history. Especially the national taboo not to marry among the relatives within seven generations is currently central.*

*Materials taken for research from the Kazakh genealogical folklore are considered of high scientific value and being researched for the first time.*

**Key words:** *genealogical method, tradition, legend, epos, national memory, manuscript, version, historicity.*

### **Кіріспе**

Ауыз әдебиеті мен тарихымыздың, рухани құндылығымыздың мәнді қайнар көздерінің бірі, ұлтымыздың өсу, өркендеу жолдарының бір тармағы – шежірелер. «Шежіре» сөзінің түп-төркіні арабтың «шажара» – «бұтақ», «тармақ» деген мағынаны білдіреді. Жарты ғасырдан да көп уақыт бойы билік құрған кеңестік жүйе кез-келген адам баласының өзінің шығу нәсілін мен тегін танып біліп, өз руының шежіресін білуін ескіліктің қалдығы деп санап келгені баршамызға аян. Өз түбін білу, «жеті атасын» жатқа айту – тұрпайы таным емес, керісінше ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан тарихи санамыз бен ұлттық жадымыздың жоғалып кетпеуінің белгісі. Бұған дәлел бүгінде кез-келген қазақ баласынан жеті атасын сұрау арқылы оның қай ел, қай жерден шыққанын шежіре жаттап өскен қазақ тауып бере алады.

Шежіре тарқату дәстүрдің негізгі сипаты – оның ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтындығы. Жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі өмір салтын ұстанған көшпелілердің жүздеген, тіптен мыңдаған ру-тайпалық атауларының тарихи дерек көздеріне ілігуі, шежірелік дәстүрдің байырғы замандарда-ақ орныға бастағандығын көрсетеді. Ру-тайпалар атаулары арқылы ел-жұрттың ішкі құрылымы мен өзіндік сипатын

анықтау қоғамдық өмір қажеттілігі үшін туындаған. Түркі халықтарында көне түркі, араб, жәдид, төте, латын, шағатай, кирилл әліпбилерінде жазылған ру-тайпа атаулары мен олардың өмір деректері, тіршілігі туралы шежірелік сипаты басым ақпараттар молынан ұшырасып отырады.

Шежіре тарқату дәстүрінің алғашқы көріністері көне түркі жазба мәдениетінен бастау алады. Атап айтсақ, Орхон-Енесей ескерткіштеріндегі жазу: «Түрік халқы жойылмасын деп, әкем Елтеріс қағанды, анам, Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті». Сонымен қатар, Онгин ескерткісіндегі жазбада: «Елетміш ябғу ұрпағы Ышбара Тамған-шор Ябғу, інісі білікті Ышбара Тамған-тархан аймағымен (барлығы алпыс бес) ата» [Жолдасбеков, Сартқожаұлы, 2005:187] деген жазбалардан ауызекі шежірелік сарынды аңғару қиын емес.

Көшпелі түркі-монғол халықтарының тарихына қатысты еңбектерде де ауызекі шежіре тарқату дәстүрі жалғасын тапқан. «Монғолдың құпия шежіресі», «Шара Туджи», Лубсан Данзан «Алтын топшы», Рашид ад-Дин «Жылнамалар жинағы», Жамал Қарши «Оғыз-Қыпшақ шежіресі», Заһир ад-дин Бабырдың «Бабырнама», Дулат Мұхаммед Хайдари «Тарихи-и Рашиди», Әбілғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтаннар шежіресі», «Насабнаме Шыңғыс», «Насабнаме қазақ», Жалайыр Қадырғали «Жәми-ат-тауарих», Өтеміс қажы «Шыңғыснама» еңбектерде мән-мазмұны тұрғысынан шежірелік дәстүрде жазылған, халық жадында сақталған мәліметтерді арқау еткен.

Түркі халықтарында қалыптасқан шежіре тарқату дәстүрі және жазба шежіре нұсқаларының да болғанын А.И. Левшин, Н.В. Ханыков, И.И. Березин, Ш. Уәлиханов, А.Н. Харузин, Н.И. Гродеков, Н.А. Аристов, М.И. Бродовский сияқты ғалым-зерттеушілердің еңбектері айғақ бола алады. Аталған авторлар түркі халықтарының тарихына қатысты еңбектерінде халық жадында сақталған шежірелік мағлұматтарды кеңінен пайдаланып отырған. Қазақ қолжазбаларының мейлінше құнды шежірелік нұсқалары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Тәшкент, Алматы қалалардың кітапханаларында, мұрағаттарында сақталған, және олардың көпшілігі әзірге ғылыми айналымға түспеген.

### **Негізгі бөлім**

Шежіре тарқату дәстүрі – түркітілдес халықтардың мәдениетінің ауызша тараған мәдени құбылысы. Жырауларының жыр дәстүрі мен шежіре дәстүрі арасындағы айырмашылық туралы түркі халықтарының жыр дәстүрін зерттеуші батыс ғалымы К. Райхл: «көшпелілер қоғамындағы тарихи білім рулық генеалогияны өрбіту, баяндауға негізделеді. Генеалогия түрік халықтарының ауыз әдебиетінің (сонымен бірге жазба әдебиетінің де) маңызды жанрын құрайды, жалпы ауызша дәстүр жанры қырғыздардың ортасында санжыра деп ерекше аталады» – деп жазады [Reichl, 2003: 261].

Ғалым К. Райхлдің ғылыми еңбектерінде ауызша дәстүр, оның орындалуы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы, ерекшеліктері туралы ғылыми тұжырымдар жасалған. Түркі тілдес халықтардың ауызша тарату дәстүрін

зерттеген басқа да шетелдік ғалымдардың еңбектерінде тарихи ақпаратты дәстүрлі мәдениеттанудағы бірден-бір құрал ретінде қабылдау, шежірелік деректерді тарихи тұрғыдан талдау сияқты маңызды мәселелер қамтылған.

Карл Райхл «Өткенді жырлау: түрік және ортағасырлардағы батырлық жырлар» атты зерттеуінде Европа ортағасырлық әдебиеті мен Орта Азиядағы қарақалпақ, өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының ауызша жыр айту дәстүрін салыстырады, түрік жырларын талдап, эпостық жырлардың тарихи негізі туралы айтып өтеді. Ғалымның еңбектерінде әсіресе шежірелей жырлау дәстүрін, шежірешінің (жыршының) жырды орындау тәсілдері туралы тұщымды тұжырымдар жасағанын айтып өткен абзал [Reichl, 2000: 221 б.].

Шетелдік ғылыми басылымдар қатарында қазақтың жүздік, рулық құрылымдары туралы баяндап, аз ғана талдау жасағандар кездеседі. Мәселен, 1938 жылы басылып шыққан Альфред Ходсонның еңбегінде қазақтың дәстүрлі әлеуметтік құрылымы зерттеуге алынған, ал 1963 жылы жарық көрген Лорен Крэйдердің ғылыми еңбегінде түрік-моңғол халықтарының әлеуметтік ұйымдарына зерттеу жүргізген [Hudson, Alfred, 1938:109; Krader, Lawrence, 1963: 411].

Әйгілі ғалым Жан Вансина еңбегіндегі ауызекі айтылатын шежірелік дәстүрді зерттеуді жүйеге салу, ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөліседі [Vansina, 1985]. Ғалым өз еңбегінде ауызша дәстүрді әлеуметтік-мәдени үрдіс ретінде жан-жақты қарастырып, оның тарихи-деректік қызметі ретінде дәстүр ерекшелігі мен мәтініне, ауызша тарихи деректерді түсіну, талдау жолдары сияқты көптеген мәселелерге тоқталады. Шетелдік әйгілі басқа да ғалымдардың қатарында қытайлық зерттеуші Су Бйхай қазақтың тұтас тарихы мен мәдениетін жазуға ұмтылған. Оның Шыңжаңда шыққан «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде қазақтың шежіре дәстүрі туралы айтылады [Су Бейхай, 1985: 857 б.].

Түркі халықтары шежірелерін зерттеген ғалымдар: қырғыз шежіресі С. Аттоқуров, С.Зәкиров, татар, башқұрт шежірелерін М. Әхмәтжанов, М. Усманов, Г. Газиз, М.З. Закиев, Д.М. Исхаков, Р.Г. Кузеев, Марджани Шихабутдин, қарақалпақ, өзбек шежірелерін зерттеген ғалымдар – К.М. Мәмбетов, С.К. Камалов, Х. Дониеров, К.Ш. Шаниязов. Әзербайжан халқының этногенезі туралы еңбектер жазылған. «Алтын шежіре», «Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақша басылымдары жарық көрген.

Шежірені жырмен жазу – қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарында ертеден бар дәстүр. Қарақалпақтың атақты ақыны Бердақ деген атпен танылған Бердімұрат Қарғабайұлының «Шежіре» атты дастаны XVIII ғасырдағы қарақалпақ ұлтының қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдениет-тарихи өмірінен хабар береді және түркі халықтарының ортақ тарихы, шығу тегі жырлана отырып, көптеген құнды тарихи деректерді жеткізеді. Дастан желісі бойынша қарақалпақтар Үргенішті мекендеген. XVIII ғасырдың бас кезіндегі Хиуа хандығының басқыншыларымен ұлтты сақтау жолында қиян-кескі соғыстар жүріп жатты. Хорезм қарақалпақтар мен Түркістан қарақалпақтары бірігіп Қуандария мен Жаңадарияға қоныс аударады.

Ғасырға жуық Жаңадарияны мекендеген қарақалпақтар өмірі Бердак шежіресіне арқау болған. Бұл туралы ғалымдар М.К. Нурмухамедов, Х. Хамидовтің еңбектерін атап өтуге болады.

Қырғыздың Тоголок молда аталған (шын есімі Байымбет Абдырахманов) қырғыздың атақты ақыны 1860-1942 жылдары өмір сүрген. «Манас» жырын жырлаумен қатар шежірені жырмен жырлаған белгілі халық ақыны. Тоголок молданың өлеңмен жазылған қырғыз шежіресі – танымдық салмағы мол халықтық шежіре. Шежіре негізінен қырғыз елінің ауызша айтылып келген аңыз-әңгімелеріне сүйенген. Бір қызығы Тоголок молда шежірені қарасөзбен де, өлеңмен де жазған.

Башқұрт ғалымдары шежіре, ауызша тарихты зерделеу, зерттеуде Орта Азия бойынша көш бастап тұр. Кеңестік дәуір кезеңінде-ақ шежіре зерттеу қолға алынып, біршама жетістіктерге жетті деуге де болады. Соңғы деректер бойынша, қазіргі уақытта кітапхана қорлары мен мұрағаттарда жүз елуге тарта башқұрт шежірелері сақтаулы. Башқұрт шежірелерінің өзіндік ерекшелігі қарасөзбен жазылған шежірелердің арасында өлең жолдарының кездесуі. Фольклорлық үлгіде жазылған бұл өлең жолдарын мамбет, тамьян-катай, өсерген тайпаларының шежірелерінен кездестіруге болады.

Башқұрт ауыз әдебиетінде жыр түріндегі шежіре де кездеседі. XVIII ғасырдағы 1773-1775 жылдардағы халық көтерілісі туралы жазылған «Киньякая бәйіті» жырында Төре хан және оның ұрпақтарының шежіресі жырланады. Ал, өсерген тайпасының шежіресі толықтай жырмен, башқұрт ауыз әдебиетінің құбайыр формасымен жазылған. «Құбайыр» башқұрт тілінде «батырлар туралы жыр» деген мағынаны білдіреді. Яғни, өз ата-бабаларын мақтанышпен жырлайды. Жырда Шыңғыс хан заманында башқұрттардың бабасы Тоқсобаның баласы Мүйтеннен тараған Өсерген және оның ұрпақтары туралы айтылады. Сонымен қатар, башқұрттың танымал ақыны, XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген иракты тайпасынан шыққан Ғали Соқрыйдың да жырмен жазған шежіресі белгілі.

Қазақ шежіре жырлары XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өркендеп, дамыды. Оған үлес қосқан ұлт келешегін ойлаған шежіреші, жыршы, ақындар десе де болады. Олар көбіне Ораз молда, Марал ишан қолжазбаларында, сондай-ақ Әбілғазының, М.Х.Дулатидің, Н.Рағбузидің еңбектеріне, «Хамсул ағла», «Оғызнама» кітаптарына сүйенгендіктерін аңғартып отырады. Құрбанғали Халидтің «Бабалардың сөздерін зейінімен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып, әр мәжілісте, әр жиын отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешілердің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған... Қазақ насабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды, уақиға мың жылдан бері болса, ішінде жүргендей біле береді» [Халид, 1992: 304 б.], – деп атап көрсетуі қазақтың төл шежіресінің халықтың атадан балаға рухани азық болып келе жатқанын,

ұлттық жадты сақтаудағы орны ерекше екендігін көрсетеді. Шежіре жырлардың басым көпшілігі ауызша жеткен аңыз-әңгімелердің, ру аңыздарының желісімен жырланғаны аңғарылады. Елдік пен ерліктің халық қажетіне керек екендігін жырлағандардың есімдері дер кезінде хатқа түсіп, жазылып қалмағандықтан ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа жету барысында көп өзгерістерге түскен. Түрлі нұсқалары пайда болып, фольклордың заңдылығына сай рухани қазынамыздың игілігіне айналды.

Қазақ шежіресі ішкі жанрлық белгілері бойынша: шежіре жыр, қарасөз және кесте шежіре, ал, мазмұнына қарай: тарихи, әдеби, ата-тек шежіресі деп бөлінеді. Мысалы, тек қана тарихи мәліметтерге сүйеніп айтылған шежіре болады, немесе сол тарихи деректермен қоса әдеби-аңыздарды да келтіре отырып айтылатын түрлері кездеседі. Ал сипатына қарай: ру-тайпа, ұлыс, ұлт шежіресі, төрелер мен қожалар, төлеңгіттер шежіресі болып жіктелетіні белгілі. Сипатына қарай бөлінген түрлерінің табиғаты бөлек. Жекелеген рулардың шежіресінің ішінен хандар шежіресін кезіктіру мүмкін емес. Бұл шежірелер бір-бірімен тығыз байланыста екендігін көрсетеді. Мәселен, ру-тайпаның немесе хандардың болмаса қожалардың шежіресі болуы мүмкін. Керісінше, ру-тайпа шежіресінің тарихи немесе әдеби болмаса ата-тек түрінде келуі мүмкін. Бірақ әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мазмұнына қарай бөлінген шежірелер бір туындының ішінде жеке де, араласып та қала береді.

Халық өзі бастан кешкен тарихи жағдайларды қашан да жадында сақтап, оларды аңыз, жыр, дастан т.б. ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ғасырдан ғасырға жеткізіп отырған. Шоқан Уәлиханов қазақтың шежірелік мұрасын тұтас мәдениет деп атауы да сондықтан болса керек. «Бұл дастан-шежіренің барлығы – ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халқының өткен тарихи және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тарихын анықтау үшін таптырмайтын тарихи дерек» – деп көрсетті [Валиханов, 1984:502 б.].

Өз кезеңінде Қазақ Ордасының әкімшілік басқару жүйесіне шежіре аса қажет болды. Билеуші топ яғни хандар мен билер шежірелердің жүйелі түрде жиналып, хатқа түсуін қадағалап отырған. Өйткені, қол бастайтын батырлар арқылы әскер жасақтауда, ру-тайпа басшылары мен билер институтының негізінде мемлекеттік билікті жүргізуге, салық жинау, жер дауы, жесір дауы, құн дауы мәселелерін шешуде шежіре білудің маңызы зор еді. «Осындай шежірелердің бір бөлімі Жәңгір ханда сақталған. XVIII-XIX ғасырларда қазақ хандары қытай еліне барғанда мәдени қатынаста болған. «Қазақ шежіресі» атты кітап мәнжу тілінде Бейжіңдегі хан сарайы архивінде тұр» [Мыңжани, 1990:6 б.].

Шежіре нұсқалары және шежірелік деректер туралы еңбектер XIX ғасырдан бастап мерзімді басылымдарда жарияланып, жеке кітап болып басылып шыға бастады. XX ғасырдың басындағы қуғын-сүргін, ашаршылық, соғыс, зұлматпен қатар, сол уақытта шежірелерді жинап, зерттеген қазақ

зиялылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, М. Дулатов, С. Асфендияров, Қ. Кемеңгеровке ату жазасы кесілген болатын.

Абай мұрагерлерінің бірі Ш. Құдайбердіұлы ұстазының аманатымен қазақ шежіресін жазып, 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар» деген атпен Орынборда жариялады [Құдайбердіұлы, 1991:114 б.]. Шежірені нақты, ғылыми негізде жүйелеп жаза отырып, өлеңмен өрнектеген Шәкәрім шежірені жазудан бұрын осы салада жан-жақты, көп ізденгенін көруге болады. Осы мақсатпен қажылыққа екі рет барып, араб, парсы, түрік тілдеріндегі еңбектермен танысады. Ондағы қазаққа қатысы бар шежіре деректермен айналысып, осыған қоса ар ғылымы туралы да дерек-мағлұматтар жинастырған. Қолы жеткен деректер көзін орыс, Еуропа тілдеріндегі кітаптардан да ұзақ жылдар бойы іздестіреді, шежіре жайлы айтылған қазақтың арғы-бергі аңыз-әңгімелерімен салыстырады. Осы аталған рухани қазына көздерінен жиған-тергендерін ой көзімен талдап, жүйелей келіп қазақ шежіресін жыр түрімен («Қазақтың түп атасы – батыр Түрік»), қарасөз түрімен бірдей жазады. Шәкәрім шежіресі нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен жалпы түркі елдерінің ата тегін, түп төркінін қамти отырып, негізінен қазақ халқының шежіресіне назар аударуымен ерекшеленеді. Шежіре айтушылардың дәстүріне орай өз ата тегінің тарихына көбірек тоқталып, баяндау жағы да бар.

Ал М.Ж. Көпеевтің жырмен жазылған «Қазақ шежіресінде» орта жүздің белді руларының бірі арғындарды таратады. Мәшһүр Жүсіп жырда аталған рулардың ақын, батыр, белді адамдарына да байланысты үлгі-өнеге боларлық мысалдарды келтіре отырып жырлайды [Көпейұлы, 2007: 233 б.].

Мәшһүр Жүсіптің аталған шежіресінде жалпы адамзат тарихын жер тарихымен, ел тарихымен байланыстыра баяндағанын зерделеуге болады. Мәшһүр ақын бір қазаққа қана емес, жалпы түркі халықтарына да ортақ тарихи тұлғалар: Шора Нәрікұлы, Әмір Темір, Едіге туралы шежіре нұсқаларын да жазып алып, оларға деген өзіндік пікірлерін келтіріп отырады. Ақынның қолжазбасындағы Х-ХVIII ғғ. аралығы қазақ хандары туралы да сөз болады. Шежіреде атақты билеушілердің іс-әрекеті қысқаша баяндалып, сонымен қатар шежірешінің өз пікірін де беріп отырған. Тарихи дерегі аз хандардың есімдерін де атап өтуді ұмыт қалдырмайды. Ал «Қазақ түбі» атты еңбегінде Мәшһүр Жүсіп әз Жәнібек ханнан бастап әз Тәуке ханға дейінгі хандарды тізіп көрсетеді. Аталған шежіренің бірнеше нұсқасы бар.

Мәшһүр Жүсіп шежіресінде Алаша ханға қатысты көптеген мәліметтерді жазады. Жоғарыда аталған хандар тізіміне Алаша ханды, Ормамбет ханды т.б. қосады. «Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: «Қасқа жолды Қасым хан», «Ескі жолды» Есім хан, «Күлтөбеде күнде кеңес» атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан. Қазақта хан болып, заң шығарып, халық қатарына қосқандар – осы айтылған хандар. Алды-арты жоқ Алаша хан деген бір хан билеген. Қазақ үш жүзге бөлініп; Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз Арғын, Кіші жүз Алшын атанғаны; «Алаш» деп ұран шақырысып: «Алаш алаш болғанда, Алаша хан

болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз Алаш болғанда» деп айтатын заман болған». М.Ж.Көпеевтің шежіресі мәдениетіміз бен ұлттық тарихымыз үшін құнды деректер көзі болып табылады.

Шежіреші адам білімді болумен қатар, қажырлы, төзімді болу керек. Атап айтсақ, «Бабалар сөзі» Жүзтомдығының 82-томына енген «Адам атадан бергі шежіре» атты жырды жазуға шежіреші Бұзаубай ақсақалдың жиырма жыл уақытын сарп етіп, жоғарыда көрсетілген кітаптардың көпшілігімен танысып шыққан. Шежіреші Бұзаубай Жайлаубайұлы қолжазба деректер бойынша, 1894 жылы бұрынғы Қостанай облысы, Семиозерск ауданы, Целинный совхозында дүниеге келген. Ескіше 7-8 сыныптық білім алып, халық жырларын жаттап өскен Бұзаубай жастайынан сөз өнеріне әуес болып, тойда ән салып, ақындар айтысына қатысып, «ақын Бұзаубай» атаған [Бабалар сөзі, 2012: 340 б.]. «Шежірешілер өзінің жеке тәжірибесіне тарихи ұзақ дәуірлердің маңызды әрі өзекті деген ұрпақтар тәжірибесін ұштастырған, барлығын қосып сақтаған субъектілер. Сөйтіп, шежірелерде көрініс табатын қариялардың тарихи санасы есте сақтаушы субъектілерінің тарихи жады арқылы дәстүрлі мәдениет қағидаларын да, адамның өмірлік тарихи тәжірибесі мен білімін де ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырады» [Алпысбес, 2007: 47 б.].

Бұзаубай шежіреші отыз бес бөлімнен тұратын шежіресінде XV ғасырдан бастап, XIX ғасырға дейінгі қазақтың тарихи шежіресін жырлаған. Төрт қалың дәптерден тұратын қолжазбада адам жаратылысынан бастап, халқымыздың ұлт, ұлыс болып таралуына дейінгі аралық жырға арқау болады. Сөз болып отырған шежіренің құндылығы – жырда тарихи мәліметтердің молдығы.

Жыршы Адам атаның жаратылысы туралы діни аңыздарды шебер қолдана білген. Сонымен қатар жыршының діни сауатты адам екенін орын-орынмен пайдаланған сүрелер арқылы көруге болады. Жырлаушы Б.Жайлаубаев шежірені 20 жыл шамасында (1953-1973 жылдар аралығында) жырлаған. Осы жылдар ішінде шежірешінің көп ізденгені, тарихи, діни кітаптармен кеңінен танысқаны айқын аңғарылады («Қиссаул әнбия», «Тәурат», «Інжіл», «Құран», «Оғызнама» т.б.). «Қазақтың түбі қайдан шықты» деген сұраққа жыршы Аннас сахабадан тарадық деген нұсқаны құптайды. Құнанбай қажының Меккеге барғанда әкелген шежіресін негізге алады.

Сонымен қатар жыршы Аяз би, Қарашаш туралы аңыздарды да молынан пайдаланған. Жыршы Бәйдібектің ұрпақтары, әсіресе Домалақ ана туралы аңыздарды Жамбыл Жабаевтан алғанын, ал көпшілік деректерді, қажетті мәліметтерді көне кітаптар мен қолжазба мұралардан алып отырғанын жиі еске алып отырады. Бұл шежірешінің өзіндік шынайылығын, ұрпақтар алдындағы тазалығын аңғартады.

Сондай-ақ жыршы шежірені жырлау үстінде өзіндік ұстанымдарын да пайдаланып, көлемді мұраның құрылымын, композициялық жүйесін, оқиғалар желісін өзінше құрып, көп шежірешілерге ұқсамайтын жеке жол

іздістіруге тырысады. Кейде бұл ізденістеріне қол да жеткізген сияқты. Бұзаубай ақсақалдың шежірелік мәліметтері мен құжаттық материалдары өте мол болғандықтан, жалпы шежіренің жалпы жүйесі бұзылғандай болып көрінгенмен, оның негізгі тұтастығы сақталған.

Шежіреші Б. Жайлаубаев шежірені алдымен жыр үлгісінде жырлап, кейін біраз жерлерін қарасөзбен толықтырған. Оған осы шежірені жинап, тапсырушы Жексенбіұлы Қайырбектің мына мәліметі айқын дәлел болады: «Қазақ шежіресін жазғанда Бұзаубай ақсақал 89 жаста болғандықтан алғашқы бөлімін өлең сөзбен, соңғы бөлімін қарасөзбен жазған».

Арасында шешендік сөздер де кездесіп қалады. Қолжазбада шежірелер ретсіз орналасқан. Және бірін-бірі қайталайтын бөлімдері де кездеседі. Кейбір бөлімдері аяқталмай қалған. Жырлаушы кейбір ру, тайпа атаулары мен тарихи деректерді келтіруде қателесуі де мүмкін. Алайда бұл Бұзаубай шежіресі – көлемді тарихи мәліметтерге бай, құндылығы зор шығарма.

Кеңестік идеологияға қаншама қайшы келгенмен, шежірешілік дәстүр рухани мұраларымыздың өзге де түрлері сияқты өз жалғасын тауып, мүмкіндігінше жиналып отырды. Себебі бұл жәдігер ата-бабалар аманаттап кеткен тұтас бір ұлттың өмір жолы, сан ғасырлық тарихнамасы еді. Бірақ қырағы саясат бұл мұралардың жариялануына, зерттелуіне жол бермей, жиырмадан астам бумада жинақталған шежірелер ұзақ жылдар бойы аталған қорларда жатып қалды. Қазақ шежірелерінің көптеген нұсқалары Қазақстан Республикасының Орталық Ғылыми кітапханасына, Ұлттық кітапханаға, Мемлекеттік Орталық мұрағатына жинақталған. Бір ғана Орталық Ғылыми кітапхана қорында 20 мыңдай қолжазба болса, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында 6 мың беттей шежіре бар. Ал өлеңмен жазылған шежіре жырлардың басым көпшілігі жарияланбаған. Ел тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғана көне тарихымызбен қайта қауышуға мүмкіндік туып, шежірелер кең көлемде басылым көре бастады. Шежіре жырлар алғаш рет жинақталып, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» Жүзтомдық сериясында (32,81,82 томдар) басылып шықты.

Қазақ арасындағы шежіре тарқату дәстүрі шамамен XX ғасырдың соңына дейін сақталып келді деуге болады. Халық өзінің шежірелік тарихына яғни тарихи жадына XX ғасырдың ортасына дейін көлеңке түсіре қойған жоқ. Ауыл ақсақалдары мен қариялардың аузынан айтылған ауызша әңгімелер мен аңыздар арқылы қазақтар елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты түсінік қалыптастырды. «Қазақстанның барлық өңірінде 30-дағы және одан жасы асқан қазақтар өздерінің ата-тегін яғни, руының, тайпасының және тайпалық одағының (жүзінің) шежіресін тамаша біледі. Қарттар арасында дүйім қазақтың ру-шежіресін білетіндері әлі де болса кездеседі. Өкінішке орай, біздің тарихшыларымыз бен этнографтарымыз бұл мағлұматтарды жинаған да, зерттеген де емес. Ал, мұндай мағлұматтар болса қазақтың көптеген тайпаларына қатысты құрылым мәселелерін саралауда мейлінше құнды» [Алпысбес, 2007: 47 б.].



Кеңестік жүйеге қаншалықты қайшы келгенмен, шежірешілік дәстүр, шежіре тарату, «жеті атасын жаттату» мәдени, рухани мұра ретінде өз жалғасын тауып, шама-шарқынша жиналып отырды. Өйткені бұл – ата-бабалардан қалған тұтас бір ұлттың өмір жолы, сан ғасырлық тарихнамасы еді. Кеңестік саясат рухани мұралардың жариялануына, зерттелуіне жол бермеуге тырысты, сондықтан да отызға жуық бумада жинақталған шежірелер ұзақ жылдар қолжазба қорларында шаң басып тұрды. Ел егемендік алғаннан кейін ғана рухани, мәдени мұраларымызбен қайта қауыштық. Тәуелсіздік жылдарында шежірелер өте кең көлемде басылым көре бастады.

Қазақ шежірелерін жинау, жариялау жұмыстарын жедел түрде қолға алып, құлшына кіріскен ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбек еді. Ол 1997-2002 жылдар аралығында «Қазақтың төр шежіресі» деп аталатын бір беттік плакат шығаруды қолға алған. Алып бәйтерек үлгісінде салынған, түп-тамыры сақ, скиф, түркі, қазақ боп басталатын қазақ ру-тайпаларының бес-алты мыңдай атауы берілген, ұлттың біртұтас, бір тамырдан, бір діңнен өрбитіндігін көрсететін көрнекті плакат сол кезеңде өмір сүрген көп қазақтың төрінде ілініп тұрғаны хақ. Шежіре-плакаттың бір бұрышында автордың мекен-жайы мен қысқаша түсініктемесі көрсетілген. Осы плакат арқылы ғалым А.Сейдімбек өзінің мәліметі бойынша мыңға тарта шежіре жинаған. «Шежіре-плакатқа деген халықтың сұраныс айрықша болды. Кешікпей-ақ менің атыма жолданған шежірелік еңбектер Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңбырдай жауды. Аз уақыт ішінде мыңға тарта шежіре нұсқалары жиналды. Олардың ішінде нақтылы әулет-ата шежіресінен бастап, ру-тайпаның, жүздің, тіптен тұтас ұлттың тарихы мен этноқұрылымын зерделеген еңбектер де бар еді» деп жазады [Сейдімбек, 2008 :728 б.].

Шежірелердің құрамында ескі тарихи дәуірлердің мәліметтері тарихи-тұрмыстық жыр, аңыз күйінде көп сақталған. Осылайша кейбір шежіре мәліметтері мерзім жағынан ерте дәуірден қазіргі күнге дейінгі уақытты қамтығанымен, генеалогиялардың дені қазақ хандығы дәуіріне қатысты. Мұнда моңғол мемлекеті күйрегеннен кейінгі уақыт пен қазақ жүздерін қалыптасуы дәуіріндегі қазақ ру-тайпаларының құралу принциптерін айғақтайтын тарихи-генеалогиялық жүйе деп сипатталады.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, қазақ шежіреге өте бай халық. Халқымыз шежіре айту арқылы ұлттық (тарихи) жадымызды осы күнге дейін жеткізді. Шежіреші қарттардың аузынан құнды мәліметтерді естуге болады. Белгілі бір рудың тармағына, немесе әулетіне қатысты шежіре деректерді олардың қазіргі күнгі ұрпақтарға дейін тарқату, сол рудан шыққан тарихи тұлғалар (батыр, ақын, би, шешен, т.б.) туралы сол рудың шежірешісінен артық ешкім білмеуі де мүмкін. Сол шежіре, тарихи тұлғаға қатысты деректер аңыз, жыр, әңгіме арқылы атадан балаға, баладан немере, шөбереге жалғасын тауып отырады. Сондықтан да шежірешілердің еңбектеріндегі мәліметтердің ғылыми құндылығы жоғары деп санаймыз. Халық арасынан шежірелерді

жинау, баспада жариялау – халқымыздың ұлттық тарихына тың деректер қосары сөзсіз. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз де осы шежірешілдік дәстүрге байланысты айтылса керек. Бүгінгі жаһандану заманында тәрбиеленіп жатқан ұрпақ қаншалықты ата тегін ажыратып, шежірені біліп өссе, соғұрлым өз ұлтының түп тамыры мен тарихын тереңірек зерделейтін болмақ. Әсіресе, жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты ұлттық салт-дәстүріміздің арқасында қандас- туыстастығы мейлінше бекемделген, «қарға тамырлы қазақ» екенін сезіндіре түседі.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Алпысбес М.А. Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде // Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.авторефераты. – Алматы, 2007. – 47 б.
2. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Шежірелік жырлар. 82-том. – Астана:Фолиант, 2012. – 340 б.
3. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр.соч. Т.1.– Алматы,1984. – 502 б.
4. Vansina J. Oral Tradition as History. – London: James Currey, 1985.
5. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхан ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005. – 187 б.
6. Hudson, Alfred E. Kazak social structure. – London: Humpfrey Milford, Oxford Univercity Press, 1938. – p.109.
7. Krader, Lawrence. Social of the Mongol-Turkic pastoral nomads. Indiana Univercity Publication, 1963. Uralik and Altaic series. – Vol.20. Printed in the Netherlands. – p. 411.
8. Reichl K. Ritual aspects of the performance of epic. Journal Historical Pragmatics. Special Issue. Ritual Language Behaviour. Amstredam: John Benjamins Publishing Company, 2003. Vol.4. №2. – p. 261.
9. Reichl K. Singing the Past: Turkis and Medieval Heroic Poetry. – Ithaca and London: Cornell University Press, 2000. – p. 221.
10. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі.– Астана: «Алтын кітап», 2007. – 233 б.
11. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 114 б.
12. Мыңжани Н. Қазақ шежірелері. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1990. – 380 б.
13. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Шежірелік деректерді пайымдау: Зерттеу. – Астана:Фолиант, 2008. – 728 б.
14. Су Бйхай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Үрімжі, 1985. – 857 б.
15. Халид Қ. Тауарих хамса.– Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

## **XI JINGPING'S " ONE BELT, ONE ROAD " INITIATIVE: IN THE WILDERNESS OF "A NEW COLD WAR"**

***Abstract.** This article reviews Xi Jinping's initiative to develop an infrastructure project that is global in nature and meant to reinforce China's foreign policy, strategic position. In 2013, China announced its 'One Belt, One Road' (OBOR) initiative, putting itself on the map as one of the leaders of the new world order. However, China's rapid progress is causing irritation and criticism in some other countries and, above all, in the United States. The United States, which is interested in preserving its global leadership, may play a deterrent role in promoting this initiative. For the initiative to succeed, China needs a well-considered and balanced policy to ensure dialogue and communication with all states involved in the project, but especially with its neighbours. The article also comprehensively analyses the stages of America's perception and attitude towards the OBOR initiative.*

***Key words:** "One Belt, One Road" Initiative, competition, US, PRC, infrastructure construction, Chinese-American relations, Central Asia, Kazakhstan*

*Масабаев Қанат*

## **СИ ЦЗИНЬПИННИҢ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ: «ЖАҢА ҚЫРҒИ-ҚАБАҚ СОҒЫС» ДАЛАСЫНДА**

***Аннотация.** Мақалада Си Цзиньпиннің жаһандық сипаттағы және ҚХР-ның сыртқы саяси, стратегиялық ұстанымдарын нығайтуға бағытталған инфрақұрылымдық жобаны дамыту жөніндегі бастамасы қарастырылады. 2013 жылы Қытай "Бір белдеу, бір жол" (БББЖ) деген өзінің бастамасын жариялады, осылайша жаңа әлемдік тәртіптің көшбасшыларының бірі рөлін көрсете алды. Алайда, ҚХР-ның қарқынды дамуы кейбір басқа елдерде, ең алдымен АҚШ-та тітіркену мен сын тудырады. Әлемдік көшбасшылықты сақтауға мүдделі Америка Құрама Штаттары бұл бастаманы алға жылжытуда тежеуші рөл атқара алады. Бастаманы табысты іске асыру үшін Қытайға жобаға қатысушы барлық мемлекеттермен, ең алдымен көршілерімен диалог пен қарым-қатынасты қамтамасыз етуге арналған жақсы ойластырылған және салмақты саясат қажет. Мақалада сонымен қатар Американың БББЖ бастамасын қабылдау және қарым-қатынас кезеңдері кешенді және жан-жақты талданады.*

***Түйін сөздер:** "Бір белдеу, бір жол" бастамасы, бәсекелестік, АҚШ, ҚХР, инфрақұрылым құрылысы, қытай-америкалық қатынастар, Орталық Азия, Қазақстан*

**ИНИЦИАТИВА СИ ЦЗИНЬПИНА «ОДИН ПОЯС - ОДИН ПУТЬ»:  
В ДЕБРЯХ «НОВОЙ ХОЛОДНОЙ ВОЙНЫ»**

*Аннотация.* В статье рассматривается инициатива Си Цзиньпина по развитию инфраструктурного проекта, имеющего глобальный характер и призванный к укреплению внешнеполитических, стратегических позиций КНР. В 2013 году Китай объявил о своей инициативе «Один пояс, один путь» (ОПОП), тем самым примерив на себя роль одного из лидеров нового миропорядка. Однако стремительный прогресс КНР вызывает раздражение и критику в некоторых других странах и в первую очередь, в США. Соединенные Штаты, заинтересованные в сохранении своего мирового лидерства, могут играть сдерживающую значимость в продвижении данной инициативы. Для успешной реализации инициативы, Китаю необходима хорошо продуманная и взвешенная политика призванная обеспечить диалог и общение со всеми государствами участвующими в проекте, но в первую очередь со своими соседями. В статье также комплексно и всесторонне анализируются этапы восприятия и отношения Америки к инициативе ОПОП.

*Ключевые слова:* Инициатива «Один пояс, один путь», конкуренция, США, КНР, строительство инфраструктуры, китайско-американские отношения, Центральная Азия, Казахстан

It is known that the idea in the shape of the 'Belt and Road' initiative was officially first announced by China's leader Xi Jinping during his speech in Astana during his state visit to Kazakhstan in the autumn of 2013. The Kazakh leadership, as well as many domestic historians, found it highly symbolic, as the route of the Great Silk Road, which existed in ancient times in large part passed through the territory of what is now the Republic of Kazakhstan ( RK). Historical records show that during the Han dynasty, during the reign of Emperor Wu Di, from 140 to 87 B.C., Zhang Qian, the ambassador, was sent twice to the "Western countries" to pave the way from the capital of the empire - Chang'an (present - Xian) via the western ridges of Tien-Shan to the eastern coast of the Mediterranean Sea. Excellent Chinese silk products reached the West by that route, and the route was later known as the Silk Road. The revival of this route, in the form of building infrastructure in Eurasia, is not the desire of China alone. Since time immemorial, the establishment of links within the supercontinent has not only been undertaken by the international community, but also by a variety of countries, more and less big ones. In addition to China, Japan, Russia, India, Turkey, and Kazakhstan, among others, have their own infrastructure development programmes with their own specifics. However, China's One Belt, One Road initiative, apart from its global scope, has had a good financial and economic component from the very beginning. In November 2014, on the occasion of the APEC summit, China

*Аннотация.* В данной статье рассматриваются арабо-кыпчакские лингвистические, лексикографические труды, которые созданные на основе кыпчакско-огузского языка, использованного в Египте и Сирии, в Золотой Орде и Средней Азии в XIII-XIV веках, и их исследование в всемирной тюркологической науке и в Казахстане. Древнетюркские письменные памятники, в том числе разные аспекты классифицируемой систематизации памятников средневековья, рассматриваются и анализируются на основе исследований казахстанских ученых, а также иностранных ученых. Ученые отметили, что старокыпчакский язык, рассматривается как золотой мост, связующий древнетюркский и современные тюркские языки. Поэтому, эти памятники очень важны для полного раскрытия некоторых нерешенных проблем в области языкознания.

*Ключевые слова:* старокыпчакские письменные памятники, кыпчакско-огузские языки, лингвистика, лексикография, Египет, Сирия, Золотая Орда

*Dyussenov Bagdat*

## **CLASSIFICATION OF OLD KIPCHAK WRITTEN MONUMENTS**

***Abstract.** In a given article the world turkological science about arabo-kipchak lingvistical lexicographical works is examined. These works were created at the basis of kipchak-oguz language that was used in Egypt and Syria, Golden Horde and Central Asia in XIII-XIV centuries, and at the basis of its study in Kazakhstan. Ancient turki epistolary monuments including different aspects of classified systematization of Middle Ages monuments are examined and analyzed at the basis of investigations of Kazakhstan scientists, also foreign scientists. The scientists noted that an ancient kipchak language is examined as a golden bridge, connecting ancient turki and modern turks languages. That is why these monuments are very important for full disclosure of some unsettled problems in the sphere of linguistics.*

***Key words:** Old Kipchak written monuments, Kypchak-Oguz languages, linguistics, lexicography, Egypt, Syria, Golden Horde*

### **Кіріспе.**

Мәмлүктердің Мысыр мен Шамды билеген уақытын тарихта екі үлкен кезеңге бөліп қарау қалыптасқан: 1) 1250-1382 жж.; 2) 1382-1517 жж.

Батыстың тарихшылары мәмлүктерді әскери бөліміне қарай «бахри» және «бурджи» деп атайды. Бертінгі ислам тарихшылары «түркі» және «шеркес» кезеңдері деп қарастырады. Мәмлүктердің арқасында араб-ислам өркениеті моңғолдар мен крестшілер кесапат-зауалынан аман қалды. Мысыр мен Шам елі ең жоғарғы мәдени және ең бір керемет саяси дәуірлеу тұрғысынан алғанда түркілер (қыпшақтар) сұлтандығына қарыздар [1].

Мәмлүктер кезеңі Мысыр мен Шам елі үшін аса жоғары өрлеу заманы болды. Оған Ислам әлеміндегі төңкеріс те сайма-сай келді. 1258 (х.ж.с.б. 656) жылғы Бағдат халифатының құлауы, Мысырға мықты-мықты деген ғалымдардың моңғол езгісінен қашып келіп, оны паналап, орталыққа айналдыруына бірден бір себеп болды. Батыста, Испанияда мұсылмандық билік ыдырап, көптеген ғалымдар Андалусиядан әсіресе, Кардоба мен Мысырға қашып келді [2, 219 б.].

Тарихи деректемелер мен құжаттарға сүйене отырып жазған арабтың тарихшысы Амин әл-Холи өз еңбектерінде «арабтардың қыпшақ тіліне деген қызығушылығы Мәмлүктердің билікке келуінің әсерінен» деп куәлік етеді. XIII-XIV ғасырларда Мысыр мен Шам елінде түркі тілін үйренуге деген құлшыныс түркілердің көптігінен, сонымен бірге қыпшақтардың да санының артуынан болуы керек. Әкімшілік, іскерлік, елшілік қарым-қатынастың барлығы өз ана тілдерінде жүргізілген. «Қыпшақ сұлтандарына хаттама-хабарлар көбінесе түркі тілінде жазылып жіберілген» [3, 29 б.].

Мысыр мен Шам елдерінде билік құрған мәмлүк қыпшақтары саналуан ұлт пен ұлыс, тайпалардан құралғанымен барлығы ортақ түркі (қыпшақ) тілінде сөйлесіп, түсініскен. Ол кезде «түркі тілі» мен «қыпшақ тілі» синоним ұғымдар ретінде қолданылды [4].

XIII-XIV ғасырларда Мысыр мен Шам елінде түркі (қыпшақ) тілін үйрену өте үлкен құштарлыққа ұласты. Өйткені, мемлекеттің билік басына қыпшақ сұлтандарының отыруының орасан зор әсері болды. «Кезінде тіпті араб зиялыларының арасында түркі тілін білудің өзі жоғары мәдениеттіліктің, зор білімпаздылықтың белгісі болған. Арабтарда «Түркіше білмеген, Алладан қорықпаған» – деген мәтел сөз бар [5, 11 б.].

Мысыр мәмлүктерінің сұлтандары мен Алтын Орда хандары арасында көптеген жылдар бойы дипломатиялық және достық қарым-қатынас қолдау тауып тұрды. XIII ғасырдың 30 жылдарынан бері орныққан бұл достық байланыс арғы тегі қыпшақ тайпаларынан шыққан, яғни, мысырлық сұлтан Бейбарыстың (1260-1277 ж.) билік құрған кезінен бастап, Алтын Орда құлағанша үздіксіз жалғасты.

Мысыр мен Шамның көптеген ғалымдары, саяхатшылары Алтын Орда мемлекетінде болды, сондай-ақ, Мысыр мемлекетінің көрнекті билік орындарында да Сарайи, Қырыми, Хорезми және т.б. лақап атты адамдар қызмет атқарды. Арабтың белгілі тарихшы-ғалымы Амин әл-Холи еңбегінде Мысыр еліне Еділдің бойынан әртүрлі себептермен келген танымал ғалымдар мен ақындардың аттары аталып өтеді. Амин әл-Холидің айтуынша «олардың бірі – шешендік өнердің шеберлері болса, басқасы – шабыты шалқар ақындар, үшіншісі – даналық пен заңнамалық саланың зердесі зерек ғалымы болған. Олардың кейбіреуі мектеп пен медреселерде дәріс берді, ғылыммен шұғылданды» [3, 29 б.].

Алтын Орданың құлауы нәтижесінде көптеген әдебиет және мәдениет өкілдері өз отанын қалдырып, басқа елдерге көшуге мәжбүр болды. Олардың көбісі Кіші Азия, Шам, Мысыр елдеріне кетті. XIV ғасырдың соңына таман түркі әлемінің әдеби-мәдени орталығы Мысырға ауысты. Көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар және т.б. Сарайдан шыққандар өздерінің шығармашылық сапарын Мысырда жалғастырды [6, 32 б.].

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Амин әл-Холидің айтуынша «қыпшақтар Мысырда беделге ие болып, өмірдің барлық бағытына араласып, ықпалын жүргізді. Көптеген араб ғалымдары қыпшақ тілін меңгеріп, қыпшақша-арабша, арабша-қыпшақша сөздіктер құрастырып, қыпшақ тілі бойынша грамматикалық құралдар жазды» [3, 29].

Ендігі басты назар аударатын мәселе, XIII- XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде түзілген ескі қыпшақ ескерткіштерінің бүгінгі хал-ахуалы нешік? Бабалардың пайдаланған құралдарын, сөздіктерін, ауызекі, әдеби-мәдени, халықаралық, мемлекеттік тілінің лексикалық қорын зерттеп, зерделей алып жатырмыз ба? Осы мәселелердің төңірегінде толықтай көңіл толарлық деп айту қиын. Тәуелсіздік алып, өткенімізді ешкімнен именбей зерттеп, жариялауға қол жеткізген шақта, шет елдердің кітапхана, мұражай-мұрағаттарында сақталып қалған осы жазба ескерткіштер қолға түспейтін асыл қазына болып отыр.

**Әдіснама.** Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерін зерттеу әдісінің көптеген аспектілері бар. Оның бастыларының бірі – қазақ тілінің,

мәдениетінің тарихи тамырларын, құндылықтарын қазіргі заман талаптарына сай халық кәдесіне жарата алу болып табылады. Бұл жөнінде көрнекті түркітанушы Э. Наджиптиң пікірі мынадай: «Очередная задача казахских ученых поехать в Египет, Турцию, Сирию и изучать неизвестные нам тюркоязычные рукописи, которые созданы их предками и хранятся в большом количестве как в государственных, так и в частных библиотеках и архивах» [7, 83]. Сондықтан да мақала барысында біздің алдымыздағы көрнекті түркітанушы ғалымдардың зерттеу әдістерін иіні мен ретіне қарай пайдаланамыз.

**Нәтижелер.** Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жазба мұраларды Қазақстанда ғылыми айналысқа енгізуге алғашқы мұрындық болғандардың бірі – ірі қыпшақтанушы, ғалым, профессор Ә.Қ. Құрышанұлы «әр жерде, әр кезде айтылып жүрген, әр қилы болжамдардың ішінен біреуін-ақ, бүкіл дүние жүзілік шығыстанушылардың XXII конгресі шешіміне сәйкес (1951 ж.) барлық елдердің тюрколог ғалымдары бірігіп жазған [...] классификацияны негізге алады» [8, 3 б.].

Түркі тілдерінің [...] көне дәуіріне (V-XV ғ.) жататын ескерткіштер сонымен үлкен екі топқа бөлінеді:

I. Көне түркі немесе ежелгі ескі түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар;

II. Орта түркі немесе ескі түркі (орысша «среднетюркский» немесе «старотюркский») тілінде жазылған нұсқалар. **Көне түркі тілінің жазба нұсқалары** деп біз *орхон-енисей ескерткіштерін* айтамыз. **Орта түркі тілінің ескерткіштерін** өз ішінен мынадай төрт топқа бөліп қараймыз: 1)Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 2)Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 3)Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер; 4)Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер [8, 9 б.].

Осының ішіндегі көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер өз ішінен мынадай болып бөлінеді: 1)Куман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Кодекс Куманикус); 2)Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Игорь полкі туралы сөз» (XI ғ.) және т.б.); 3)Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер (Қ.А.Иасауидің «Хикметі» және т.б.); 4)Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Хұсрау мен Шірін», «Мұхаббатнама» және т.б.); 5) Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер («Китаб әл-Идрак...», «Китаб булғат әл-муштақ...» және т.б.); 6) Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер (Каменец-Подольскі жазбалар және т.б.) [8, 3-66 б.].

Жалпы, бұл ескерткіштерді топтастырудың өзінің әртүрлі әдіс-тәсіл мүмкіндіктері бар. «Оларды қайсы жазумен жазылғанына қарай төрт топқа бөлуге болады: 1) готикалық көне шрифтпен жазылған ескерткіш (XIII- XIV ғасырлар); 2) араб әрпімен жазылған мұралар (XI-XIV ғасырлар); 3) армян жазуымен берілген материалдар (XV- XVI ғасырлар); 4) орыс алфавитімен жазылып қалған деректер (XI-XIII ғасырлар);



Қай топтағы ескерткіш болса да, олар басқа халықтардан шыққан авторлардың қолынан туған еңбектер. Тек араб тілінде жазылған кейбір шығармалардың ғана иесі түріктер (мүмкін қыпшақтар) болған [8, 45 б.].

Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекеті арасында әрқашан да байланыс болғанын бас жағында айтып өткеніміздей түркітану ғылымында «ескі қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталатын бұл жадыхаттардың нақты қай жерде жазылғаны да, ғылымда әрқилы тұжырым мен болжамдар бойынша айтылып жүр. Себебі, Алтын Орда мен Мәмлүктер мемлекетінде түзілген жәдігерліктерде олардың кейбірінің авторы белгісіз немесе қай жерде жазылғаны, кім көшіргені бірінде болса бірінде жоқ, қолжазбаларда нақты мәліметтер берілмегендіктен әр қалай болып келеді. Қалай болғанда да Алтын Орда қыпшақтары мен Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері бір-бірімен ауыс-түйіс жатқандықтан көбіне бір бағытта зерттеледі, оларды бөліп-жарып, ажырату қиын, әрі қай жағынан болсын тиімсіз, өнімсіз іс болады. Сондықтан осы кезеңдегі әдеби тілдің қалыптасуы жөнінде ғалымдардың пікірі негізінен бір арнаға саяды. Мысалы, Э.Наджиб: «В XIV веке на территории Золотой Орды, в Средней Азии, в Египте сложились своеобразные смешанные письменные языки и достигла значительного развития литература на этих смешанных языках» [9, 14 б.] – деп, «аралас тілдің негізінде бұл кездегі ескерткіштерді екі салаға бөліп қарайды; з тобына жататын әдеби тілді мұралар мен й тобына жататын әдеби тілді мұралар. Бұл тілдердің екінші тобын қыпша-оғуз тілдері» деп атайды [9, 14 б.].

«Бұл кезең Сарай мен Хорезм, Сырдарияның орта тұсы мен төменгі Еділ аймақтарындағы мәдениет орталықтарында және сонау мәмлүктік Египетте өз шығармаларын орта ғасырлық аралас тілде жазған көптеген ғалымдар мен ақын-жазушылардың өмір сүрген кезеңі еді. Бұл кездегі мұралар тек қана дін ілімі немесе дидактикалық мазмұнды шығармалар емес, сонымен бірге көркем әдебиеттер мен заң және соғыс істері жайлы кітаптар түрінде де кездеседі. Египет пен Алтын Орда территориясында араб-парсы тілдерінен аударылған, күрделі шығармалар да пайда болды» [10, 13 б.].

Ескі дүние ескерткіштері мен қазіргі қыпшақ тілдерін, сонау V-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің тілімен тірі қыпшақ тілдерін өзара жалғастырып, тарихи жағынан жақындастырып тұратын да осы көне қыпшақ тілі. Ескі түркі тілдерінің жаңа түркі тілдеріне қандай жол, қай бағытпен ауысқанын, олардың қалай өзгеріп, қайтіп дамығаны туралы осы ескерткіштер тілі тиісті дәрежеде куәлік бере алады. Ол «Бұрынғы-соңғы қыпшақ тілдерінің өзіндік қасиеттері қалай қалыптасты?» деген мәселеге де жауап беру үшін таптырмайтын құрал. Осы күнгі қыпшақ тілдерінің арғы-бергі тарихын тексеру үшін, олардың Орал-Алтай тілдерімен тіркесетін тарихи қатынасын байқау үшін, ең алдымен, осы қыпшақ заманындағы қалпын біліп алған жөн болады. Бұл тілдердің тарихы, демек, қанша алысқа кетсе де, көне қыпшақ тілінен басталып, соған қайта соғады. Сол үшін де қыпшақ ескерткіштерінің тілін оқып үйрену – бүгінгі таңдағы тіл зерттеушілеріне бағышталған басты міндет.

Біреп сөзбен айтқанда, көне заман ескерткіштерін басты-басты үш топқа бөлген жөн (бұлғар тілдерін қоспағанда): 1) қарлұқ тілдерінің (шығыс тілдерінің) ескерткіштері; 2) оғұз тілдерінің (оңтүстік тілдерінің) ескерткіштері; 3) қыпшақ (солтүстік-батыс) тілдерінің ескерткіштері. Соңғы топ ескерткіштерін: а) әдеби тіл ескерткіштері және ә) «сөйлеу тіл ескерткіштер» деп екі түрге бөлуге болады [11, 28-29 бб.].

Біздің ойымызша, сол сияқты көне қыпшақ жазба мұраларын тақырыбы мен мазмұнына қарай: 1) әдеби көркем шығармалар («Хусрау уа Шірін», «Мұхаббатнаме», «Гүлистан» және т.б.); 2) лингвистикалық, лексикографиялық жазбалар («Китаб әл-Идрак...», «Китаб ат-Тухфа...», және 3) хаттар мен іс-қағаздары – деп үш топқа бөлуге болады. Олардың Қазақстанның түркітану ғылымында а) тек қана аты аталып жүргендер және ә) зерттеу нысанына жиі айналып жүргендер деп бөлсек ара салмағы әр түрлі болып келеді.

**Қорытынды.** Мәмлүктер мемлекетінде жазылған еңбектер ғылыми грамматикалық, лексикографиялық сөздіктер сияқты зерттеулер. Ал, одан басқа XIII-XIV ғасырларда Мәмлүктер мемлекетінде жарық көрген мұралардың қатарында біршама поэтикалық шығармалар, діни немесе философиялық трактаттар кездеседі. Олардың кейбірі осы күнге дейін сақталған да, біразы жоғалып кеткен. Сақталып аман қалғандарының өзі Еуропаның ірі қалаларындағы кітапханалар мен Түркия, Мысыр, Шам, Араб мемлекеттерінің мәдени орталықтары мен кітапхана, мұражай, сарайларында сақтаулы. Сондықтан да, бұл жәдігерліктердің жалпы саны қанша екені әлі нақты анықталған емес. Әйтсе де, осы күні ғылыми ортаға танылып жүрген жадыхаттардың тілі мен тарихынан әдеби, мәдени ерекшеліктерінен диссертациялар қорғалып, халқымыздың тарихи, рухани мұрасына айналуда.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Көпүрүлзаде Ф. Абу Хаян «Китаб аль-идрак». Ыстамбул. 1931.
2. Ал-Азхар, его история и развитие., издательство Бакуфоов, изд-во «аль-Ша'б», Каир, 1964, стр. 219.
3. Амин аль-Холи. Связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV в.в. ИВЛ, 1962 г, стр. 29.
4. Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности XI-XIII в.в. «Вопросы языкознания», М., 1967 г.
5. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. А., 1982.
6. Наджип А.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. ч. I. М., 1979, С.32.
7. Наджип Э. Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. Туркестан, 2004, С. 27.
8. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1971, 53-б.

9. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореф. докт. диссер. М., 1965, С.14.

10. Ибатов А. Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. А., 1974, 13 б.

11. Құрышжанов Ә.Қ. Жұбанов А.Қ. Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. А., 1978, 28-29 б.

### *Рахимова Қаламқас*

#### **«ИРАН ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ АМИР КАБИР РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ»**

*Аннотация.* Автор мақалада XIX ғасыр оқиғаларына тоқталып Иран елінің саяси ахуалына түсініктеме береді. Осы саяси үдерістер нәтижесінде елде туындаған мәселелер мен оқиғаларға тоқталады. Сол кезең оқиғаларының жұлдызы, бүгінгі Иран халқының қаһарманына айналған Амир Кабир реформаларын елдегі зияткерлік өмірге әсеріне тоқталады. Таги-хан реформаларының мәдени тұстарын талдай таратып жазады.

Мақаланың негізгі бөлімінде Таги-хан реформаларының мәдени бағытының негізгі екі саласы білім жүйесі мен баспасөзге тоқталады. Бұл реформалардың зияткерлік ойға әсер ету себебі оның қоғамды түбегейлі өзгерткен жаңашыл іс әрекеттерінде деген қорытынды ұсынады.

Мақаланың ғылыми практикалық маңызы ғылыми зерттеу жұмысының негізгі зерттелетін материалдар аясын толықтырып, мазмұндық құрамына енуінде. Зерттеу жұмысында мақалада алынған қорытындыларды басшылыққа алынатын болады.

**Түйін сөздер:** Иран, «саяси ойын», Амир Кабир, реформа, зиялы қауым, «модернизация», интеллектуалдық қозғалыс.

### *Рахимова Каламкас*

#### **ВЛИЯНИЕ РЕФОРМ АМИРА КАБИРА НА СОЦИАЛЬНО- ПОЛИТИЧЕСКУЮ АКТИВНОСТЬ ИРАНСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ**

*Аннотация.* Автор акцентирует внимание на событиях XIX века и комментирует политическую ситуацию в Иране. Акцентируется внимание на вопросах и событиях, возникших в стране в результате этих политических процессов. Звезда того периода Амир Кабир, герой современного иранского народа, говорил о влиянии реформ на

интеллектуальную жизнь страны. Таги-хан анализирует культурные аспекты реформ.

Основная часть статьи посвящена двум основным направлениям культурного направления реформ Таги-хана: системе образования и печати.

Научно-практическая значимость статьи заключается в том, что она дополняет объем основных материалов исследования и входит в содержание исследовательской работы, на выводы, полученные в статье, будет ориентироваться исследование.

**Ключевые слова:** Иран, «политическая игра», Амир Кабир, реформа, интеллигенция, «модернизация», интеллектуальное движение.

### *Rakhimova Kalamkas*

## **"IMPACT OF AMIR KABIR'S REFORMS ON THE SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF THE IRANIAN INTELLIGENTSIA"**

*Annotation.* The author focuses on the events of the 19th century and comments on the political situation in Iran. Attention is focused on the issues and events that have arisen in the country as a result of these political processes. The star of that period, Amir Kabir, the hero of the modern Iranian people, spoke about the impact of reforms on the intellectual life of the country. Tagi Khan analyzes the cultural aspects of the reforms.

The main part of the article is devoted to two main areas of the cultural direction of Tagi Khan's reforms: the education system and the press.

The scientific and practical significance of the article lies in the fact that it complements the scope of the main research materials and is included in the content of the research work; the research will focus on the conclusions obtained in the article.

**Key words:** Iran, "political game", Amir Kabir, reform, intelligentsia, "modernization", intellectual movement.

### **Кіріспе**

XIX ғасырдың басында әлемге әйгілі ұлы империя толығымен шетелдік державаларға тәуелді болды. Ресей мен Ұлыбритания бақылауына өткен Парсы елі қолайсыз ауыр келісім жасады. Халық қайыршылыққа түсті, мәдениет ұмыт бола бастады. Дегенмен, Иран тарих сахнасында геосаясаттың маңызды ойыншысы болып қала берді. Иран тарихында 19 ғасыр қыспағы көп аумалы төкпелі ғасыр болды.

Сыртқы күштердің отаршыл саясаты мемлекет ішіндегі патриоттық күштер арасында анти-империалистік көңіл-күйдің үдеуіне ықпал етті. Наразылықтар шиеленісі тек қала мен ауыл еңбекшілерін ғана емес, сонымен бірге жаңа пайда болған ұлттық буржуазияны да қамтыды. Иран елі федалдық арта қалған жүйеден жаңа капиталистік қатынастарға қарай алғашқы қадамын жасай бастаған еді.

Бұл кезең батыс мәдениетінің ықпалы, «батыстану» лебі келе бастаған кез болды. Иран елінің әлемдік жаңғыру көшіне ілесуі қоғамға ұлы өзгерістер әкелген өтпелі кезең. XIX ғасырда Иран қоғамы қазіргі батыс әлемімен көптеген қолайсыз оқиғалар мен құбылыстармен бетпе-бет келу барысында танысқандықтан қорқыныш пен үреймен қатар жүрді [1].

Екінші жағынан, елде діни-ұлтшыл сипаттағы ағым басымдылыққа ие бола бастады. Осындай кезеңде Иран зиялыларының ағартушылық бастамалары дүниеге келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында батыстық білім алған жастар елдің түрлі саласында қызмет атқара бастады. Олар Иран қоғамның артта қалғанын сынға алып, елдегі саяси жүйені өзгерту деген тұжырымдар ұсына бастайды. Осылайша елде ағартушылық қозғалыс дүниеге келді. Бұл қозғалыс және оның ой тастаушы зиялылары, елдегі «жаңғыру» үдерісінің қозғаушы күшіне айналды. Осы қозғалыстарға негізгі қозғаушы күш берген атақты реформатор амир Кабир реформасы болды. Осы аңызға айналған тұлғаның реформасының негізі нені құрады, Иран зиялыларының эволюциясына қалай әсер етті деген сұраққа жауап іздеп көрмекпіз. Олар елдегі «жаңғыру» үдерісінің пионерлері болды. Осы кезең оқиғаларын, Иран зиялыларының әлеуметтік-саяси белсенділігінің эволюциясын зерттеу, талдау ғылыми әдістемелік сараптама жасау біз мақсат еткен жұмыс міндеттеріне кіреді.

Жалпы алғанда Ресей және жақын шетел ғалымдары арасында Әмір Кабир реформасы жіті зерттеле қоймаған. Ол туралы қарастырған тек д. Анаркұлованың еңбегін ғана тай аламыз. Бірақ ағылшын және Иран ғалымдары бірқатар еңбектер жазған. Акбар Хашеми Рафсанжанидің "Әмір-е Кабир йа Кахраман-Е мобарез-Е ба әстемар " және Аббас Эгбальдың "Мырза Таги-хан Әмір-е Кабир" монографиялары, Феридун Адамийаттың "Амир-Е Кабир ва Иран", Хосейн Маккидің "Зендагани-йе мирза Таги хан Амир-Е Кабир" қайта басылды. Осы жұмыстардың авторлары көп жағдайда саяси және мемлекеттік қайраткерлер болғандықтан жұмыстың әлеуметтік бояуына әсер еткен. Авторлардың біржақты, таптық ұстанымдары тұрғысынан зерттеледі, олар сонымен қатар әдіснамалық сәйкессіздікпен, әлсіз дәлелмен, ағылшын және американдық тарихнамаға шамадан тыс тәуелділікпен сипатталады. Олар Мирзаның қызметін анықтауда қателіктер мен бұрмаланулар жасайды.

### **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Жұмыстың мақсаты: XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың 1-жартысындағы Иранның зияткерлік өміріне негіз болған тұлға Амир Кабир мен оның реформасының маңызын ашу;

Міндеттері: 1) осы тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді зерделеу; 3) қарастырылған мәселеге қатысты жалпы қорытынды жасау.

### **Зерттеудің теориясы мен әдіснамасы**

Зерттеу жұмысында негізінен сапалық әдістер анализ, синтез, тарихнамалық тарихи салыстырмалық әдісі секілді әдістер мен тәсілдер қолданылды.

Амр Кабир «реформасы» секілді тарихнамалық еңбектерді зерттегенде негізінен салыстырмалы-салғастырмалы әдіс қолданылды.

Сондай-ақ, синтездеу әдісі арқылы Амир Кабир реформасына талдау жасалады.

### **Нәтижелер және талдаулар**

Иран интеллигенциясының саяси-әлеуметтік эволюциясы туралы мәселені зерттеу өз кезегінде өзекті мәселелердің бірі. Себебі жаңа Қазақстанды қайта құрып жатқан бүгінгі таңда көрші елдерде мұндай өзгерістер қалай жүрді, ондағы қозғаушы күш интеллигенцияның әсері қалай болды зерттелуі тиіс мәселе. Бұл кезең мәселелерін көп зерттеген ғалымдар баршылық, әр түрлі қырынан қарастырған. Дегенмен біз қарастырып отырған тұрғыдан қарастырғандар аз болды. Олардың көпшілігі мұндай діни және консервативті мемлекетте «модернизация», егер мұндай терминді қолдану мүмкін болса, тек жоғарыдан, Шах басшылығының тарапынан мүмкін болады деген пікірге келді. Шынында да, жоғарыдан мемлекетті реформалау әрекетін елдің білімді адамдарының бірі, Иранның премьер-Министрі Мұхаммед Таги хан, Насер-эд-Дин шахтың сарайында жүзеге асыруға тырысты. [2, 160 б.].

Ал, 19 ғасырдың соңындағы елдегі зиялы қауым яғни, Иран зиялыларының екінші буыны, барлығына дерлік шетелдерде батыстық білім алған болатын.

Елде ғасыр басында бастау алған ағартушылық идеяларының нәтижесінде интеллектуалдық қозғалыс дүниеге келді. Бұл қозғалыс және оның ой тастаушы зиялылары, елдегі «жаңғыру» үдерісінің қозғаушы күшіне айналды. Осы жоғарыда айтып, кеткен «жаңғыру» үдерісінің пионерлері ретінде Амир Кабир, Мырза Мелком хан секілді тұлғаларды атауға болды. Бұл кезеңді жан-жақты зерттеген ғалым Д.М. Анаркулова, Таги-хан билігінің қысқа мерзімділігі мен реформаларының сәтсіздігіне қарамастан, қарастырылып отырған кезеңдегі Иранның әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеуде және қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы тұрғысынан үлкен маңызға ие екенін атап көрсетеді. Реформаларға енгізілген идеялар Иранда қоғамдық қозғалыстың дамуына үлкен әсер еткенін атап көрсетеді [2, 160 б.]. Расында, Амир Кабирдің өмірін атқарған қызметтерін зерттеу өте үлкен қызығушылық тудырады.

Осы себептенде Иран зиялыларының әлеуметтік-саяси белсенділігінің эволюциясын зерттемес бұрын оның негізінде жатқан озық ойлар мен идеялардың қозғаушы күші болағн тұлға Амир Кабирдің қызметіне және жүргізген реформасының мәдени бағыттарын, зиялылар қозғалысына қалай әсер еткеніне тоқталу маңызды.

Мирза Мохаммад Тагихан Фарахани, 1807 жылы Хазавехте дүниеге келген, Амир Кабир деген атпен белгілі, Иранның Премьер-министрлерінің бірі болған.

Амир Кабир, Иран тарихының теңдессіз жұлдызы, Иран халқының тәуелсіздігіне, бостандығы мен беделіне деген терең құштарлығы, бар

болмысымен жаңаруды аңсайтын реформаторлық рух, тәуелсіздікті жақсы көретін саясаткер және билеуші өз елінің дамуына үлес қосуға жанын салды. Ол ел істеріне өзге елдердің араласуын шектеу мақсатында «ұлт» және «отан» сөздерін бүгінгі мағынасында қолдануы оның жаңашыл ойларының тереңде екенін көрсетеді [3,3 б].

XIX ғасырдың басында Иранның шетелдік державалармен байланыстардың кеңеюімен экономикалық және қоғамдық-саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге мәдениет саласының да артта қалуы анық байқалды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында шетелдік мәдениет пен білім-ғылым жаңалықтарының елге ене бастауына байланысты елде басталған экономикалық және әлеуметтік өзгерістерден кейін мәдени өмірде де алғашқы өзгерістер сезіле бастады. Ел жастары іріктеліп шет елдерге оқуға жіберіліп, шет елдерден білікті мамандар шақырылды.

Олардың ішіндегі ең маңыздылары XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында пайда болған баспа және литографияның таралуы болды. Иранның бұл алғашқы баспаханаларын ұйымдастыру Абул - Касем Ферахани және Ханзада Аббас-Мирза есімдерімен тығыз байланысты болды. Олардың бастамасы бойынша айтып кеткеніміздей, баспа ісін оқыту үшін жас қабілетті ирандықтар Батыс Еуропаға жіберілді. Сонымен қатар, Иранға бірнеше шетелдік шеберлер шақырылып, көп ұзамай Тебризде және Тегеранда типографиялар құрылды - литографиялық және теру істері басталды. Олардан француз, ағылшын тілдерінен аударылған тарихи шығармалар, сондай-ақ парсы және араб тілдеріндегі бірқатар кітаптар жарық көрді. Бұл мәдени артта қалуды жеңудің алғашқы қадамдары болды.

Еуропа елдеріндегі мәдени-жетістіктерден хабары бар офицерлер, әскери және азаматтық инженерлер, шенеуніктер, дәрігерлер және зайырлы білім алған, еуропалық тілдерді білетін, жаңа батыс елдеріндегі ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерді игерген және оларды Иранда қолдана алатын мамандарға қажеттілік күннен күнге арта түсті.

Жалпы Таги хан реформаларының негізгі қозғаушысы шетелдік державалардың елге енуі және халықаралық қатынастардың дамуы болды. Олар өз дәрежесінде Иранға мәдени де ықпал ете бастады. Таги-ханның Ресейдің ағарту жүйесімен және Түрік «танзиматымен» таныс болуы елдегі реформаға үлкен ықпал еткенін көруге болады. Мысалға: жазба әдеби тілді қарапайымдату, ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиеттерді аудару, мемлекеттік аурухан салу, екпе ісін жандардырудың қолға алынуын атап айтуға болады.

Таги-хан билігі тұсында жаңа зайырлы білім беру жүйесі қалыптаса бастады. Оған дейін Иранда білім беру ісі дәстүрлі мұсылмандық жүйеде болған. Ол ескі екі типті мектептер: «мактаб» және «медресе» болды. Мырзаның кезінде жалпы білім беретін орта мектептер құру үшін алғашқы қадамдар жасалды. Еуропалық үлгідегі армия құруды арманын зайырлы мектеп идеясымен біріктірген Таги-ханның ең ірі және маңызды

жобаларының бірі Тегерандағы еуропалық типтегі алғашқы зайырлы Иран университетін құру болды, ол Дар-оль-Фонун (білім үйі) деп аталды және қазіргі ғылым мен техникамен таныс басқарушы кадрларды даярлауға арналған. «Дар-оль-фонун» негізінен әскери мектеб болып ашылады. Ол зайырлы білім алған әскерлер дайындауға бағытталды. Себебі, діни мектептерде дайындалған кадрлар заман талабына, қоғам қажеттілігіне жауап бере алмайтын еді [6, 242 б.]. Осылайша жаңа үлгідегі әскери оқу орны, әрі ғылым ордасы дүниеге келді.

Зерттеуші Анарқұлованың айтуынша бұл білім ордасының, әскери бөлімінің жұмысына тікелей австриялық әскери тәлімгер нұсқаушылар көмек бергені құжаттарда көрсетілген. Бұл ғылым ордасының тәжірибесі бүкіл елде зайырлы білім беру идеясының өріс алуына бастау болды. Алайда, зайырлы білім орындарын, мектептерді дамыту ісінің ең үлкен қиындығы ол білімді адамдардың тапшылығы болды. Осы себептен Ресейге және батыс Еуропаға біршама Иран жастары жіберілді. Олардың басты міндеті өндірістің түрлі саласын, техникалық жетістіктерді меңгеру, батыс ғылымы мен мәдениетінің озық үлгілерін меңгеру болды. Осылайша 19 ғасырдың соңында «Дар-оль-фанунда» шет елдік тәлімгерлер мен қатар ирандық ұстаздарда пайда бола бастады. Сол ұстаздар арасында озық ойлы жаңа қалыптасып келе жатқан зиялы қауым өкілдері, арифметика мен геометрияны меңгерген Мальком-хан ; Араб парсы әдебиеті пәні мұғалімі Мохаммед Салех Ширази, т.б да болды. Оқу үдерісінің қажеттілігіне байланысты «дар-оль-фрнунда» арнайы ғылыми және техникалық оқулықтарға сұраныс артты. Осы себептен, оқу құралдарын құрастыру ісін қолға алу шаралары жүргізілді. 1851 жылы Мирза Таги -анның нұсқауымен алғашқы оқулық "Назам-е Насери" ("Насерова книга о военном строе") жарық көреді [2, 160 б.].

Сонымен қаттар Амир Кабирдің Иран мәдениетіне үлкен үлес қосқан, екінші ірі ісі – парсы тілді ақпарат таратушысы ретінде, елдің мәдени дамуына үлес қосқан «Рузнаме- йе вакайе-йе эттефаки-е» газетін шығаруы болды. Ол шығып келе жатқан күн сәулесінің алдында тұрған арыстан белгісімен көмкерілді. Оның бірінші нөмірі 1851 жылдың 7 ақпанында "Рузнамейе ахбар-е дар-аль-халави-е Техран" деген атпен жарық көреді. Қалған соңғы он жылында «Рузнаме- йе вакайе-йе эттефаки-е» атымен шығып тұрған. Газет 1911 жылға дейін жарық көріп отырған. 1860-1861 жылдар арлығында "Рузнаме-йе доувлати-йе али-йе Иран", 1864 және 1868 жылдарда "Рузнаме-йо Иран" ("Газета Ирана"), 1905- 1911жылдардағы революция кезеңінде "Рузнаме-йе расми-йе Иран" атымен жарық көріп отырған[4, 145 б.].

Бұл газет қоғамды барлық болып жатқан өзгерістермен таныстырып, жаңа қоғамның дамуына зиялы қамның жаңа деңгейге көтерілуіне себепшісіне айналады. Газет Таги Хан үшін реформаторлық идеяларды насихаттаудың трибунасы болғаны сөзсіз. Газет арқылы Таги хан көп нәрсені насихаттап, қорғап көпшіліктің назарына ұсынып отырған. Бұның өзі Таги-



хан реформасының жаңа қоғам құруда жаңа зиялы ортаны қалыптастыруға ықпал еткені анық.Иранда бұл кезде бұдан өзге біршама мемлекеттік және басқа да газеттер жарық көрді. Дегенмен, Таги-хан бұл газет арқылы өз реформасының мүддесін қорғауға, зиялы қауымға, ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал етті. Жаңашыл қайраткер ретінде оның жасаған бұл қадамдары ежелден келе жатқан дәстүршіл, діни қоғам үшін батылдықты болды.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, оның ішкі реформалары мәдениетті көтеруге, құлдырып тұрған ел экономикасын реттеуге және елдің саясатын жандандыруға, дінді жандандыруға және әділеттілікті бүкіл қоғам деңгейіне таратуға, шетелдіктер мен отарлаушылардың енуін азайтуға бағытталды. Сонымен қатар, Тәуелсіздік пен елдің жерінің тұтастығын сақтап қалуға, кедейлікті жоюға бағытталған қадамдар болды. Оның үш жылдан астам уақыт бойы премьер-министр ретінде атқарған бұл әрекеттерінің барлығы таң қалдырады. Премьер-министр ретінде аз уақыт ішінде Амир Кабир көптеген бастамалар жасады, соның ішінде: білім ордасы «Дар-ол-фонунның» негізін қалады, жаңа ғылыми мәтіндер шығарды, жаңа салаларды насихаттады, ирандықтарды Иранда оқуға шақырды. Жастарды оқытуға шетелге жіберді, аударма ісі дамытты және жаңа ғылыми еңбектерді шығарды, журналдар, кітаптар шығарды. Иран өмірінің барлық салаларына енген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, елдің экономикалық әлеуетін нығайту, тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы мен ирригацияны кеңейту, ішкі және сыртқы сауданы дамыту, ел істеріндегі шетелдік әсерді азайту, сыртқы саясаттағы нақты саяси бағытты анықтау, қаржылық істерді реформалау және бюджетті түзету, елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайту, армияны қайта құру, қару-жарақ зауыттарын құру, Сот жүйесін реформалау, Курьерлік қызмет, аурухана және т.б. Осының бәрін жүзеге асырған зиялы қауым болды.

Иран зиялылары Амир Кабир реформаларын жүзеге асырып қана қоймады, олар батыс мәдениетін қабылдап, қоғамдағы жаңа идеяны алға апарушы жаңа үн қосушы күш болды. Оған біз сол кездегі кездегі «Адамият» қоғамын құрған жасампаз қозғалыс мүшелерінің жоғарыға ұсынған жарқын ойлары дәлел. Амир Кабир реформасы сәтсіздікке ұшпағанмен, оның себебін анықтауға тырысып, жаңа жол іздеген зиялы қауым қозғалысы тоқтамады. Әмір Кабир реформасы сәтсіз болғанымен тарихта терең із қалдырған жарқыын кезең болды. Реформаларға енгізілген идеялар елдегі әлеуметтік ойдың дамуына үлкен әсер етті. Оның жемісі 1905-1911 жылдардағы төңкерісте нақты көрініс алдыдеп есептеуге болады. Ендеше Иран зиялыларының зиялы ойлығының саяси-әлеуметтік эволюциясының бір тармағы Әмір реформасында жатқаны анық.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1. Аль-Джанаби Майсем Мухаммед.Идейные процессы в Иране  
file:///C:/Users/Администратор/Desktop/stanovlenie-natsii-i-puti-natsionalizma-

v-irane.pdf [Электронный ресурс] – Режим доступа: (дата обращения: 03.06.2022).

2. Анаркулова Д.М. Социально-политическая борьба в Иране в середине XIX в. – М.: Наука, 1983. – 160 с.

3. Галкина Е.А. Становление нации и пути национализма в Иране // Вестник Рязанского государственного университета им. С.А. Есенина. – 2011. – Вып. 32. – С. 81–97.

4. Габриэльян С.И. Иранские просветители и их программа преобразований в Персии во второй половине XIX века. //Международный научно-исследовательский журнал.- 2019. –№ 11-2 (89). – 145-148 с

5. Кермани, Назем оль-эслам. Тарих-е бидари-йе ираниян (История пробуждения иранцев). Тегеран: Амир Кабир, 1363 (1984). Т. 5. С.272.

6. Сеидов Р.А. Иранская буржуазия в конце XIX - начале XX в. [Текст] : (Нач. этап. формирования) / АН СССР. Ин-т востоковедения. АН АзССР. Ин-т народов Ближ. и Сред. Востока. – М: Наука, 1974. - 245 с. 22. Маркс К., Энг

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР/ СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ/ INFORMATION ABOUT AUTHORS**

№	Қаз.	Рус.	Англ.
1.	<b>Аманжолова Дина</b> – Тарих ғылымдарының докторы, РҒА РТИ бас ғылыми қызметкері, Мәскеу, Ресей	<b>Аманжолова Дина</b> – Доктор исторических наук, главный научный сотрудник ИРИ РАН, Москва, Россия	<b>Amanzholova Dina</b> – Doctor of History, Chief Researcher, IRI RAS, Moscow, Russia
2.	<b>Әбиденқызы Айнұр</b> – PhD, Қытай филология кафедрасының доценті, филология факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	<b>Абиденқызы Айнур</b> – PhD, доцент кафедры китайской филологии, факультет филологии Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.	<b>Abidenkyzy Ainur</b> – PhD, associate professor of the Department of Chinese philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
3.	<b>Дүйсенов Бағдат</b> – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан	<b>Дюсенов Бағдат</b> – PhD докторант Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан	<b>Dyussenov Bagdat</b> – PhD doctoral student R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
4.	<b>Др. Кайхы. Айсин Джиоро</b> – Философия докторы, Ризумейкан университетінің Кинугаса зерттеу орталығының шақырылған-қосымша зерттеушісі, Жапония	<b>Др. Кайхы. Айсин Джиоро</b> - Доктор философии, приглашенный исследователь-совместитель Исследовательского центра Кинугаса Университета Рицумейкан, Япония	<b>Dr. Kaihe AisinGioro</b> – Doctor of Philosophy. Visiting Collaborative Researcher of Kinugasa Research Center, Ritsumeikan University, Japan
5.	<b>Жиренов Асқар</b> – «Ғылым Ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан	<b>Жиренов Асқар</b> – Научный сотрудник музея редких книг РГП «Ғылым ордасы», Алматы, Казахстан	<b>Zhirenov Askar</b> – Researcher at the Museum of Rare Books, RSE «Gylym Ordasy», Almaty, Kazakhstan
6.	<b>Идрышева Жазира</b> – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы, Қазақстан	<b>Идрышева Жазира</b> – кандидат исторических наук, доцент кафедры международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби	<b>Ydrysheva Zhazira</b> – al-Farabi Kazakh National University, Department of international relations and world economy, candidate of historical sciences, associate professor, Almaty, Kazakhstan
7.	<b>Кабдугалиев Арыспай</b> – элеуметтік ғылымдар магистрі (саясаттану), Еуразиялық халықаралық зерттеулер қауымдастығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	<b>Кабдугалиев Арыспай</b> – магистр социальных наук (политология), Евразийская ассоциация международных исследований, Нур-Султан, Казахстан	<b>Kabdugaliyev Aryspay</b> – Master of Social Sciences (Political Science), Eurasian Association for International Studies, Nur-Sultan, Kazakhstan

8.	<b>Карипжанов Нурбек</b> – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің 1 курс докторанты, Алматы, Қазақстан	<b>Карипжанов Нурбек</b> – докторант 1 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан	<b>Karipzhanov Nurbek</b> – Doctoral student of the 1st course of KazNPU named after. Abay, Almaty, Kazakhstan
9.	<b>Керімбаев Ержан</b> – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Шығыстану факультеті, Қытайтану кафедрасы, Алматы, Қазақстан	<b>Керимбаев Ержан</b> – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Факультет востоковедения, Кафедра китаеведения, Алматы, Казахстан	<b>Kerimbayev Erzhan</b> – PhD, Al-Farabi Kazakh National University Faculty of Oriental Studies, Department of Chinese Studies Almaty, Kazakhstan
10.	<b>Кожирова Светлана</b> – саяси ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан,	<b>Кожирова Светлана</b> – доктор политических наук, профессор, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.	<b>Svetlana Kozhirova</b> - Doctor of Political Science, Professor, R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.
11.	<b>Көмеков Болат</b> – ҚР ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Алматы, Қазақстан	<b>Кумеков Болат</b> – академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан	<b>Kumekov Bolat</b> – Academician of the National Academy of Sciences of the RK, Director of the International Institute of Kipchak Studies of Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
12.	<b>Көмекова Райхан</b> – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қыпшақтану институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.	<b>Кумекова Райхан</b> – научный сотрудник Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени ал-Фараби, Алматы, Казахстан	<b>Kumekova Raikhan</b> – Researcher of the International Institute of Kipchak Studies Kazakh National University al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
13.	<b>Масабаев Қанат</b> – Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының стратегиялық даму және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары., Алматы, Қазақстан	<b>Масабаев Канат</b> – заместитель генерального директора по стратегическому развитию и международным связям Института востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан	<b>Massabayev Kanat</b> – Deputy General Director for strategic development and international relations of the R. B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
14.	<b>Мәсімханұлы Дүкен</b> – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы, Қазақстан	<b>Масимханұлы Дүкен</b> – Генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, доктор филологических наук, профессор, Алматы, Казахстан	<b>Massimkhanuly Duken</b> – Director General R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Doctor of Philological Sciences, Professor, Almaty, Kazakhstan

15.	<b>Мырзалы Тогжан</b> – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1 курс магистрі, Алматы, Қазақстан	<b>Мырзалы Тогжан</b> – Магистр 1 курса КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан	<b>Mirzaly Togzhan</b> – Master of the 1st course KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan
16.	<b>Рахимова Қаламқас</b> – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан	<b>Рахимова Каламқас</b> – Докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан	<b>Rakhimova Kalamkas</b> – Doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
17.	<b>Салтакова Жанат</b> – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы. Қазақстан	<b>Салтакова Жанат</b> – Научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова, Алматы, Казахстан	<b>Saltakova Zhanat</b> – Researcher, M.O. Aueзов Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
18.	<b>Сарқытқан Қастер</b> - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, география ғылымдарының кандидаты, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері Алматы, Қазақстан	<b>Сарқытқан Қастер</b> – профессор Казахского национального педогогического университета имени Абая, кандидат географических наук, ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова Алматы, Казахстан	<b>Sarkytkan Kaster</b> – professor of Abay KazNPU, candidate of geographical sciences./ Leading Researcher at the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies Almaty, Kazakhstan
19.	<b>Тұрсын Рахат</b> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Халықаралық қатынастар» факультетінің магистрі, Алматы, Қазақстан	<b>Тұрсын Рахат</b> – Магистр факультета «Международных отношений» Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан	<b>Tursyn Rakhat</b> – Master's degree in international relations of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan